Қорытындылай келе, кеңестік дәуірде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы республиканың халық шаруашылығының дамуы, оның ерекшеліктері мен қиындықтары, басқа да өзекті мәселелері көптеген арнайы зерттеу жұмыстарында, ұжымдық еңбектерде, майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің естеліктерінде кеңінен қарастырылды. Дегенмен әлі де көп мәселені зерттеп, ой елегінен қайта өткізу қажет. Соғыс кезінде және соғыстан кейінгі біраз уақыт аралығында елдің дамуына қатысты көптеген құжаттар асқан құпиялықта ұсталып келді, соған орай ендігі міндет сол құжаттар мен материалдарды

ғылыми айналымға кеңінен енгізу болып табылады. Сонымен қатар осы тұрғыда қазіргі қорытындылар мен тұжырымдарды қайта қарау, оларды өткен кезеңнің идеологиялық қалыптарынан, дәл сондай ақ бүгінгі таңдағы жалған идеологиялық бояулардан тазарту қажеттігі де өздігінен туындайды.

Егемен Қазақстан жағдайында кеңестік кезең тарихнамасының мәселелерін, оның ішінде Ұлы Отан соғысы тақырыбын да үлкен ықыласпен қарастыруда. Республиканың соғыс жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси даму мәселелері әлі талай зерттеушілердің зерттеу пәніне айналары анық.

### Әдебиеттер тізімі

1. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде. — Алматы: Ғылым, 1985. — 320 б.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): Бес томдық. — 4-т. / Ред. Қ.С.Алдажұманов, Ж.Б.Әбілғожин және т.б. — Алматы: Атамұра, 2010. — 752 б.
3. Нусупбеков А. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза (июнь 1941–1945 гг.) / История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. — 2-е изд., исправл. и доп. / Под ред. М.Абдыкальковой, А.Панкратовой. — Алма-Ата, 1949. — Т. 2. — 671 с.; Мамыбаев О. Дружба, испытанная в боях за Родину. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1955. — 235 с.; Абишев Г. Работа партии большевиков по воспитанию чувства советского патриотизма у бойцов-казахов в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). — Алма-Ата: Казгосиздат, 1950. — 341 с.
4. Советский тыл в первый период Великой Отечественной войны. — М.: Наука, — 1988. — 422 с.
5. Басин В.Я. Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной войне (исторический очерк). — Алма-Ата: Наука, 1965. — 234 с.; Пинегина Л.А., Федюкин С.А. Дзезказган — город меди. Исторический очерк. — Алма-Ата: Наука, 1965. — 245 с.
6. Оразов К.Ю. Рабочий класс Казахстана в Великой Отечественной войне. — Алма-Ата: Наука, 1975. — 175 с.; Михайлов Ф.К. Профессионально-техническое образование в Казахстане. — М.: Труд. резервы, 1962. — 245 с.
7. Нурбекова Г. Женщины Казахстана — фронту (Трудовые подвиги женщин в промышленности Казахстана в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.). — 2-е изд., перераб. и доп. — Алма-Ата: Казахстан, 1988. — 342 с.; Козыбаев М., Рахматуллин Б. Равнение на коммунистов: Комсомол Казахстана в годы Великой Отечественной войны. — Алма-Ата: Казахстан, 1971. — 431 с.
8. Шаукенбаев Т. Экономика нефтяной промышленности Казахстана. — Алма-Ата: Казахстан, 1974. — 167 с.; Балақаев Т.Б. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны. — Алма-Ата: Казахстан, 1971. — 351 с.; Каймолдин С. Советы Казахстана в годы Великой Отечественной войны. — Алма-Ата: Казахстан, 1969. — 176 с.
9. ҚР ОММ. — 1567-қ. Т. 2. 58-іс. 5-пп.
10. Чинчиков А.М. Историография трудового подвига советского крестьянства (1941–1976). — Саратов: Изд-во Сарат. ун-та, 1977.
11. 40 лет Великой Победы: Сб. ст. / Под общ. ред. П.Н.Федосеева. — М.: Наука, 1987. — С. 299.
12. Майгаранова К. Трудовые подвиги комсомольцев и молодежи железных дорог Казахстана в Отечественной войне 1941–1945 гг.: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Алма-Ата, 1976. — 27 с.
13. Мирзалиева Р.М. Железнодорожный транспорт Казахстана в годы Великой Отечественной войны: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Алма-Ата, 1990. — 30 с.
14. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне Советского Союза (1941–1945). — Алма-Ата, 1960. — 360 с.
15. Утешов С.К. Роль перебазируемых промышленных предприятий в превращении Казахстана в арсенал Великой Отечественной войны (1941–1945): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Алма-Ата, 1960. — 34 с.
16. Ешпанов В.С. К вопросу об историографии истории Оренбургской железной дороги в годы Великой Отечественной войны // Отан тарихы. — 2008. — № 1. — С. 164–175.
17. Карагандинская область в годы Великой Отечественной войны: Сб. документов и материалов. — Караганда, 2010. — 252 с.
18. Козыбаев М.К. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). — Алма-Ата: Казахстан, 1964. — 265 с.
19. Козыбаев М.К. Казахстан — арсенал фронта. — Алма-Ата: Казахстан, 1970. — С. 318.
20. Шаукенбаев Т. Урало-Эмбинский нефтеносный район. — Алма-Ата: КазГИС, 1958. — 231 с.; Шаукенбаев Т. Экономика нефтяной промышленности Казахстана. — Алма-Ата: Казахстан, 1974. — 167 с.; Мұхитов Қ.С. Ұлы Отан соғысы қарсаңы мен соғыс жылдарындағы Қазақстан мұнай өнеркәсібінің даму тарихы (1938–1945 жж.). — Алматы: Жеті жарғы, 2000. — 175 б.
21. Чуланов Г. Промышленность Казахстана за годы Советской власти. — Алма-Ата: КазГИС, 1951. — 342 с.



## Отырар өркениетінің заттық және рухани мәдениеті

Жұмашова А.А.

*Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі, Шымкент*

В статье рассматриваются исследования, касающиеся материальной и духовной культуры древнего и средневекового Отрара. Отрарская цивилизация показана на основе трудов ученых-энциклопедистов во главе с Абу Наср аль-Фараби, наследия поэтов-жырау, музыкантов-композиторов, исследований средневековых городищ и поселений, остатков оросительных систем оазиса Отрара. Автор повествует о памятниках материально-бытовой культуры, характерных для времени от основания городищ и до их полного исчезновения, о культуре, которая вошла в археологическую науку под названием «Отрарско-Каратауская культура».

This article concerns the research of spirit and material cultures of an ancient Otrar. There were observed the basis of Otrar civilization which had its own place in the world civilization, became the studies and art of scientists, encyclopedists headed Abu Nasr al-Farabi, poets-zhyraus, musicians and composers. And concerns the research of the medieval towns and settlements, remains of water supply system of Otrar oasis, found monuments of material culture characterized the from remote time until its end. The author concerns the culture which entered into the science archaeology with the name «Otrar-Karatau culture».

Ежелгі заманнан-ақ Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өткен Ұлы Жібек Жолы арқылы Үнді, Қытай, Византия, тағы басқа мемлекеттермен үнемі ғылыми, мәдени, экономикалық, дипломатиялық байланыста болып, қалаларында ғылым мен мәдениеті, сауда өндірісі, далаларында егін, мал шаруашылығы қатар дамыған, қазақтың ұлт болып қалыптасқан алтын бесігі, отырықшы мәдениеттің ошағы, алғашқы адамдардың тұрағы, әлемдік мәдениеттің ірі орталықтарының бірі, дүниеде тендесі жоқ ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің туылған жері, Қ.А.Иассаuidің ұлы ұстазы, бабтардың бабы Арыстанбабтың, Орта Азияны билеген ұлы Әмірші Әмір Темірдің Алла аманатын тапсырған жері, Отырар алдымен араб пен монғол шапқыншылығына, содан кейін Қазақ хандығымен Әбілхайыр әулетінің Мауреннахр билеушілерінің Сыр бойы үшін болған өзара қырқысына, жоңғар шапқыншылығына ұшырап, ақыры Отырар суландыру жүйесі талқандалып, Отырар кітапханасы жойылып, Ұлы Жібек Жолындағы қатынас үзіліп, өндіріс тоқтап, қалалары құм басқан төбелерге, далалары шөлейтті аймаққа айналды.

Орыс, қазақ деректеріне қарағанда, Отырар қаласының соңғы тұрғындары оны XVIII ғ. орта тұсында тастап, Түркістан, Шілік, Шымкент жағына көшіп кеткен.

Бірақ Отырар тарихқа Отырар өркениеті деген атпен еніп [1; 5], қазақ еліне оның ежелден-ақ қалыптасқан мемлекеті мен саяси хал-ахуалының белгісі ғылым мен мәдениеттің жалғасы болған Отырарда қатар қанат жайған мәңгі өшпейтін адамзаттың заттық және рухани асыл мұраларын қалдырды.

Отырар жайында көне грек оқымыстысы Птолемей, араб пен парсының түркінің жиһан кезген атақты географтары, шежіреші-тарихшылары Әбу Исхақ Ибрахим әл-Истахри (899–952 жж.), Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бируни (X–XI ғғ.), Шамсад-Дин Әбу Абд Алла Мұхаммед әл-Макдиси (X ғ.), Якут әл-Хамауи, Әбу Джағхар Мұхаммад ат-Табари (923 ж.), Из-ад-Дин Әбу-Хасан Әбу ибн әл-Асир (1161–1234 жж.), Фазлалла Рашид ад-Дин (1247–1318 жж.), Әли-ад-Дин Ата Малик Жуаини (1226–1283 жж.), Мұхаммед ибн Ахмед әл-Насауи (1245 ж.), тағы басқалар картаға түсіріп, тарихи деректер жазып қалдырды.

Ал біздің заманымызда Отырар тарихын В.В.Бартольд, А.К.Кларе, А.А.Черкасов, Е.И.Агеева, А.Н.Бернштам, Г.И.Пацевич, Ә.Марғұлан, А.Машанов, К.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович, А.Әлімов, А.Алтаев, Ә.Жәнібеков, Ә.Дербісалиев, А.Жұмашов, М.Қожаев, тағы басқалар зерттеді. Сондай-ақ әдебиет тарихында Д.Досжанов, Х.Әдібаев, О.Сүлейменов, М.Шаханов Отырар тарихы жайлы қалам тартты.

Жоғарыда аталған зерттеушілердің ішінде Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясына қатысқан А.Н.Бернштам, Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич (1947–1951), К.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович (1969–1992) қазақ зиялыларының арасында «Дала археологы», «Музей адам» деген лақап аттармен белгілі болған отырарлық өлкетенушылар А.Әлімов, А.Алтаев, тағы басқа археолог-ғалымдар Отырар алқабындағы қалалардың өмір сүре бастаған алғашқы жылдарынан бастап XVIII ғ.

дейінгі заттық-тұрмыстық мәдениеттің ескерткіштерін тауып, ғылымға «Отырар-Қаратау археологиялық мәдениет ескерткіштері» деген атпен енгізіп, мұражай ашты.

Отырар өркениетінің негізі болған, жоғарыда табылған заттық-тұрмыстық мәдениеттік ескерткіштерінің ішінде Отырарға тән түрлі үлгідегі саз балшықтан күйдірілген қыш ыдыстарда, металдан соғылған білезік, жүзік, сақина, сырға, қапсырма т.б. зергерлік әшекейлерде, еңбек құралдарында, тастан қашалған, шыныдан жасалған бұйым құралдарда қазақтың қолтума өнерінің сарындары молынан байқалады. Сондықтан мұндағы археологиялық Отырар-Қаратау мәдениеті ескерткіштерінің біз үшін маңызды болатыны олардың малшылықпен қатар дамыған егіншілік дәстүріне бейімделгендігінде ғана емес, байырғы қазақ тұрмысы мен мәдениетін еске салатындығында болып отыр [1; 6]. Ал XVIII–XIX ғғ. этнографтардың, географтардың, саяхатшылардың еңбектерінде бұл бұйымдардың бәрі де қазақтарға тән екендігі жазылған.

Жалпы жоғарыдағы археологиялық, этнографиялық және фольклорлық зерттеулер бойынша қалыптасқан ғылыми пікірлерге жүгіне отырып, Отырар өркениеті қалыптастырған қолөнерінің қазаққа тән екендігін және бұл өнердің Отырар өркениеті тарих еншісіне кеткенмен, ұлттық сипат алып, күні бүгінге дейін осы жердің түп тамырлы қолөнері ретінде ел ішінде сақталып, қазақ тұрмысында кеңінен қолданылып келгендігін айтуға болады.

Бүкіләлемдік өркениетте өзіндік тарихи орны болған Отырар өркениетінің тағы бір негізі Отырардан шыққан қазақ халқының тағдырлас Әбу Насыр әл-Фараби мен оның ізбасарларының, энциклопедияшы-ғұламалардың, ақындардың, сазгерлердің т.б. өнер иелерінің артында қалдырған мәңгі өшпес ілімі, өнері деуге болады. Өйткені Отырарда заттық және рухани мәдениет қатар қанат жайып дамыған болатын.

Отырар қаласы XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басынан бастап зерттеле бастады. 1895 жылы А.К.Кларе, А.А.Черкасов Отырарда ең алғаш рет қазба жұмыстарын жүргізіп керамика коллекцияларын, кірпіш, мыс теңгелер тапты. 1946 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылды, оны А.Н.Бернштам басқарды, экспедицияның басты жұмысы Отырар оазисі болды. Алғашқы жылы Пышақшөтебе, Сырдарияның сол жағалауындағы төбелер Бұзық, Оқсыз, Артық Ата, Сумағартөбе зерттелген. 1949–1951 жж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Құйрықтөбе, Көкмардан, Алтынтөбеде қазба жұмыстарын жүргізеді. 1969 жылы Отырар археологиялық экспедициясы құрылып, Отырартөбе қалашығы негізгі объект болды. Ең негізгі жұмыс қаланың топографиялық планын түсіру болды. Әсіресе 1971 жылдан бері қарай Қазақ ССР Ғылым академиясы Тарих, археология, этнография институтының Оңтүстік Қазақстан комплексті археологиялық экспедициясы ұйымдастырғаннан кейін ғана мұнда өріс алды. Отырарда, Көкмарданда, Құйрықтөбеде көптеген көне және ортағасырлық зираттарда қазба жұмыстары жүргізілді.

Қазақ даласында көне дәуірлердің көзіндей болған 25 мыңнан аса тарихи жәдігерлер бар. Ежелгі қолөнердің биік туындылары болып саналатын археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған алтын, күміс, мыс теңгелер, терракота, керамика, шыныдан жасалған заттар және әр түрлі этнографиялық салаларға жататын тұрмыс бұйымдары, шаруашылық құрал-саймандары мен аспаптар, киім-кешек т.б. көріп көңіл толтырар мұралар бір күннің, бір жылдың емес, ғасырлар бойғы халық мәдениетінің, өнерінің көрінісі, мұнда әр ұрпақтың үлесі бар.

Отырар отырықшы мәдениеттің ошағы болған, К.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович зерттеулері бойынша Отырарда XI–XVII ғғ. тән тұрғын үй құрылыстары анықталды. Тұрғын үйлердің бірнеше үлгілері бар — әсіресе екі, үш бөлмелі және астық сақтайтын қойма болып келетін үйлер көп кездеседі.

VII ғ. екінші жартысына, VIII ғ. алғашқы жартысына тән тұрғын үйлер Құйрықтөбе қаласының орнын қазу жұмыстарынан мәлім. Мысалы, 28 ш. м екі бөлмелі тұрғын жайдың қоймасы 16,8 ш. м болып келген. Тұрғын жайдың оңтүстік жағындағы қабырғасында ені 1,7 м сәкі бар, ал бөлменің ортасында жер ошақтың күйген орны сақталған.

Отырар тұрғын үйлерінің мына бір үлгісі екі немесе үш бөлмелі болып келіп, сәкілер бөлменің жартысын, тіпті оның бүкіл көлемінің үлкен бөлігін алып тұрады. Сондай-ақ Көкмардан, Пұшықмардан, Марданкүйік, Құйрықтөбе қала жұрттарындағы қазба жұмыстары б.д. I мың жылдықтың бірінші жартысы — VIII ғғ. жататын құрылыс орындарын ашты. Бір–үш бөлмелі үйлер кам кірпіштен салынған, еден қабырғалары саз балшықтан салынып, қабырға бойымен сыпалар жасалынған. Отырар өңіріндегі археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған екі бөлмелі үйлер тұрғын жай мен қоймадан тұрады. Қабырғаларды бойлай ені әр түрлі сәкі салынған, ортасында ошақ орналасқан. Отырар өңіріндегі тұрғын үйлер мына үлгіде болып келеді: екі бөлмелі үшінші бөлме қойма-астық сақтайтын

бөлме әр түрлі көлемде сәкі орналасқан және сәкінің шетіне таман текше орнатылып, оған сыланған тандыр қойылған.

Тұрғын үйлердің ең ежелгі табиғи түрі — үңгірлер, ал ең ежелгі құрылыс материалы тас болды. Қала үйлерімен қатар далаларда қазақтар қарашадан наурызға дейін қыстау деп аталатын қоныста өмір сүрді. Қыстаудағы үйлер сол өңірдің ауа райына байланысты ағаштан, құйма кірпіштен, таулы жерлерде тастан салынды.

Тұрғын үйлердің Оңтүстік Қазақстандағы, Орталық Қазақстандағы, Солтүстік Қазақстандағы сипатты белгілерінің бірі тұрғын үйді қамба, қоймалармен ұштастыру, бөлмеде қабырғаларды бойлай ені мен биіктігі әр түрлі сәкі орналастыру, сондай-ақ тұрғын үй бөлмелер саны екі немесе үш бөлмелі болып келуі де қала мен даланың тұрақты тұрғын жайларына тән ортақ нәрселер. Мысалы, Көкмарданда аршылған үйдің мына бір түрі екі бөлмелі болып келеді, екінші бөлме — қойма ретінде. Оңтүстік-шығыс қабырғаларды бойлай салынған Г тәрізді сәкі, шыға беріске жақын жерде орналасқан тік бұрышты ошақ, шығыс қабырғада ашық пештің орналасуы сияқты жоба тән [2; 61]. Отырар тұрғын үйлеріне ұқсас үйлер Түркістан, Сауран қаласынан 7 км оңтүстік-батыста орналасқан Жалғызтамда, Қаратаудың солтүстігінде, Күлтөбе қалашығында бар. Отырар тұрғын үйлерінің жоспары Орта Азия мен Қазақстан халқының барлығына тән екені анықталды.

Отырар алқабының қалаларында тұрғындардың тұрақты әрі ұзақ уақыт бойы отырықшы болғандығын дәлелдейтін б.д. II ғ. тән дәнүгіткіш, V–VI ғғ. тән мақта мен бидай қалдықтары. VIII–X ғғ. тән су құбырларының қалдықтары, дәнді-дақылдар мен дәндердің табылуы, бидай сақтайтын қамбалардың болуы, еден сылағы мен шикі кірпіште кездесетін сабан, табылған дәнтартқыштар, дән қорын сақтауға арналған хумдар, тас кетпендер, сүйектен жасалған егін шаруашылығы құралдары бәрі-бәрі мұнда егін шаруашылығының дамығанын көрсетеді [2; 63].

Отырар суландыру жүйесі орта ғасырдағы Орта Азияның ең қуатты, сол заманның ең алдыңғы қатарлы техникалық мүмкіндіктеріне сай құрылған тоғанды, шығырлы су жүйелерінің бірі еді. Сондықтан да Отырарда егіншілік мәдениеті мықтап дамып, бұл алқапта тары, күріш, жүгері, бидай т.б. азықтық дақылдардан, мақта мен мақсарыдан, асқабақтан, қауын-қарбыздан, жүзім-алмадан басқа да жеміс-жидектерден жоғары өнім алынған. Өз шығармаларында заманалық үлкен оқиғаларға да үн қосқан, тарихи тақырыпқа да қалам тартқан Отырар алқабында дүниеге келген ақын [3] Садуақас Жакашұлының:

*Батыс жақта Жалпақтөбе Отырар,  
Ескі қала тарихтағы аты бар.  
Отырардың ордасы екен сол төбе,  
Не жүз мыңдап миллиондаған халқы бар.  
Өлі дала, жалпақ жатқан тегісі,  
Уақытында болған елдің егісі,  
Алтыс екі дақыл түгел егіліп,  
Жеткілікті болған түгел жемісі, —*

деуіне қарағанда Отырар диқандары ирригациялық құрылыс жұмыстарын, өсімдіктану ғылымын жетік меңгерген нағыз ауыл шаруашылық кәсіпкерлері болған.

Ежелгі заманнан бастау алған Отырар суландыру жүйесінің даму тарихы адамзат қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуына орай бірнеше кезеңдерге бөлінеді.

Археологиялық-топографиялық зерттеулерге қарағанда жерді қолдан суару әдісі Сырдария мен Арыс өзендерінің жағасында ерте Темір дәуірінен басталады. Б.э.д. I мыңжылдықтың ортасында егісті ызаға еккен, бұл біздің дәуіріміздің I–VI ғғ. дейін жалғасқан. Ал VII–IX ғғ. мемлекеттің қалыптасып қала шаруашылығының өркендеуіне байланысты егінді ызаға егу әдісі бірте-бірте тоғандап, байлап, керегінше ағызып ала беруге болатын тасқын суды пайдалану әдісіне және кәрізге ауыса бастаған. Осының негізінде магистралдық каналдар қазылып, оның жер бетінен төмен тарамдарына көлден тартылған арықтарға шығырлар орнатылды.

Отырарда осындай механикаландырылған магистралды қуатты су жүйесінің болуы осы алқаптағы елдің кәсібіне, егіншіліктің дамуына зор ықпал еткен.

Отырар өркениетінде су жүйелерін құру ісі тікелей мемлекет ықпалында болған. Отырардың ер жүрек әкімі Қайырханның (лақап аты Ягантуғди) тұсында ерекше қарқында жүргізілді. Бірақ XIII ғасырдағы монғол шапқыншылығы Қазақстанның оңтүстігіндегі адамзатқа орасан зор пайда келтіріп тұрған атақты Отырар суландыру жүйесін талқандап, бұл өлкеде суармалы егіншіліктің дамуын тежеп, оның мүлдем құлдырауына әкеп соқты. Әйтсе де XIII ғ. 40-жылдарынан бастап Монғол импе-

риясының мүдделігінен, бір жағы Отырар дихандарының азаткерлік еңбекқорлығының арқасында бұрынғы бұзылған су жүйелері қайта қалпына келтіріліп, егіншілік қайта жандана бастайды.

Монғол империясының саяси-әлеуметтік әсері әлсіреп, ұлттың, мемлекеттің саяси-әлеуметтік құрылымдық белгілері айқындала бастаған тұста XIV–XV ғғ. Отырар суландыру жүйесі ерекше дамиды. Қазіргі Шәуілдір қыстағының оңтүстік-шығыс жағындағы ұзындығы 40 шақырым, секундына 5–7 т. м су жіберетін атақты Темірарық осы кезеңдерде қазылса керек.

Қазақ хандығының қалыптасу тарихында маңызды орын алған Отырар суландыру жүйесі XVIII ғ. басында өмір сүруден қала бастайды. Мұның себебі, біріншіден, Орта Азия билеп төстеушілерінің Сыр бойы үшін толастамаған шабуылдары мен жоңғар шапқыншылығының зардабы болса, екіншіден, өзара ішкі қырғи қабақтың салдары болды.

Отырар алқабына 1762 ж. П.И.Рычков келгенде Отырарда егіншілікпен айналысып отырған 40 үй ғана бар екен [4]. Бұлар қалмақтардан бас сауғалай Самарқанға қашқандар, тоғай, құм паналап, тығылып қашып, кейін ес жиған соң туған қаласына қайта келгендер еді. Бұлар кейін Шілікке, Түркістан мен Шымкентке көшіп кетіп, әлемге белгілі Отырар қаласы құм басқан Отырартөбеге айналып, оман-арықтары көміліп, олардың сілемі ғана қалды. Сөйтіп, Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуына зор ықпал етіп, Орта Азиядағы ондаған қалаларды, қуатты армияны азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұрған Отырар суландыру жүйесі — егіншілігі жойылды. Әйтсе де отаршылдықтың, саяси-экономикалық ойранына ұшыраған бұл өлкеде ел қамын ойлаған есті азаматтар әр кезде де Ежелгі Отырар суландыру жүйесінің ізімен канал қаздырып, оған су шығарып, егіс егіп, елді диқаншылыққа жұмылдырып ашаршылық апатынан қалып отырған. Солардың бірі XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың белгілі ақыны Майлықожа Сұлтанқожаұлы еді.

Қазақ халқы өз тұрмысына керек заттардың бәрін колөнер арқылы жасады, өзінің тұрмыс-тіршілігін қоршаған дүниені әсемдікті колөнерде көрсете білді. Осындай колөнеріміздің озық үлгілері — археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған саздан жасалған, тастан, сүйектен, шыныдан, металдан жасалған заттар мен XVIII–XX ғғ. тән этнографиялық зергерлік бұйымдар: білезік, сақина, шекелік, сырға, шашбау, шолпы, бойтұмарлар және сүйектен, ағаштан, металдан жасалған заттар арқылы көшпенділер атанған қауымның ғылыми пайымы мен рухани өресі аса жоғары болғандығын дәлелдеді.

Отырар және онымен іргелес жатқан қалашықтардың орнынан археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған саз балшықтан жасалған ыдыстар — құмыралар, тостағандар, көзелер, саптыаяқ пен кеселер, хумдар, зергерлік бұйымдардағы Отырар-Қаратау мәдениеті деген атпен танылған әсем ою-өрнектер қала мәдениетінің жоғары өреге көтеріліп, ғылымның дамығандығын көрсетеді. Саздан жасалған жәдігерлердің түріне, өрнегіне қарап қай ғасырға жататыны анықталады, К.Ақышев өз еңбегінде былай деп жазады: «Керамика барлық уақытта да сән талғамының дәрежесін байқатып отырады» [5; 69]. Саздан жасалған жәдігерлердегі белгілер — крест, айыр, дөңгелек, қисық сызықтар, үш бұрышты т.б. болып келеді. Аталған белгілер ыдыс жасаған шеберлердің белгісі болуы мүмкін, екіншіден, тіл-көзден сақтасын деген түсінік де болған, ал ыдыс сыртындағы ағылған бояулар — ас мол болсын деген белгі болуы да мүмкін. Далалық өркениеттің негізі Қазақстан қалалары әсіресе X–XII ғғ. гүлденіп, мәдениет, ғылым мен өнер шыңына жетіп, колөнер, сауда мен ауыл шаруашылығының шоғырланған орны болды. Бұған Ұлы Жібек Жолы басты рөл атқарды. Халықтың өмір сүретін аймақтарына байланысты ою-өрнек үлгілері дамып отырған. Мысалы, отырықшы өркениеттің өнері өсімдік өрнектері болса, көшпелілер мәдениетінде, ыдыстарда айбарлы жолбарыс, таутеке, барыс, қабан, арқар, құлан, кер марал секілді жануарлар суреті салынды. Отырар, Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Көкмардан т.б. қалалар мен қалашықтарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған заттардағы ою-өрнектер қоғамның дамуы жайында мол мағлұмат бере алады. Жоғарыдағы аталған заттардағы ою-өрнектерге қарап, ата-бабаларымыз табиғатта болып жатқан сұлулықты ою-өрнекке түсіріп, сол ою-өрнек арқылы әсемдікті насихаттағаны белгілі екенін түсінеміз. Мысалы, Отырар, Көкмарданнан табылған ыдыс тұтқаларында қошқар бейнесі бейнеленген. Қошқар бейнесі салынған қыш бұйымдар Сыр бойын, оның ішінде Отырар төңірегін мекендеген тайпаларға тән. Қошқар мүйіз өрнегі — байлық пен молшылықтың нышаны, батырлықтың, мықтылықтың символы, өніп-өрбу мен құт символы. Отырар керамикасы ата-бабаларымыздың өмірін, өнерін, талғамын, әлеуметтік дүниесін түсіну үшін аса қымбат материал болып табылады [5; 74].

Отырар өңірінің тұрғындары металл қорыта білген, тұрмысқа қажетті құрал-саймандар, қару-жарақ түрлері және зергерлік әшекей бұйымдар жасап, теңгелер соққан.

Зергерлік өнері — өте ерте замандардан келе жатқан ісмерлік түрі. Отырар зергерлері алтыннан, күмістен, бояма шынылардан, қоладан түрлі әшекейлер жасады. Бұлар III–V ғғ., X–XII ғғ., XVI–XVII ғғ. тән әшекейлер: ақ, қара, көк түсті шыныдан жасалған өрнектер түсірілген моншақтар, көбінесе әйел қабірлерінен табылды. Әсіресе формасы сопақша болып келген шиша пастасының үстіне аспан көк, қоңыр түсті сұйық шиша пасталарын жағып, толқын тәрізді өрнек түсірілген моншақ ерекше көз тартады. Сондай-ақ ромб тәрізді болып келген көк түсті тастан жасалған X–XII ғғ. тән Қоңыртөбеден табылған моншақ және б.д. III–V ғғ. тән ағаттан жасалған Көкмарданнан табылған формасы дөңгелек болып келген моншақ. Жұмыр немесе цилиндр тәрізді көкшіл шыны тәрізді заттан жасалған моншақтар мен дөңгелекше болып келген кедір-бұдырлы моншақтар да жиі кездеседі. Отырардан табылған XIII–XIV ғғ. тән қоладан жасалған 8,7 см формасы дөңгелек астыңғы бетіне қалыппен өсімдік тектес өрнек түскен айна ерекше көз тартады. Айналардың бір тобы сырт жағында зооморфты өрнекті болып келген жиектеріне өсімдік сабақтары жүргізілген балық бейнесімен безендірілген бірнеше айна сынықтары сақталған. Зергерлік өнердің жоғары деңгейде болғанын көрсететін иіс су ыдысының алтын қорабын ерекше атауға болады, бес қырлы болып жасалып, түбі ашық үсті бес қайтарадан айналдыра сатыланып бірте-бірте кішірейіп төбесі тәж тәрізденіп аяқталған, қақпағы бар. Отырар қаласының орнынан табылған шаш түйреуіштің бас жағына қонақтап отырған құс бейнеленген, ал Көкмарданнан табылған тұмаршаларда ешкі бейнесі бейнеленген. Бұлар зергерлік әшекейлерді безендіргенде жануарлар стилін пайдалану кең етек жайғанын дәлелдейді. Халық қолданбалы өнерінің жәдігерлері зергерлік бұйымдардың бірнеше түрін XVIII–XX ғғ. да зергерлер жасап шығарды. Атап айтатын болсақ: шашбау, шолпы, сақина, шекелік, бойтұмар, тана, жүзік, алқа. Олардың безендірілуінде ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі зергерлік бұйымдармен ұқсас жақтары бар.

Қазақ халқының қолөнерінде сүйек пен мүйіз ұқсату ісі — өте ерте замандардан келе жатқан ісмерлік түрі. Сүйек пен мүйізден еңбек, қару-жарақ құралдарынан бастап, үй жиһаздары мен ыдысаяқтарды, т.б. көркемдеген және жасаған. Қазақ тұрмысында сүйек пен мүйізден әшекейленетін, жасалатын заттар тіпті көп. Олардың бір парасы мынау: киіз үй, кебеже, төсағаш, сандық, адалбақан, піспек басы, ожау, қасық, ер, қобыз, домбыра, пышақ, ұстара сабы, кергі, қылыш, үзеңгі т.б. Сүйек пен мүйіз ұқсату өнері Отырар өңірінде ертеден-ақ дәстүрлі қолөнерге айналғаны археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған сүйектен жасалған оюлы пышақ, түйме, қапсырма, ұршықбас т.б. өңделген сүйек бұйымдары арқылы белгілі.

Ұлттық қолөнеріміздің озық үлгілері көшпелі мал шаруашылығынан жартылай отырықшылыққа ауысып егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысқа қажетті ағаштан жасалатын бұйымдары болып табылады. Ағаш шеберлері еңбек, қару-жарақ құралдарынан бастап, үй жиһаздары мен ыдысаяқтарды, музыкалық аспаптарды, киіз үйдің ағашын т.б. бұйымдарды жасап көркемдеген. Отырар алқабынан археологиялық қазба жұмыстары барысында ағаштан жасалған тақтайлар, тарақ тәрізді заттар табылды. Мысалы, Отырар алқабындағы ескі Құйрықтөбе қаласының қамалын қазып ашқанда, ортасында аумағы 157,5 ш. м тең салтанат залы бар сарай кешені аршылды. Табылған тақтайлардың бірінде аң бейнелі тақта отырған қос құдай жұбы суреттелген [6].

Отырар өңірінде ұсталық өнердің жоғары дәрежеде болғанының бір белгісі — шыны өндірісінің дамығаны. Шыныдан жасалған заттар Құйрықтөбе, Отырартөбе, Қоңыртөбеден табылды. Жасыл, қызыл, қоңыр, сары түстерден саптыаяқ, бокал, графин, түбек, моншақтар, жүзік көздерін жасаған. Отырар алқабынан табылған шыныдан жасалған заттар X–XIV ғғ. тән болып келеді. Мысалы, Құйрықтөбеден табылған жасыл түсті шыныдан жасалған, сопақша болып келген саптыаяқ Таразда көп кездеседі [7]. Ал Құйрықтөбеден табылған түбектің мына бір түрі ерекше сипатты, оның шыны түсі көгілдір, биіктігі 12,2 см.

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте өшпес із қалдырған ғұлама бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби және оның арғы-бергі ізбасарларының XIX–XX ғғ. әдебиет сахнасына шыққан Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Жүсіпбекқожа Шайқысламұлы, Ергөбек Құттыбайұлы, Мырзабек Байжанұлы, Айтбай Белгібайұлы, Садуақас Жақашұлы, Байбосын Күзенбайұлы, Елеусіз Байырбекұлы, Балтабай Тебейұлы, Тәушен Әбуова сынды өнер иелерінің, әлемдік поэзияның алыбы Мұхтар Шаханов пен халық ақыны Әселхан Қалыбекованың, аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі майталманы, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқов сынды өнер иелерінің отаны. Отырар рухани мәдениетіміздің дамыған, қалыптасқан және оның біздің заманымызға жеткен көптеген ескерткіштері сақталған аймақ. Оған адам баласының рухани жан дүниесін көрсететін Үсіктастағы, Боралдай бойындағы таңбалар, Қаракөншек маңынан табылған тұтқалы құмырадағы, Шардара қаласының шет аймағынан табылған ыдыстағы, Отырардан табылған су құбырындағы, құлыптастағы, Артықатадан та-

былған қыштағы көне жазулар (б.з.б. II–I ғғ.), Байыркұмнан табылған күміс тұғырдағы жазулар т.б. дәлел. Бұдан Отырарда көне төл жазу мәдениетіміздің дамығындығын аңғаруға болады.

Отырарда медресе, үлкен кітапхана болған. Отырар кітапханасының кітаптары туралы Бипай «Шайбани-намесінде» жазса, (XV–XVI ғғ.), бұхар тарихшысы Рузбихан Отырардың қолжазба кітаптары Сығанаққа дейін таратылған деді. Ел ауызында Отырар кітапханасы туралы небір аңыздар сақталған.

Ата-бабасынан пұтқа табынуды мирас еткен Отырар тұрғындары IX–X ғғ. мұсылманданды. «Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, Сайрамда сансыз баб, ең үлкені Арыстанбаб» деп дәріптелген бүкіл мұсылман қауымына белгілі шейх, Ахмед Иассауидің ұстазы Арыстанбаб осында дәріс берді және қайтыс болып жерленді. Осы Арыстанбаб кесене-мешітінде өткен ғасырдың 30-жж. дейін сақталып, кейін «қызылдардың қырғыны» кезінде талқандалып, Арыстың Сырдарияға құяр сағасындағы жиде тоғайына апарылып тасталған кітаптардың Бұхара медресесінің түлегі Әбусейіт Онғарбайұлы сақтап қалған бір парасы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Отырар руханият музей-кітапханасының қорында сақтаулы тұр. Кітапхана қорында XVIII–XX ғғ. Дели, Мысыр, Ыстамбұл, Қазан, Ташкент т.б. қалаларда басылып шыққан, көшірілген «Тафсир әл-Құран», «Құран-Кәрім», «Кәлем Шариф», Ибн Ахмад Захиди аударған «Шариғат ұлағаты», ғұлама Фазалдың «Шариғат сақтаушысы», «Раддул Мұхтардың» 2–4 томдары, «Жами ал-Рамуз», «Шарх Жами», «Шариғат кітабы», «Пайғамбарлар тарихы», «Мың бір хадис», «Шариғат ұраны», «Емшілік кітабы», «Араб тілінің грамматикасы», «Қайырымдылық дәлелдері», «Турки хажнама», «Диуани Физули», «Диуани Хафиз», сопы Аллаярдың «Өлеңдері», Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани хикметі», Шәдітөре Жаһангерұлының «Алты бармағы» т.б. парсы, түркі, татар, қазақ тілдеріндегі қолжазба кітаптар болған.

Көпшілігіне «Арыстанбабқа» деп атап жазылып, мұсылман әлеміне белгілі жиырма қаридың тарихын жазған Садықұлы Молда Фахрудиннің мөрімен куәландырылған.

Отырар аймағында «Қобыланды», «Шора», «Едіге», «Мұңлық-Зарлық», «Қамбар батыр» т.б. қисса-жырлары туған. Ә.Диваевтың ел ауызынан жазып алған фольклор нұсқаларына қарағанда бұл аймақта ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері сақталған.

Отырарлық ақын-жыраулар шығыс жырларын аударып жатқа алып жырлаған. Мәселен, Майлықожа ақын арабтардың Иракпен соғысын баяндайтын «Зарқұм» дастанын қазақшалап жазып алып жырлап жүрген. Жырдың ғалым Әсілхан Оспанұлы тапсырған қолжазба нұсқасы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Отырар руханият музей-кітапханасының қорында сақтаулы тұр.

Отырарлық ақын Садуақас Жақашұлының «Оңтүстік Қазақстанның қысқаша тарихы» деген тарихи-этнографиялық қолжазба еңбегінде Отырардағы ойын-сауықтың көптеген түрлері аталады, олар: «Айт тойы», «Құдалар ойыны», «Қыз ойнақ», «Бәдік», «Ойын-той», «Көкпар ойыны», «Өлең ойыны», «Тартыс ойыны»; ұсақ ойындар: «Тоғызқұмалақ», «Дойбы ойыны», «Асық ойыны», «Бестоп», «Алаш ойыны», «Ақсүйек ойыны» т.б. Отырарда айтыстың «Түре айтыс» деген түрі сақталған.

Отырар — рухани мәдениетіміздің әлемге әйгілі өкілдері шыққан өлке. Олардың топ жарғаны Әбу Насыр әл-Фараби. Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлах әл-Фараби (870 жылы отырар алқабындағы Оқсызтөбенің маңында дүниеге келді, 950 жылы Сирия, Шам елінде дүние салды) Отырардан шыққан ұлы ойшыл, энциклопедист-ғалым, «екінші ұстаз» (Әл Муғаллим ас Сани), Шығыстың Аристотелі атанған ғұлама. Ол сауатын Отырар медреселерінің бірінде ашқан. Шаш, Самарқанд, Бұхара, Мешһед, Нишапур, Рей, Исфахан, Харран, Бағдат қалаларының медреселерінің бірінде білімін жалғастырған.

Тарихи деректер бойынша, Әбу Насыр әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген. Философия, логика, этика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 164 трактат жазып қалдырды. Оның ғылым мен өнердегі үлкен дүниесі — оның музыкасы. Музыка теориясына арнап бірнеше еңбек жазған: «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Ірғақтардың классификациясы», «Ғылымдардың шығуы». Оның музыка теориясына арналған үлкен еңбегі «Музыканың ұлы кітабы» деп аталады. Бүкіләлем зерттеушілері музыка теориясының үлкен кітабы деп бағалаған Әбу Насыр әл-Фарабидің бұл еңбегінің көшірмесін Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығының филиалы әдебиет және өнер бөлімі негізінде құрылған Отырар руханияты музей-кітапханасына 1967 жылы Каирда басылып шыққан нұсқасын және арабша қолжазбасын тапсырған фарабитанушы Ақжан Машанов болатын. А.Машанов әл-Фарабиді таныту арқылы қазақ халқының ежелгі музыкалық мұраларын, музыкалық аспаптарын да жария етті, сол арқылы елдің салт-дәстүрін, рухани өресін, өнерге көзқарасын айқындап берді. Әбу Насыр әл-Фараби өз еңбегінде математикалық тәсілдер пайдаланып, музыкалық дыбыстарды

тұңғыш қағаз бетіне түсірген. «Музыканың ұлы кітабы» атты трактатында музыкалық дыбыс сипаты, оның құрылымын, музыканың жақсы жақтары мен оның тәрбиелік мәнін жан-жақты ашып көрсетеді.

Қазақ халқының музыкалық аспаптары арқылы музыка мәдениетінің дамығаны белгілі. Халықтың аспаптық мәдениеті өте ерте заманнан бері қалыптаса бастаған, қазақ халқының музыкалық аспаптарының құрылымы, дыбыс ерекшеліктері, ойнау тәсілдері басқа халықтардікінен өзгешелігімен ерекшеленеді.

Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда ойын-сауық қойылымдары мен театр өнері ерте ортағасырда кең тараған. Жазба деректерде музыканттар, сиқыршылар, актерлер т.б. өнер иелері жайында жазылған. Сондай-ақ олардың бейнелері бізге бедерлер, қыштан жасалған бұйымдар, терракоталар, жапсырма бұйымдар арқылы жетті. Оңтүстік Қазақстанда театр өнерінің дамығанын Құйрықтөбеден ежелгі Кедер қалашығында қазба жұмыстары барысында табылған X–XI ғғ. тән бетперде, XI–XII ғғ. тән қыш ыдыстар, ағаш тақтайшалар арқылы біле аламыз. Сопақша және дөңестеу болып келген бетперденің биіктігі 20 см, ені 12 см. Оның ішкі жағында қалыпқа келтіру кезінде қалған саусақ іздері бар. Бетпердедегі көз бен ауыз орындары тар тесік түрінде кесіліп жасалған. Дөң мұрыны мен қастары томпайтылып берілген, ал құлақтары жабыстырылған [8].

IX–X ғғ. кең тараған музыкалық аспаптың бірі үрмелі саз аспабы — сазсырнайдың ең алғашқы түпнұсқасын 1968 ж. Отырар қаласының орнынан өлкетанушы, тарихшы, музей адамы атанған Асантай Әлімов тапқан. Сазсырнай саз балшықтан белгілі үлгідегі қалыпта екі сұлбада жасалып біріктіріледі. Кептіріліп, ойықтары ойылып, 960 градус ыстықта күйдіріліп, сыртына глазурь жағылады. Аспапты күйге келтіру үшін әуелі үрлеуге арналған ойықта сазсырнайдың ерінге тақалатын тұсының оң жағынан сәл солға қарай қиғаштау ояды. Сонда шанақ қуысына бағытталған ауа ішкі ернеуге тиіп, толқын пайда болады. Шанаққа тиген ауа толқыны жаңғырып, дыбыс шығады. Дыбысты қажетті биікте алу үшін белгілі бір көлемде аспаптың бүйірінен ойықтар жасалады. Ойықтарды сазбалшықпен үлкейтіп немесе кішірейту арқылы дыбыс қуаты төмен не жоғарылатылады.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың өзі ұсынған «Мәдени мұра» бағдарламасында 2004–2006 жж., 2007–2009 жж. бар мен жоғымызды түгендеп, келер ұрпаққа аманаттау керектігі айтылған, 2004 ж. 30 қыркүйегінде тарихи Отырар жерін халықаралық туризм орталығына айналдыру мақсатында Үкіметіміздің № 1009 шешімімен «Көне Отырардың өрлеуі» атты бағдарламасы қабылданды, түптеп келгенде осы мәдени іс-шаралардың барлығы да орта ғасырда әлемдік деңгейге жеткен Отырар өркениетін тәуелсіз Қазақстан жағдайында қайта өркендетуге, Отырардың мәдени ескерткіштерін сақтап, оны өскелең ұрпақтың рухани игілігіне айналдыруға бағытталған болатын. Ол игілік, біздің ұл-қыздарымыздың парасатты, ұлттық тарихи құндылығымызды қастерлейтін, еліне зиялы азамат болып өсуіне септігін тигізері сөзсіз.

Отырар оазисінің астанасы болған Отырар бүкіл Шығысқа заттық және рухани мәдениеті арқылы танылды. Отырар өркениетінің заттық және рухани мәдениеті ғылымға «Отырар-Қаратау археологиялық мәдениет ескерткіштері» деген атпен енген тарих пен мәдениет құндылықтарының қазақ тарихында алатын орны ерекше.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Жәнібеков Ө.* Ежелгі Отырар. — Алматы: Рауан, 1996.
2. *Байпақов К.* Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. — Алматы: Қазығұрт, 2007.
3. *Бердібаев Р.* Садуақас ақын. — Алматы: Жұлдыз, 1983. — 15-б.
4. *Грошев В.А.* Иригация Южного Казахстана в средние века. — Алма-Ата: Наука, 1985. — С. 50.
5. *Ақышев К.* Ертедегі ескерткіштер елесі. — Алматы: Қазақстан, 1976.
6. *Байпақов К.М., Нұржанов А.* Ұлы Жібек Жолы және орта ғасырлық Қазақстан. — Алматы, 1990. — 39-б.
7. *Досжанова Т.С.* Новые находки стеклянных изделий с городища Куйрыктобе // Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ұлттық ғылым академиясының хабарлары. — Алматы, 1999. — 160-б.
8. *Байпақов К.* Қазақстанның ежелгі қалалары. — Алматы: Аруна, 2005. — 196-б.

## Идейная борьба в среде творческой интеллигенции Казахстана в 1930-е гг. Проблемы изучения

Какенова Г.М.

*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана*

Мақалада большевиктік мемлекеттің 30-шы жж. Қазақстанның шығармашылық интеллигенциясына қатысты жүргізген саясаттың бағыттары, ерекшеліктері, әдістері қарастырылған. Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында аталған кезеңнің баспасөз материалдары мен мұрағат құжаттары деректік база ретінде қолданылып, ғылыми айналымға жаңа мәліметтер енгізілді. Әрі қолданылған деректерге талдау жасалынып, тақырып бойынша әділ және бүгінгі тарихи көзқарас тұрғысында қорытынды шығарылды.

The article deals with topical issues of the Bolshevik state policy towards the intelligentsia of Kazakhstan in 30 years. During the study, was investigated historical base of sources that consists of archival documents and materials of the periodical press of those years. In line with this in the scientific revolution introduced new data, and based on them are made installment of the objective findings of the current historical views on the subject.

С первых дней прихода к власти, понимая, что образование и наука составляют единую систему, от которой напрямую зависит воспроизводство государственных чиновников и интеллигенции, большевики старались не только поставить все сферы духовного производства под свой контроль, но и воспитать особую разновидность интеллигентов, всецело разделявших их мораль и мировоззрение.

Больше всего политический контроль коснулся настроений интеллигенции в отношении к большевикам и идеологии марксизма-ленинизма. Вполне понятно, что эти настроения представляли собой сложный сплав политических взглядов. В этом контексте на позицию представителя интеллигенции, на наш взгляд, влияли образование, окружающая среда, состояние души, положительный или, наоборот, отрицательный опыт контакта с властями и др. Политические настроения интеллигенции были достаточно подвижны и менялись под воздействием конкретных событий. За годы «красного террора» и гражданской войны у интеллигенции отбили желание открыто выражать свое мнение по политическим вопросам. В 1920-е гг. масштабы политического контроля непомерно возросли. Во-первых, он окончательно охватил все сферы общественной жизни, во-вторых, политическими стали считаться суждения по разнообразным вопросам, включая чисто житейские.

Здесь следует подчеркнуть, что ещё в 1918 г. «главный чекист» страны Ф.Э.Дзержинский неоднократно призывал народ к бдительности, напоминая, что «главной целью рабочего класса должна быть мстительность и враждебность» [1; 23].

Документы свидетельствуют, что в среде творческой интеллигенции сохранялось реальное «политическое многоголосие». Так, в официальных документах с середины 20-х годов большевики заявляли, что «советская власть... сплотила на базе социалистического строительства большие слои технической и иной интеллигенции под руководством пролетариата», а «советский служащий (учитель, врач, инженер, агроном и т.д.) по своим стремлениям и настроениям начинает становиться советским по существу» [2; 11].

Но на деле власть большевиков прочно сохраняла к интеллигенции политическое недоверие. В то же время для политических настроений значительной части интеллигенции было характерно также критическое настроение, недоверчивое отношение к официальной пропаганде. Инакомыслие проникало и в ряды так называемых «красных спецов». Интеллигентов, вступавших в ряды партии большевиков на гребне борьбы за переустройство старого мира, постепенно начинали тяготить разгул бюрократизма, чиновничества и другие возвращающиеся элементы прежнего царского государственного механизма.

В целом у значительной части интеллигенции на протяжении 1920-х гг. сохранялась неудовлетворенность своим экономическим положением, а также существовали собственные духовные и политические ориентиры, отличавшиеся от канонов коммунистической идеологии. Назначение Ф.И.Голощекина в 1925 г. руководителем Казахстанской партийной организации, несомненно, явилось отправной точкой для начала кампании противопоставления одной части национальной интеллигенции другой для осуществления политики по принципу «Разделяй и властвуй». Власть не просто



провоцировала развитие идейной борьбы среди интеллигенции, но и обозначала имена тех из них, кого определяла в качестве своих противников-националистов. Таковыми были названы Ахмет Байтурсынов, Елдос Омаров, Жусипбек Аймаутов, Халел Досмухамедов, Мухтар Ауэзов, Миржакып Дулатов, Мухамеджан Тынышбаев, Телжан Шонанов, Алихан Букейханов, Жумагали Тилеулин, Магжан Жумабаев, Кошке Кеменгеров, Габбас Нурымов, Ахметсапа Юсупов (Жусипов). Так называемые властью «националисты» противопоставлялись революционному крылу в лице Назира Тюрякулова, Габбаса Тогжанова, Молдагали Жолдыбаева, Беймбета Майлина, Смагула Садвакасова, Сакена Сейфуллина, Ильяса Джансугурова, Абдирахмана Байдилдина, Ергали Алдонгарова, Кажыма Басымова [3].

Анализ источников, затрагивающих вопросы идейной борьбы в среде творческой интеллигенции Казахстана в советский период, дает основание утверждать, что их авторы, нередко не отдавая себе в том отчета, находились под влиянием исторического мировоззрения, которое было свойственно их времени. Это естественно и понятно.

Историография политики большевиков в Крае, в частности, в отношении творчески мыслящей части населения, ярко прослеживается на примере многих эпизодов истории Казахстана 1920–1930-х гг. Даже члены партии большевиков, активные борцы за установление Советской власти в Казахстане, объявлялись политическими врагами. Этот парадокс можно объяснить: стремлением разжечь вражду среди местной интеллигенции, нивелировать её ряды, превратить творчески мыслящих людей в послушное идеологическое орудие воздействия на остальную часть населения. Критически, свободно выражающий свои убеждения интеллигент не нужен был даже среди членов партии, ибо догматик более безопасен. В качестве иллюстрации к сказанному выше обратимся к документальным источникам и трудам исследователей жизни и творчества Сакена Сейфуллина.

В августе 1934 г. в Москве проходил I Всесоюзный съезд советских писателей. Царила обстановка приподнятости, профессиональной солидарности (особенно в связи с присутствием на съезде более 40 зарубежных коллег). И никто не предполагал, какая тяжелая участь ждет многих из делегатов писательского форума. Пройдет несколько месяцев, и целый ряд литераторов бесследно исчезнет, другие окажутся в тюремных застенках или будут жестоко оклеветаны. Даже в среду интеллигенции проникнет практика доносительства. Уже к 1937 г. навсегда или надолго выбыли из строя не менее трети основателей писательского Союза. В 1938 г. трагическая участь постигла делегата съезда Сакена Сейфуллина. Галина Серебрякова писала: «Имена и значимость для советской литературы многих безвинно погибших литераторов все ещё не получили полной объективной оценки... В Сакене Сейфуллине я видела как бы частичку Казахстана и поняла, что он был плоть от плоти своего народа, своей страны, один из лучших её сынов... Мы глубоко чтим выдающийся творческий дар крупных писателей, которые жили и творили рядом с Сейфуллиным, знаем, что именно он, Сакен Сейфуллин, открыл собою первую страницу истории советской казахской литературы» [4].

«Основная профессия — учитель», — так на вопрос анкеты в ноябре 1920 г. ответил Сакен (Садуакас) Сейфуллин, с чьим именем неразрывно связано развитие культуры Казахстана в первой трети XX столетия [1, л.10].

Поэт и писатель искренне воспринял Октябрь 1917 г., приветствовал его стихотворением «А ну-ка, джигиты!». После установления Советской власти в Акмолинском уезде С.Сейфуллин был избран членом президиума Акмолинского Совдепа и назначен уездным народным комиссаром просвещения. 3–4 июня 1918 г. произошел белогвардейский переворот в Акмолинске, и Сейфуллин, как видный деятель Советской власти, был арестован. До весны 1919 г. находился в застенках Колчака. Вместе с группой совдеповцев он пешком, в кандалах, прошел этапом из Акмолинска в Петропавловск, затем в Омск. Этот период жизни им описан в историко-мемуарном романе «Тернистый путь» [5].

После разгрома контрреволюционеров в марте 1919 г. С.Сейфуллин вернулся к руководящей работе в Акмолинске. В мае 1920 г. его назначают помощником заведующего административным отделом ревкома. В Постановлении Президиума Акмолинского Уездного Ревкома о назначении Сейфуллина говорилось: «Ввиду того, что тов. Сейфуллин является партийным и советским работником, как представитель киргизского населения, ввиду желательности его участия в [решении] административных вопросов, касающихся киргизского населения, [утвердить его в качестве] помощника заведывающего отделом управления при ревкоме с 9 мая с.г.».

В 1920 г. С.Сейфуллин был избран членом президиума ЦИК КАССР, а в 1922 г. — заместителем Народного комиссара просвещения и уже на III съезде Советов — Председателем Совета Народных Комиссаров КазАССР и членом ВЦИК СССР.

С 1925 по 1935 гг. Сейфуллин работал сначала редактором республиканской газеты «Еңбекші казак», потом (свыше десяти лет) преподавателем истории казахской литературы в Казахском государственном педагогическом институте, главным редактором литературного журнала «Әдебиет майданы». И все эти годы он был одним из руководителей писательской организации и Союза писателей Казахстана.

Работу в руководящих советских органах, а также в области журналистики и народного просвещения С.Сейфуллин совмещал со своим главным призванием — писателя и поэта. Начав свой творческий путь как поэт-лирик в сборнике «Минувшие дни» (1916 г.), он уже в 1922 г. выступил как поэт, утверждающий преимущества советского строя (сборник «Неукротимый тулпар»). Для всей советской поэзии того времени была характерна тяга заглянуть в прекрасное будущее, некоторая декларативность и лозунговость. Поэзия Сейфуллина тоже не избежала этого, но, несмотря на это, она и сегодня подкупает высоким чувством любви к родине («Советстан», «Экспресс», «Қызыл ат»).

Народ признал и полюбил замечательного поэта. В республике широко отмечалось двадцатилетие его творческой деятельности. Последовавшие сразу же обвинения в национализме и официальная отмена пропаганды его творчества народом поддержаны не были.

В 1934 г. увидела свет поэма Сакена Сейфуллина «Қызыл ат». Красный конь воплощает в себе все живое, не покорившееся ударам судьбы. В этом произведении автор раньше постановлений и решений осознал неверные ориентиры и попытался донести свой взгляд на события 20-х — начала 30-х годов до читателя.

Сакен Сейфуллин, человек острого ума и широкого сердца, удивительно талантливый, притягивал к себе самых разных людей. Студенческая молодость, начало творческого пути связывали его с Магжаном Жумабаевым. В тяжкие периоды жизни Магжан находил поддержку и понимание у Сейфуллина. Так было, когда Сакен пригласил его в Акмолинск работать в органах народного образования, так было и в 1937 г., когда, оказавшись без работы, Магжан приехал в Алма-Ату. Нужно было иметь высокое гражданское мужество, чтобы в годы террора против интеллигенции способствовать переизданию поэмы Шакарима «Лейли и Меджнун», встать на защиту А.Байтурсынова.

В своих выступлениях С.Сейфуллин неоднократно подчеркивал необходимость неукоснительного следования принципу объективности в отражении жизни народа в произведениях писателей и поэтов. Так, выступая в августе 1934 г. на Первом съезде Союза писателей СССР в прениях по докладу Н.И.Бухарина, Сейфуллин сказал об однобоком изображении представителей других национальностей в русской советской литературе и в этой связи подверг критике Иванова и Шкловского. В частности, было отмечено, что «Вс. Иванов много пишет из жизни азиатских народностей. Но в его тоне, особенно в тоне его ранних произведений, проступает барское отношение к малым народностям. Он иногда рисует героя малых народностей наивным, а иногда и идиотом. Он иногда даже географии не знает, он не знает, где находится Казахстан и кто такие казахи, он не знает, где находится Киргизстан и кто такие киргизы... Шкловский, когда проезжал по Турксибу через Казахстан, написал очерки о казахах из окна вагона, причем утверждает, что казахи называют себя киргизами» [6].

Будучи председателем Совнаркома, несмотря на запрет областного комитета партии, считавшего недопустимым организацию советскими органами данного юбилея, в январе 1923 г. в Оренбурге Сакен Сейфуллин организовал празднование 50-летнего юбилея Ахмета Байтурсынова [7]. На страницах периодической печати были опубликованы материалы, посвященные научной и педагогической деятельности известного тюрколога, его вкладу в развитие культуры Казахстана.

Всесторонний анализ научных трудов А.Байтурсынова был дан в работе И.Омарова, особо подчеркнувшего значение трудов юбиляра для просвещения народных масс. М.Дулатов в одноименном библиографическом очерке подробно проследил знаковые этапы в становлении Ахмета Байтурсынова как просветителя, ученого и защитника народных интересов [8]. В свою очередь С.Сейфуллин в юбилейной статье особо подчеркивал подчиненность всей деятельности Ахмета Байтурсыновича единственной цели — служению своему народу. В статье «Ахмету Байтурсынову — 50 лет» выражены, по фразеологии того времени, крамольные мысли. Вопреки официальной пропаганде поэт утверждает, что Ахмет Байтурсынов — «истинный сын народа» [9].

В 1970 г. в бассейне р. Сарысу был найден памятник Туйемайнак. Здесь была собрана коллекция из 2043 различных изделий: нуклеусов — 218, отщепов и пластин — 891, ретушированных орудий — 80 [5; 102–103].

В 1985–1988 гг. планомерные археологические раскопки в Батпаке, в том числе и Батпаке 7, проводит Целиноградская археологическая экспедиция.

В 1968–1971 гг. в верховьях Ишима были открыты местонахождения Вишнёвка 1, 3, 4. На стоянке Вишнёвка 1 были выявлены разновременные материалы — поздний палеолит, неолит. В коллекции были и двухсторонние орудия, аналогичные орудиям из стоянки Тоскудук 1 и Кудайколь. На стоянке Вишнёвка 3–4 были обнаружены изделия из окремнённого алевролита девона на склонах каменистых сопков, которые, в свою очередь, образуют коренной склон долины Ишима. Интерес представляют рубила-бифасы ашельского периода, дисковидные и леваллуазские нуклеусы, а также предметы средне- и позднепалеолитических типов на стоянке Вишнёвка 4.

В открытии археологических памятников палеолита Центрального Казахстана немалая заслуга принадлежит геологам. Летом 1950–1951 гг. геологами С.М.Бандалетовым и М.Ф.Никитиным были

найлены каменные орудия палеолитического периода в долинах рек Карасу и Оленты Карагандинской области, позже описанные А.Г.Максимовой [2; 7].

Интересными оказались сборы каменных орудий В.С.Панцырева, проведенные летом 1960 г. в ущелье Кенжебайсай.

М.Н.Клапчук проводит полевые работы в бассейнах рек Сарысу, Нуры и Ишима. На территории Карагандинской области М.Н.Клапчуком были найдены местонахождения Батпак 7, Карабас 3, Ангренсор 2, из них первое «обладает культурным слоем, залегающим на глубине 1,20–5,60 м». В нем найдены кости млекопитающих мамонтовой фауны, в частности, по определению Б.С.Кожамкуловой, *Mammuthus primigenius Blum*, *Coelodonta antiotatis Blum*, *Rangifer tarandus L.* Среди обнаруженных каменных изделий обращают на себя внимание две крупные пластины с треугольным и трапециевидным поперечным сечением, скребло и наконечники дротика из туфа темного цвета. Аналогичные орудия встречаются и в сибирских верхнепалеолитических стоянках. На местонахождении Карабас 3, в 45 км юго-западнее г. Караганды, среди обнаруженных 172 порфириновых изделий есть два дисковидных нуклеуса, шесть желваков со следами сколов, рубящее орудие и фрагмент наконечника дротика.

Ангренсор 2 находится на северо-восточной окраине региона, южнее г. Экибастуза, на южном шлейфе сопки, прикрывающей с севера оз. Ангренсор. Здесь в основном преобладает материал из яшмы, среди которого нуклеусы (дисковидные, конические, многоплощадочные), широкие отщепы с выраженными ударными бугорками, рубиловидное орудие, резцы-проколки, скребки, фрагменты листовидных наконечников-дротиков. Каменные изделия стоянки обнаруживают сходство с инвентарем сибирских верхнепалеолитических стоянок [9; 4].

К мустьерским стоянкам относится ряд памятников Центрального Казахстана, которые были исследованы еще М.Н.Клапчуком. Это такие стоянки, как Кызылжар 3, Космола, Батпак 8 и 12.

Стоянка Кызылжар 3 расположена на 7,3 км западнее одноименного поселка Жанааркинского района Карагандинской области, на р. Сарысу. В 1962 г. на поверхности карбонатного горизонта М.Н.Клапчуком был обнаружен небольшой дисковидный нуклеус, характерный для мустьерских культурных комплексов. На обеих рабочих поверхностях нуклеуса имеются негативы коротких и глубоких сколов, идущих от краев к центру изделия, следовательно, полученные отщепы были с большими ударными бугорками. Рядом выявлен небольшой отщеп. Обе находки носят мустьерский облик.

Еще 2 мустьерских памятника открыты в верховьях р. Ишима, по его левобережному притоку Батпак в Осакаровском районе Карагандинской области, в 80 км севернее г. Караганды. Это Батпак 8 и 12, расположенные у ручья Батпак, где на поверхности террасы собраны обломки дисковидных нуклеусов, короткие пластинки с параллельными краями, треугольные сколы с массивными основаниями и отщепы. Следует сказать, что на стоянке Батпак 12 на площади 12 кв. м М.Н.Клапчуком производились раскопки и на глубине 0,2 м от современной поверхности были обнаружены каменные изделия из кремнисто-железистой породы.

Передержка 1–2 расположены в 4 км южнее брода через р. Сарысу, на пути из Жезказгана в Кенсе. В их каменном инвентаре имеются орудия среднего и верхнего палеолита. Самыми древними М.Н.Клапчук считает «веероидный» и двухплощадочные нуклеусы двухсторонней обработки для скалывания леваллуазских пластин, массивные широкие пластины, а также зубчатые пластины, аналогичные изделиям, найденным на стоянке Обирахмат в Узбекистане.

Хребет Жаман-Айбат расположен в юго-западной части Карагандинской области, в 150 км к юго-востоку от г. Жезказгана, между песками Жетыконур на западе и пустынным плато Батпак-Дала на юге.

В 1964 г. М.Н.Клапчуком в этом районе было открыто 11 памятников эпохи камня, среди которых наиболее интересно нижнепалеолитическое местонахождение с двумя скоплениями находок — Жаман-Айбат 4 и 5. Были обнаружены 10 крупных желваков из песчаника со следами искусственной обивки и два нуклеуса, один из которых имеет кубовидную форму и несколько ударных площадок. Такие нуклеусы известны на стоянке Яштух. Кроме того, здесь встречены пластины, множество отходов производства крупных размеров со следами выветривания. Некоторые изделия рубиловидной формы имеют аналогии в инвентаре нижнепалеолитических стоянок Кавказа (Джрабер, Кударо 1). Это дает основание отнести Жаман-Айбат к сашельской эпохе.

Летом 1967 г. в Центральном Казахстане М.Н.Клапчуком открыто местонахождение Обалысай 1, которое находится в 4 км юго-западнее бывшего с. Жетыконур Улытауского района Карагандинской области. Среди каменных изделий преобладают гальки со следами искусственного снятия единичных сколов, нуклеусы и орудия. Интерес представляет рубящее орудие, относимое к нуклевидным дву-

сторонним изделиям типа чоппингов. Орудие своей формой, размерами и степенью окатанности аналогично орудиям из местонахождений Борьказган и Танирказган (Южный Казахстан). Описывая изделия, сопоставляя их с изделиями ашельских памятников других регионов, М.Н.Клапчук датирует Обалысай 1 концом нижнего и началом среднего плейстоцена.

Проделанная М.Н.Клапчуком работа представляет огромный интерес и в настоящее время, хотя некоторые его положения были подвергнуты критике и не прижились в науке.

А.Г.Медоев работал в те же годы, что и М.Н.Клапчук, но основной упор делал на памятники «открытого типа» в Северном Прибалхашье и Левобережном Прииртышье. Так, в Северном Прибалхашье в бассейне р. Туранги им было обнаружено более десятка памятников эпохи камня, начиная от раннего и заканчивая поздним периодом. В литературу вошли такие стоянки мустьерского времени, как Семизбугы, Хантау, Бале. А.Г.Медоев впервые составил хронологическую шкалу палеолита Казахстана на основе археологических материалов, но с учетом данных геологии, геоморфологии и других естественных наук, в которой Центральному Казахстану отводилась определенная роль. Не все согласны с его утверждениями, но это была первая попытка сведения всех данных по палеолиту, известных к тому времени, в достаточно стройную схему. В Северном Прибалхашье шла непрерывная линия развития от ашеля до позднего палеолита, которая была представлена саякской культурой.

А.Г.Медоев предлагал включить поздний палеолит Северного Прибалхашья в сибирско-монгольскую позднепалеолитическую провинцию как локальную фракцию [10].

Работы в Центральном Казахстане, начатые М.Н.Клапчуком и А.Г.Медоевым, в дальнейшем продолжает В.С.Волошин (конец 60-х годов). Им было открыто более десяти местонахождений и стоянок каменного века, датируемых мустьерским и позднепалеолитическим временем. Наибольший интерес среди них представляет стоянка Вишнёвка, которая содержит в себе два культурных слоя.

В.С.Волошиным проводились археологические раскопки на стратифицированных объектах палеолита Батпак 7, Ангрensor 2, которые дали богатый фактологический материал. На основе многолетних изысканий палеолита региона он предложил схему периодизации палеолита Центрального Казахстана с использованием хроностратиграфических данных.

В 1984 г. интересные находки памятников каменного века были сделаны отрядом ЦКАЭ по изучению памятников эпохи камня региона под руководством Ж.К.Таймагамбетова. Им были введены в научный оборот артефакты стоянок эпохи палеолита Огизтау и Улькен Акмая, а также группы стоянок эпохи палеолита-неолита Мыржик, Каратобе, Акмая и др., общим количеством свыше сорока.

О.А.Артюховой была найдена стоянка Бурма 1 в Карагандинской области, а также исследован ряд памятников Северного Прибалхашья, которые были открыты ещё в своё время А.Г.Медоевым.

В конце 90-х годов XX в. исследования эпохи камня Центрального Казахстана проводила совместная Российско-Казахстанская комплексная археологическая экспедиция (СРКАЭ) под руководством А.П.Деревянко и Ж.К.Таймагамбетова.

В 1998 г. проводились археологические работы в Северном Прибалхашье, в юго-западной части гор Семизбугы. Было выделено 11 местонахождений, на которых было собрано свыше двадцати тысяч изделий ашельской, мустьерской и позднепалеолитической культур.

В эти годы СРКАЭ были проведены археологические раскопки на памятнике Кудайколь 1 и 2 в Левобережном Прииртышье и Саяк 1–8, Балхаш 1–6 в Северном Прибалхашье.

Суммируя изложенное выше, можно выделить основные узловые моменты в исследовании. Палеолит региона остаётся, к сожалению, слабоизученным из-за отсутствия широкомасштабных раскопок стратифицированных памятников, неравномерного разведочного обследования по выявлению памятников, определению их специфики и своеобразия, отражающих экологическое разнообразие природных ландшафтов региона, неимения антропологических материалов.

На сегодняшний день обследована лишь часть территории региона — бассейны рек Сарысу, Нуры, Северное Прибалхашье и единичные памятники в районе озера Кудайколь и др., что не позволяет дать полноценную реконструкцию жизни и быта древнейших охотничьих коллективов палеолита, обитавших на территории Сары-Арки.

#### Список литературы

1. Археологическая карта Казахстана: Реестр / Отв. ред. Е.И.Агеева, А.К.Акишев. — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. — 450 с.



2. Максимова А.Г. Находки палеолитических орудий в северо-восточной части Центрального Казахстана // Вестн. АН КазССР. — 1953. — № 2.
3. Акишев К.А. Памятники старины Северного Казахстана // Тр. ИИАЭ АН КазССР. — Алма-Ата, 1992. — Т. 7.
4. Кланчук М.Н. Первые палеолитические находки в Центральном Казахстане // СА. — 1964. — № 3. — С. 268–272.
5. Волошин В.С. Из истории изучения палеолита Сары-Арки // Казахская цивилизация. — 2001. — № 1. — С. 98–114.
6. Сосновский Г.П. О поисках палеолита в Казахстане // Известия АН КазССР. — 1948. — № 46. — С. 10–11.
7. Формозов А.А. Из новейшей литературы по палеолиту Казахстана и Средней Азии // БКИЧП. — 1953. — № 19. — С. 90–92.
8. Окладников А.П. Освоение палеолитическим человеком Сибири // Материалы по четвертичному периоду СССР. — 1950. — Вып. 2. — С. 150–158.
9. Ломан В.Г. Историко-культурное наследие Сары-Арки: Сб. науч. ст. // Карагандинская обл. инспекция по охране и использованию историко-культурного наследия, Караганд. гос. ун-т. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. — 213 с.
10. Медоев А.Г. Проблемы палеолита Казахстана (начальный этап) // Проблемы изучения и охраны памятников культуры Казахстана. — Алма-Ата, 1980. — С. 161–162.

ӘОЖ 2 [39+34] (574)

## **Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық жүйесінің жалпы діни жағдайы мен ислам дамуына ықпалы**

Сатанов А.Б., Өскембаев Қ.С.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье рассматривается состояние нормативно-правовой системы Республики Казахстан, регулирующей формирование и развитие религиозного положения, движения, мировоззрения и межконфессиональных отношений. Были использованы целый комплекс правовых актов, научные исследования ученых религиоведческой отрасли, мнения политиков и государственных деятелей о современной правовой системе республики и ее влиянии на религиозное положение страны и развитие ислама в Казахстане.

The article discusses the state of the legal system of the Republic of Kazakhstan, which regulates the formation and development of the religious position, movement, philosophy and interfaith relations. We used a range of instruments, research scientists theological industry opinions of politicians and statesmen of the modern legal system of the republic and its influence on the religious situation in the country and the development of Islam in Kazakhstan.

Қазақстан Республикасы егемендігін және тәуелсіздігін жариялаған кезде 70 жыл бойы үстемдік еткен әміршіл-әкімшіл жүйенің жойылу процесі басталды. Тоталитарлық жүйеден демократияға аяқ басып отырған мемлекетте саяси, экономикалық және мәдени салалар бойынша үлкен бетбұрыстар мен өзгерістер жасалынды. Қазақстанда діннің қайта жандануы байқалды. Әміршіл-әкімшіл әдістерге негізделген экономикадан нарықтық қатынастарға өту барысында кеңестік идеологияның жариялаған «догмаларын» қайта қарастырып, қоғам санасында заманға сай рухани құндылықтарды қалыптастыру ұмтылыстары өте маңызды қадам болды. Адамдарға болашаққа сенім беретін, жаңа өмір сүру ортасын қалыптастырып, алға жетелейтін рухани күш қажет еді. Бұның барлығы қоғам өмірінде діннің маңызды деңгейге шығуына әсер етті.

XX ғасырдың 90-жылдары Қазақстанда ислам дінінің «реабилитациялық» кезеңіне бірқатар белгілер тән болды. Олардың ішінде 1992 жылы қабылданған дін туралы заңның салыстырмалы-либералды сипаты; 1990 жылы Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының құрылуы (ҚМДБ); өкіметтің ҚМДБ-ның ислам дінін жаңғырту бойынша жүргізіп жатқан іс-шараларды құру жұмыстарын қолдау және оларды жүзеге асыруға атсалысу. Халықаралық қатынастарда мұсылман елдерімен байланыс орнатуға және шетел елдерде дін саласы бойынша мамандарды даярлау әрекеттері жасалынды.

Дін және діни ұйымдардың қызметі туралы нормативтік нормалар Конституция, Азаматтық кодекс [1; 46] және 1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы»

заңда («Дін туралы заң») [2] қарастырылды. Мемлекет басшылары діннің гуманистік сипатын, қоғам өміріндегі біріктірушілік қызметін жоғары бағалады, бірақ оған қарамастан ішкі және сыртқы саясатта діни принциптерді қолданудан және діни негізде партияларды құрудан бастартты.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілгендей, мемлекетіміз зайырлы болғандықтан [3], тәуелсіздіктен кейінгі жылдары үкімет органдары діни ұйымдардың жұмыстарына бақылау жасамаған. АҚШ мемлекет басқармасының «Демократия, адам құқықтары және еңбек бюросы» жариялаған «Қазақстан халықаралық діни бостандық есебі» (2002) [4] де осыны растайды. Алайда, жоғарыда айтқанымыздай, дін мемлекетті қалыптастыратын негізгі әлеуметтік институттардың бастыларынан және азаматтық қатынастарда маңызды рөл атқаратындықтан, мемлекет ұйымдары мен құрылымдарының ішінде дін саласымен жұмыс істейтін мекемелер және органдар болуы заңды. Осы орайда ҚР Үкіметі қарамағында діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңес құрылған. Кеңестің облыстар мен Астана және Алматы қалаларындағы бөлімшелері тікелей діни бірлестіктер және конфессиялармен (жамағаттармен), сонымен қатар әкімдіктер, Әділет министрлігінің тіркеу қызметі, Ішкі істер министрлігіне қарасты мекемелер, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мәдениет министрлігі сияқты құзырлы мекемелермен етене байланыс жасайды.

Я.Трофимова, А.Артемова, және К.Шүлембаева сияқты ғалымдардың ойы бойынша, 90-жылдары қабылданған Қазақстанның білім беру және дін мен діни ұйымдарды реттеу туралы заңдар өте либералды болып келді [5].

1992 жылы 15 қаңтарда қабылданған «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заң 5 тараудан және 24 баптан құрастырылды. Қазіргі кезде Қазақстанда қалыптасқан діни жағдай және соған қарасты мәселелер дін туралы заңның олқылықтары мен легитимдік либералдылығына байланысты. Әсіресе бүгінгі күні Қазақстан өз алдына әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу, Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуге т.б. мақсаттарды қойып отыр. Бұндай жағдайда елдің ішкі жағдайы тұрақты болуы керек. Бірақ бүгінгі таңда республикада әр түрлі діни ағымдар, секталар және миссионерлер көбейіп кетті. Солардың қатарында дәстүрлі емес діндердің үлесі өте көп. Сондықтан да республикада қалыптасқан күрделі діни жағдай бірінші кезекте ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін. Бірақ мемлекет діни жағдайды ретке келтіру мақсатында бірқатар әрекеттер жасады. 2008 жылға дейін дін туралы заңға жеті рет өзгерістер мен толықтырулар жасалынды [6]. Қазір де оны тағы да парламент пен үкіметтің талқылауына салды.

Дін туралы заңның алғашқы нұсқасына келетін болсақ, оның I-тарауы 1-бабында «Осы заң Республика Конституциясында, сондай-ақ адам құқықтары туралы халықаралық актілер мен келісімдерде баянды етілген азаматтардың діни сенім бостандығы жөнінде құқықтарын іске асыруға кепілдік береді» деп айтылды [2; 3]. Яғни бірден заңның Қазақстан Республикасының Конституциясына қарсы келмейтіндігі жарияланды, кейінгі кезде дін туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар жасалған кезде ең алдымен солардың ҚР Конституциясына қайшы келмейтініне назар аударылды. Яғни ҚР жариялаған ар-ождан және діни бостандығы, адамдардың өмірі мен құқықтарының құндылығы әуел бастан-ақ мемлекет саясатының басты назарында болды. Сөйтіп, дін туралы заңның 3-бабында айтылғандай, ҚР-ның басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жеке өзі, сондай-ақ басқалармен бірге кез келген дінді еркін ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға құқылы, жалпы адамдардың діни өміріне қатысты мемлекет араласпайтыны жарияланды [2; 3]. Діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген. Барлық діндер мен діни бірлестіктер басқаларға қарағанда ешқандай артықшылықтарды пайдаланбайды. Діни бірлестіктер қандай да болсын мемлекеттік қызметтер атқармайды, мемлекет те діни бірлестіктердің қызметіне, егер ол заңға қайшы келмесе, араласпайды. Мемлекет діни бірлестіктерді қаржыландырмайды. Діни негіздегі партиялардың құрылуына жол берілмеді. Мемлекет өз тарапынан дін ұстанатын және оны ұстанбайтын азаматтар арасында өзара төзімділік пен құрмет қатынастарын орнықтыруға жәрдемдеседі. Мектепті діни бірлестіктерден бөлу және мемлекеттік білім берудің рухани сипаты жарияланды [2; 5]. Әрине, дін туралы заңның демократиялық сипатын жоққа шығаруға болмайды. КСРО ыдырағаннан кейін демократиялық кезеңге аяқ басқан Қазақстан көпұлтты, көпконфессиялы елге айналды. 130-ға жуық этностардың, 50-ге жуық конфессиялардың мүддесін ескеру мақсатында 90-жылдары қабылданған заңдардың көбісі өте либералды болды. Бір жағынан, бұл жаңа ғана тәуелсіздікке қол жеткізген көпұлтты мемлекет үшін де заңды қадам еді. Өйткені сол кезде республикада және қазір де ұлтаралық, дінаралық араздықтардың шығуына жол берілмеуі тиіс болды. Бірақ дін туралы заңның әлсіз жақтары және олқы тұстары да көп болды. Соны пайдалана

отырып, шетелдің көптеген діни ағымдары, миссионерлері, секталары, бірлестіктері келіп, Қазақстанда орнығуға мүмкіндік алды.

Айталық, 1992 жылы қабылданған заңда миссионерлік қызмет және Қазақстандағы миссионерлер, оларды тіркеу жөнінде ештеңе айтылған жоқ. Сондықтан да жергілікті үкімет органдары діни жағдай туралы ақпаратпен тиісті жағдайда қамтамасыз етілмеген. Сонымен қатар діни ұйымдарды тіркеу туралы тармақтар екіжақты қарастырылды. Діни бірлестіктердің тіркелуі жөніндегі баптар мен тармақтардың кейбіреулерінде нақтылық болған жоқ. Мәселен, діни бірлестіктердің жергілікті жерлерде тіркелуі жөнінде.

Жергілікті діни ұйымдар (қауымдар) жайлы анықтама абстрактілі берілген. Заңда діни ұйымдардың жарлығын жасау туралы міндеттеме болған жоқ, сол себептен олар тіркелуден де өтпеді. Азамат кодексінде діни ұйымдарға берілген анықтама да толық анықталмаған болып келді. «Діни ұйым бұл заң актілерінің бекіткен тәртіптері бойынша рухани қажеттіліктерді өтеу үшін, ортақ мүдделердің негізінде құрылған азаматтардың ерікті ұйымдары болып табылады» [1; 46]. Әрине, бұл олқылықтар Қазақстан жеріне шетелден діни ағымдардың көптеп ағылып келуіне, әсіресе бұл тұрғыда дәстүрлі емес және ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін діни қозғалыстардың республика аумағында орнығуына себепші болды. Заңның 13-бабында: «Діни бірлестіктердің діни мақсаттағы заттарды, құдайға құлшылық ету әдебиетін және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды басып шығаруға, өндіруге, шетелден шығаруға, шетелден әкелуге және таратуға қақысы бар», — деп жарияланды [2; 9]. Бұған қоса, 8-бапта «Діни бірлестік қызметінің діни дәріс жағын айқындайтын құжаттар мемлекеттік органдарға тіркелуге жатпайды» деп айтылды [2; 7]. Яғни, діни бірлестіктер Қазақстанда діни әдебиеттерді емін-еркін таратуға, қалауы бойынша кез келген діни үлгідегі кітаптарды шетелден алып келіп, республика халқы арасында таратуға құқылы болып шықты. Ал кейбір діни бірлестіктер Заңдағы қайырымдылық және мәдени-ағарту қызметі жөніндегі баптың жариялаған мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қайырымдылық жасау арқылы халықты өз дініне тартуға тырысты.

Заң бекітушілері діни ұйымдардың шектелген тізімін белгілемеді, сол ұйымдарға жергілікті діни ұйымдар (қауымдар), діни басқармалар (орталықтар) және олардың құрылымдық таралымдар, сонымен қатар рухани оқу орындары, мешіттер, монастырьлер, миссиялар және т.б. жатқызылды.

Заңның Діни бірлестік жарғысын тіркеуден бастарту және Діни бірлестік қызметінің тоқтатыла тұруы және доғарылуы туралы 10 және 11-баптары нақтыланбаған, сол баптарда қарастырылған діни бірлестіктердің қызметін тоқтату, діни бірлестіктердің таратылу және қайта ұйымдастыру жағдайлары толық қарастырылмаған, әрі олардың қызметінің доғарылу процедураларына тоқталынбаған. Діни бірлестіктердің Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайлары, сол үшін жауапкершілікке тартылу мәселелері тиісті дәрежеде қарастырылмаған.

Дін туралы заңдағы олқы тұстарының арқасында республикадағы діни жағдай күрделініп, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіре алатын діни бірлестіктер, секталар пайда болды. Қалыптасқан жағдайды тұрақтандыру мақсатында 1991 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңға жеті рет өзгерістер мен толықтырулар жасалынды. Бұл іс-шаралар ҚР-сы Конституциясы мен халықаралық келісім-шарттар мен құқықтық нормаларға сай жасалынды.

Діни бостандық туралы жаңа заң әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтеп, Қазақстанның демократиялық, зайырлылық принциптерін ұстана отырып, Қазақстан халықтарының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын және конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың нанымдарын құрметтеуді жариялаған кіріспемен толықтырылған болатын. Заң ішінде пайдаланылған «ғибадат үйі», «миссионерлік қызмет», «діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті орган» деген негізгі ұғымдарға түсінік берілді. Заңның Мемлекет және діни бірлестіктер деген 4-бабына толықтырулар енгізілді. Мәселен, «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді» деп жарияланды [2; 2]. Діни экстремизмді насихаттауға, конфессияаралық айырмашылықтарды саяси мақсаттарға пайдалануға бағытталған іс-әрекеттерге жол берілмейтін болды. Дінтану сараптамасы туралы мәселе қозғалды. Миссионерлік қызмет туралы айтылып, оны жүргізу үшін есептік тіркеуден өту керек деп белгіленді. Миссионерлік қызметті жүргізетін адамдар жөнінде де мәселе қозғалды. Миссионерлер жергілікті атқарушы органдарда жыл сайын тіркеуден өтуге мәжбүр деген шешім қабылданды. Миссионерлік қызметті жүргізу үшін тіркеуден өтіп, рұқсат алу мақсатында қажетті құжаттар белгіленді. Миссионерлік қызметке арналған

әдебиет, діни мақсаттағы аудио-, бейнематериалдар және өзге де заттар жергілікті атқарушы органдарға ұсынылып, келісіліп қолданылуы тиіс деп жарияланды [2; 2].

Заңның мектепті діни бірлестіктерден бөлу және мемлекеттік білім берудің рухани сипаты жөніндегі 5-бапқа өзгерістер енгізілді. «Діни пәндерді оқыту ерікті негізде мемлекеттік емес оқу және тәрбие орындарында жүргізілуі мүмкін», «Дінтану» пәндері мемлекеттік оқу орындарының бағдарламаларына енгізілуі мүмкін» деген сөздер мүлдем алынып тасталды. Баланы діни тәрбиелеу оның тәндік, психикалық саулығына және имандылық рухында дамуына залал келтірілмеуі тиіс деген талаптар қойылды [2; 2].

6-бапта ҚР-ның діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі мемлекеттік орган туралы айтылған. Сол орган ҚР Президентінің қаулысымен таратылып, оның орнына Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті орган құрылды. Діни жағдайды бақылауға алған жаңа құрылған органның құзыреті әлдеқайда кең болды. Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі мемлекеттік орган көбінесе мемлекетте діни істер бойынша қосалқы жұмыстарды атқарды. Әрі оның құзыреті толығымен анықталмаған және өте тар шеңберде болды. Ал жаңа пайда болған уәкілетті органның қолында діни мәселелер бойынша саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастырушы, ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүзеге асырушы, сараптау, түсіндіру, атқару, бақылау, ұсынушы, т.б. сол сияқты жұмыстарды атқарушы қызметі шоғырланған болатын. Сонымен қатар 6-бапқа облыстардың (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың), аудандардың діни бірлестіктермен қарым-қатынастарды реттеу саласындағы жергілікті атқарушы органдардың құзыреттілігі жөніндегі толықтырулар енгізілді.

Заңдағы Діни бірлестіктің жарғысы (ережесі) туралы бапты нақтылау және толығымен айқындауға тырысу мақсатында оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Діни бірлестіктің жарғысында:

- діни бірлестік атауы, орналасқан жері және шегінде ол өз қызметін жүргізетін аумақ;
- ұстанатын діні, қызметінің мәні мен мақсаты;
- діни бірлестіктің құрылымы, қалыптасу тәртібі, оның басқару органдарының құзыры мен өкілеттілігінің мерзімі;
- діни бірлестіктің құқықтары мен міндеттері;
- діни бірлестік мүлкінің құралу тәртібі;
- діни бірлестік жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі;
- діни бірлестік жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі көрсетілуі тиіс болды [2; 3]. Діни бірлестікті қайта ұйымдастыру мен тарату туралы тәртіп енгізілуі керек деген талап қойылды.

Діни бірлестіктерді тіркеу туралы шарттар нақтыланды, яғни екі немесе одан да көп облыстарда әрекет ететін басқармалар мен орталықтар ҚР Әділет министрлігі, ал жергілікті діни бірлестіктерді тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асыруы керек деп айқындалды. Дегенмен діни бірлестіктерді тіркеу туралы талаптарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе де, республикада заңсыз, тіркеуден өтпей қызмет атқарып жүрген діни ағымдар, қозғалыстар өте көп.

ҚР Президентінің Жарлығымен Діни бірлестік жарғысын тіркеуден бастарту туралы 10-бап алынып тасталынды. Оның орнына діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру туралы талаптар енгізілді. Онда ҚР заңдарын бұзған діни бірлестіктердің қызметін тоқтату және сол кездегі олардың жағдайлары туралы сөз қозғалды. 11-бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, діни бірлестікті қайта ұйымдастыру және тарату туралы айтылды. Діни бірлестікті қайта ұйымдастыруға қосылу, бірігу, бөлініп шығу, қайта құру сияқты әрекеттер жатады деп белгіленді. Ал оларды тарату үшін ҚР заң актілері және Діни бірлестіктің жарғысында көзделген тәртіппен оның Қазақстанның аумағындағы жоғары органының шешімімен не сот шешімі бойынша жүргізіледі. Заңдағы діни сипаттағы мерзімді басылымдарды және құдайға құлшылық ету мақсаты көзделмейтін өзге де діни әдебиетті шығару бақылауға алынып, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылуы керек деп жарияланды.

30.01.2001 ж. қабылданған ҚР «Әкімшілік заң бұзушылықтар жөніндегі кодексі» [7] ҚР соттарына белгілі тәртіп бойынша тіркелмеген діни бірлестіктердің жұмысын тоқтатуға немесе айыппұл салуға құқық берген. 2001 жылғы ақпан айынан бастап республикамыздың кейбір аймақтарында аталмыш заң бұзушылықтар орын алып, ҚР соттары тиісті шараларды қолданған.

Мемлекет және дін қатынастарының өзекті бір мәселесі — азаматтардың дін саласында білім алу, оқу құқығын пайдалануы. Еліміздегі «Білім» туралы заңда бұл мәселе толық шешімін тапқан

емес [8]. Бүгінгі күні Қазақстанда 8 діни жоғары оқу орны, 6 орта дәрежелі діни оқу орны мен 3 жалпы білім беру мекемесі жұмыс істеуде. Жоғары оқу орындарынан екеуі мұсылмандардікі. Олар «Нұр-Мұбарак Мысыр ислам мәдениеті университеті» және ҚМДБ қарамағындағы «Имамдардың біліктілігін жетілдіру институты». Бұған қоса 1 католик, 1 лютеран және 4 протестант оқу орны бар. Енді осы діндер мен конфессияларды ұстанатын адамдардың жалпы санына шағатын болсақ, сан жағынан ең аз болып табылатын протестанттардың еншісіне ең көп жоғары оқу орны, ал мұсылмандарға болса ең аз оқу орны түсетіні байқалады. Қайталап айтқанда, протестантизм бағытындағы діни бірлестіктер мен діни оқу орындарының саны бәрінен жоғары.

«Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе де, бұл әлі де болса, республикадағы діни жағдайды реттеп, бір жүйеге келтіре алмады. Заңдардың тым либералдылығы және жүзеге асырылу механизмінің әлсіздігі Қазақстанда дәстүрлі емес діни ұйымдардың көптеп пайда болуына алып келді. Дәстүрлі емес діни бірлестіктердің санының өскені сонша, тіпті олар Қазақстандағы дәстүрлі діни бірлестіктердің санынан басым түсе бастады. Бұл жағдай жетекші конфессиялар діни басшыларының қарсылығына ұшырады. ҚМДБ төрағасы, бас мүфті Әбсаттар-қажы Дербісәлінің көзқарасы бойынша: «Қазақстан дәстүрлі емес діндер мен тоталитарлы секталар үшін қызмет ету аренасына айналды. Мемлекетіміз зайырлы сипат алса да, діннің биліктен бөлінуі Қазақстанда дін саласы бойынша нақты, ойластырылған саясаттың болмауы керек деген сөз емес, сол саясатты жүзеге асыру үшін, қолданыстағы дін және діни бірлестіктер туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілу керек. Республикада бүкіл конфессиялар мен деноминацияларға қатысты тең дәрежедегі құрметтің көрсетілуі мемлекеттің қазақстандық қоғамның дәстүрлі діндеріне қолдау көрсетпеу керек деген жағдайға әкелмейтін сияқты», — деп айтты [9].

М.Бұлұтай бұл тұрғыда: «Кейінгі жылдары «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар жасалынды. Жаңа заң жобасы Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық конвенциялар мен БҰҰ-ның діни сенім бостандығы жөніндегі конвенцияларға сай жасалынды. Жобада «Қазақстан азаматтары және шетел азаматтары тіркеуден өткеннен кейін миссионерлікпен айналысуға болады» деп айтылған. Демек, онсыз да Қазақстанда көптеп жүрген шетелдік миссионерлерге елімізге келіп, өз қызметін жүргізуге кеңінен жол ашылады. Өйткені тіркеуден өткізу күрделі іс емес. Керекті құжаттарды жасап, қажетті орындарда тіркеледі де, жұмысын жасай береді. Ал ислам діни бойынша кез келген «мұсылмандық ұйым мен мешіттер салу не тіркелу үшін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасынан рұқсат алу керек» деген жаңа толықтырулар өте орынды. Бірақ бұл арада басқа діндердің ұйымдары жөнінде ештеңе айтылмаған. Айталық буддистер, кришнаиттер, протестанттар қайдан рұқсат алады? Тіркеуден өткеннен кейін кез келген жерде діни ұйымдарын сала бастаса, бұл Қазақстанның діни жағдайын одан сайын күрделете түседі. Сонда дәстүрлі емес діндердің ұйымдары өз елдеріндегі діни ұйымдардан Қазақстанда миссионерлік қызмет атқару үшін рұқсат алып жатса, елімізге одан ешқандай пайдасы тимейді. Мәселен, Түркияда грек диаспорасының православие дін басшысы тікелей Түркия мемлекеті келісімімен байланысты тағайындалады.

Ал дін туралы заңда экстремистік ұйымдардың тыйым салу туралы баптың енгізілуі өте дұрыс. Алайда «экстремистер», «экстремистік қызмет» сияқты түсініктерге олардың белгілеріне анықтама толық жасалмаған. Бұл заңның кемшілігінен елдегі ішкі ұлттық тұрақтылыққа үлкен зиян әкелуі мүмкін. Сондықтан дін туралы заң әлі де өзгерістер мен толықтыруларды қажет етеді», — деген ой білдірді [10].

2008 жылы наурызда Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына дәстүрлі жолдауында: «Біздің елдегі «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заң 1992 жылы қабылданған болатын. Бұл заң да өзгерістер енгізуді талап етеді. Қоғамда болып жатқан өзгерістер дін саясатының мәселелерін реттейтін, оның ішінде діни негізде қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуды, конфессияаралық келісімнің, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеуді қамтамасыз ететін нормалар пысықталып, тиімді болып қабылдануы қажет.

Президент айтқандай, бүгінде Қазақстанда мыңдаған әр түрлі миссионерлік ұйымдар жұмыс істейді. Біз олардың мақсаттары мен міндеттерін білмейміз және мұндай еркіншілікке, біздің елімізге қажет емес нәрсеге толық бостандық бермеуіміз керек. Бұған мысал ретінде экстремистік әдебиет таратып, адамдарды мүшелікке тарту фактілері орын алған, біздің елде мойындалмаған «Хизб-ут-Тахрир», «Таблиги Джамаат» атты секталардың қызметін айтуға болады. Заң нормалары діни саясатты

реттеуде «бос орын» қалдырмауы керек және де діни бірлестіктермен қоса, миссионерлер, діни оқу орындарына қатысты өкілеттік пен шектеулерді нақты айқындауы тиіс», — деп атап өтті [11].

Сондықтан да 2008 жылдың көктемінде бір топ Мәжіліс депутаттарының бастамашы болуымен дайындалған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы Парламентте жан-жақты талқыланып, Мемлекет басшысының қол қоюына жіберілген еді.

Қазақстанның діни картасы туралы объективті ой-пікірдің бар болуы қажеттілігін ескере отырып, діни бірлестіктерді оның мемлекеттік тіркеуі туралы шешімді қабылдаған мемлекеттік органды жыл сайын өз қызметінің жалғасуы туралы хабардар етуге міндетті. Азаматтар құқықтарын қорғау мақсатында ритуалды қажеттілік жағдайында азаматтардың қалауы бойынша діни рәсімдерді жақында тұратын азаматтардың, тұрғындардың және көрші пәтер-үйлер меншіктерінің құқықтары мен мүдделерінің сақталып, азаматтардың тұрғын үй-жайларында өткізу көзделген. Әскери бөлімдердегі, ауруханалардағы, қарттар мен мүгедектер үйлеріндегі, алдын ала тұтқындау және жазаны өтеу орындарында өткізілетін діни салттар тек оларда жатқан азаматтардың өтініші бойынша ұйымдар әкімшілігі арнайы бөлетін үй-жайларда жүргізіледі.

Жалпы, заң жобасында діни бірлестіктердің мәртебесін анықтауда көп жаңалықтар бар. Сондықтан жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес заң күшіне енген күннен бастап 18 ай ішінде діни бірлестіктердің қайта тіркелуін жүргізу көзделді.

Осындай жақсы жақтарымен қатар, аталған заңның жобасында көптеген олқылықтар болды. Атап айтар болсақ: 1992 жылғы заңда бүкіл діни бірлестіктер заң алдында бірдей екені өзгермеген күйі қалып отыр.

Қазіргі таңда көптеген еуропалық елдерде мемлекет пен діни бірлестіктердің қарым-қатынасы қалай құрылғанына зер сала қарасақ, бұл елдерде дәстүрлі емес діндер өмір сүргенімен, оларға іс жүзінде емін-еркін қызмет жасауларына еркіндік берілмеген.

Айталық, Италия, Испанияда жаңа діни қозғалыстар, діни бірлестіктер мәртебесі құқығын еншілей алмайды. Литвада 1995 жылы 14 қарашада қабылданған «Діни бірлестіктер мен қоғамдар туралы» заңға сәйкес секталар заңды тұлғалар құқығына ие бола алмайды.

Сонымен, заң жобасы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау қажеттілігін ескеріп, діни бірлестіктердің қызметін реттеуді тәртіпке келтіруге бағытталған. Жобада мемлекеттік органдар да, сондай-ақ діни бірлестіктер де орындауға тиіс ережелер бар.

Құжат жобасындағы ережелер Еуропа елдерінің заңнамаларымен салыстырғанда демократиялық және ымырашыл болып табылады. Бұл елдерде діндарлардың бірлестіктеріне қатаң талаптар қойылған. Мысалы, діни бірлестік ретінде тіркелу үшін құрылатын ұйымда тұрғын халықтың 0,2 пайызынан астам ізбасарлары болуы тиіс, ал қазақстандық өлшемдер бойынша ол 32 мың адамды құрайды. Қолданыстағы қазақстандық заңнаманың Еуропа елдерінің заңнамасынан айырмашылығы — ол діни бірлестіктердің заң алдында тең құқылық қағидатында негізделетіндігі. Осы қағида заң жобасында да сақталған. Және де заң жобасын әзірлеу барысында шетелдердің оң тәжірибесі барынша ескерілді.

Қазақстан ратификациялаған адам құқықтарының халықаралық стандартын бекітетін БҰҰ-ның Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісінде дінді немесе нанымды уағыздау бостандығы заңда белгіленген тәртіпке сәйкес қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулық пен адамгершілікті, сондай-ақ басқа тұлғалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау мақсатында шектелінуі мүмкін. Заң жобасындағы барлық шектеулер БҰҰ талаптарына сәйкес келеді.

Осы жылдың сәуір айында заң жобасы жария етілгеннен кейін Қазақстан аталған заң жобасының халықаралық актілеріне сәйкестігінің сараптамасын жүргізу мақсатында ЕҚЫҰ-ға үндеу жасау жөнінде бастамашылық етті. Сондай-ақ маусым айында заң жобасына ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қорытындысының бірінші нұсқасы берілді. Ал ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сарапшылары бірқатар ұсынылған өзгертулерге оң баға берді. Оларда діни нанымды шектеу тек заң аясында ғана бекітілетіндігі нақтыланып, күндізгі рухани (діни) білім беру ұйымдарында оқитын азаматтар үшін әскери қызметті өтеуді кейінге қалдыруға қатысты құқықтар мен жеңілдіктер енгізу, діни бірлестікті тіркеуден бастарту негіздері қарастырылған.

Екіншіден, адам құқықтарын қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға бағытталған БҰҰ және ЕҚЫҰ актілерінің ережелерін есепке алып, жұмыс топтары отырыстарының барысында заң жобасының бірқатар ережелері алынып тасталды немесе қайта қарастырылды. Мысалы, мәтіндерді

және бейнелерді таратуға және орналастыруға, азаматтардың діни сенімдерін қорлайтын көпшілік шараларды қоғамдық жерлерде және табынушылық ғимараттардан (құрылыстардан) 100 м шегінде өткізуге тыйым салу, миссионерлер квотасы, орталық діни бірлестіктердің елдің жартысынан астам облыстарында кем дегенде он жыл ішінде жергілікті діни бірлестіктердің бар болуы, Қазақстанда шығарылатын әдебиетке дінтану сараптамасын өткізу жөніндегі ереже алынып тасталды.

Сонымен қатар жұмыс топтарының талқылауы кезінде діни әдебиеттерді шығаруды уәкілетті органмен келісу, діни бірлестіктен тыс ұйымдық-құқықтық нысанда діни қызметпен айналысатын заңды тұлғаларды құру мен олардың қызметі үшін әкімшілік жаза қолдану, жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің діни бірлестіктерге түсетін қаржы-қаражаттарын есепке алуға қатысу, жасырын тұлғалардан, сондай-ақ шетел азаматтары мен ұйымдардан садақаларды алуға тыйым салу, осы заңның қолданысқа ену сәтінде басқарма (орталық) ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасы, Астана мен Алматы қалаларының аумағында кем дегенде он жыл қызмет ететін құрылымдық бөлімшелері бар діни бірлестіктер орталық діни бірлестіктер ретінде қайта тіркеуден өту құқықтары бар екендігі туралы ережелер де алынып тасталды.

Ал мына ережелер — қайырымдылық қызметін өткізуге, дінтану сараптамасын өткізуге қатыстырылатын мамандарды нақтылауға, орталық діни бірлестіктерді тіркеуге қойылатын талаптарға және діни топтардың қызметі мен құқықтарына қатыстылар өзгертілді.

Қорыта келгенде, аталмыш заң жобасы адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарына және халықаралық құқық қағидаттарына сәйкес келеді деп айтуға болады.

«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ислам дінінің дамуына қаншалықты әсер етеді? деген сұраққа келетін болсақ, ислам — мұсылман халықтарының рухани қазынасы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, білімі, мәдениеті және тілімен біте қайнасқан дәстүрлі дін. Ислам діні Қазақстан жеріне ұзақ жылдар бойы орнап, ақырында халқымыздың ұлттық дініне айналды. Әрине, қазақтардың мәдениетінде отқа табыну, Тәңірлік діннің ықпалы да байқалады. Бірақ ұлттық мәдениеттің негізінде бірнеше діндердің біте қайнасып, сабақтасып дамуы көптеген өркениеттерге тән құбылыс. Бұған айқын дәлел ретінде Қытай өркениетін мысалға келтіре аламыз. Оның негізінде үш бірдей діни ілім жүйелері жатыр, яғни конфуцианшылдық, даосизм және буддизм. Ал қазақ мәдениетінің негізінде Тәңірлік дін мен ислам дінінің синкреттік байланысы жатыр деп айтсақ қателеспейміз. Сондықтан да Қазақстанда қазақ тілі, мәдениеті мен тарихына қаншалықты баса назар аударылса, сол сияқты ислам дініне де бет аударылуы керек. Өйткені мұсылмандықтың ықпалымен қазақтың мәдениеті дамыды: араб графикасы, сәулет өнері, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, тілі, дүнетанымы, тәлім-тәрбиесі және тағы да сол сияқты. Бұны жоққа шығаруға болмайды. Ал республикада әрекет ететін жат жерлік саентология, благодать, Иеговы куәгерлері, евангелистер, Кришна т.б. секталар мен діни ағымдарды алсақ, олардың әрекеті қазақ халқының санасын улау, Қазақстан жеріне өз дінінің ықпалын тарату, елдің бірлігіне нұқсан келтіру, ұлттық тұтастықтың іргесін құлатуға бағытталған.

Сондықтан да дәстүрлі емес діни бірлестіктер мен миссионерлердің Қазақстанда емін-еркін әрекет етуі үшін жағдай жасалмауы керек. «Барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында бірдей. Ешбір дін немесе діни бірлестік басқаларға қарағанда ешқандай артықшылықтарды пайдаланбайды, дейді Заңның 4-бабында [2; 1]. Заңның осы нормасы қайта қарастырылып, өзгертілуі жөн. Зайырлы мемлекет деп қазақ халқының дәстүрі мен салт-санасын құрбан етуге болмайды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылы ел тыныштығын ойлап қабылданған осы заңдық норманың 18 жылдан кейін Қазақстан аяғына тік тұрып, бізді бүкіл әлем мойындаған кезде ұлтымыздың рухани тұтастығына аса қауіпті жат діндерді ығыстыру керек.

Жалпы Қазақстанның «Дін бостандығы және діни бірлестіктер туралы заң» өзге елдердің, оның ішінде Еуропа мемлекеттерінің дін туралы заңдарымен салыстырғанда, ең демократиялық, өте ымырашыл заң болып табылады. Өйткені Қазақстаннан басқа бірде-бір мемлекетте дәстүрлі емес, сырттан келген дін өкілдеріне дәстүрлі дінмен бірдей теңдік құқығы берілмеген және де оларда дәстүрлі діндер мемлекет тарапынан ресми дін ретінде танылған, басқа діннен артықшылық құқы бар, мемлекет тарапынан қолдауға ие, әрі қаржылық көмек алады, жоғары оқу орындарында пән ретінде оқытылады (бұл жерде мұсылман мемлекеттері айтылып отырған жоқ).

Мысалы, Англияда Англикан шіркеуі жоғары мәртебеге ие, католиктер мен протестанттардың оған құқы жоқ, ал мұсылмандардың мәртебе тұрмақ, бұқаралық ақпарат құралдарына шығуына қақысы жоқ.

Ресей мен Белоруссия православье шіркеуін қолдайды. Ал, Әзербайжан Республикасы ешкімге де жалтақтамай-ақ, 1992 жылы қабылдаған заңында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқтарға діни насихатпен айналысуға тыйым салған. Айта берсе, мысал жеткілікті.

Жаңа заң жобасындағы олқылықтардың тағы бірі, ол 50 азамат бас қосып, діни бірлестік құруға құқылы екендігі, бұрынғы заңда олардың саны 10 еді. Көріп отырғанымыздай, бізде діни бірлестік құрудан оңайы жоқ. Жергілікті діни бірлестіктерді кәметке толған кемінде 50 азамат құратыны көрсетілуі — еліміздің бөлшектене түсуіне тікелей әсер ететін құқықтық норма.

Ал Еуропа елдерінде жағдай мүлдем басқаша. Мысалы, Бельгияда діни бірлестік мәртебесін алу үшін діни бірлестік мүшелерінің саны ондаған мың санға жетуі тиіс, Австрияда — 16 мың, Чехия — 10 мың, Румынияда — 20 мың, Франция, Германия, Швейцария т.б. мемлекеттерде де осы мөлшерлес.

Бұл әрекетке құқықтық тосқауыл қою аса қажеттігін ескеріп, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жергілікті діни бірлестіктердің құрылтайшыларының санын ең кемінде кәметке толған 10 000 азамат деп белгілеуді ұсынған еді. Алайда ол ұсыныс қолдау таппады.

Сондай-ақ кемінде 5 облыстың аумағында жұмыс істеп тұрған жергілікті діни бірлестіктер «Орталық діни бірлестік» болып танылады делінген заң жобасына қатысты ҚМДБ-ның ұсынысы да қабылданбады.

Онда аталған заңның жаңа жобасында республикамыздың демографиялық, тарихи, мәдени, әлеуметтік ерекшеліктері ескерілмегендіктен, әрі Орталық діни ұйым ретінде құрылу үшін діни бірлестіктер тіркелген облыстар мен қалалардың саны негізгі көрсеткіштер емес, ең басты көрсеткіш — Қазақстан халқының 72 пайызын құрайтын мұсылмандар мен 22 пайызын құрайтын православтар болғандықтан, «Қазақстан Республикасындағы Орталық діни ұйымдар — Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) және Қазақстандағы Орыс православье шіркеуі (ҚОПШ) болып табылады» деп нақты атап көрсетіп, бұл мәселеге түбегейлі нүкте қою қажеттігі көрсетілген еді. Өйткені заң жобасындағы ұсыныс осы қалпында қабылданатын болса, еліміздегі Орталық діни ұйымдардың қатарына ҚМДБ және ҚОПШ-пен қатар, протестанттар мен католиктердің, саентология мен Иеговы куәгерлері секілді өзге де зиянды діни-идеологиялық ағымдар мен секталардың бүгін болмаса да, болашақта аталмыш талаптарға сай келіп, бірнеше жылдың көлемінде Қазақстан Республикасының Орталық діни ұйымдарының бірі ретінде ресми түрде танылуы мүмкін. Осыдан келіп Қазақстанның жат діндердің полигонына айналып, оның аяғы қанды қақтығыстарға апарып соқтыруы әбден мүмкін.

Жоғарыда айтылғандай, ел халқының 72 пайызын құрайтын мұсылмандар мемлекеттің байырғы ата-баба дінінің өкілдері болғандықтан, олардың басын қосып біріктіруші Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қоғамдағы орны ерекше. Сол себепті ҚМДБ-ға жаңа заң жобасында ресми қолдау көрсету ұсынылған еді. Себебі дәстүрлі дін ғана мемлекетке тірек бола алады, ал басқа дінсымақтар мемлекетке тірек бола алмайтындығы анық жайт. Қазақстанда ислам дінінің мәртебесін жоғары қойып, мән беріп, басқа теріс пиғылды діндерге тосқауыл қойылса, ол ешқандай демократиядан ауытқу болып есептелінбейді.

Қазақстандағы Мұсылмандар діни басқармасының да, мұсылман дінінің мәртебесінің әлі анықталынбағаны өкінішті-ақ. Діни ағымдар мен секталар арқылы елімізге неше түрлі бүлдіруші саяси-идеологиялық ықпалдардың еніп жатқаны дәлелдеуді қажет етпейді. Бұл — жасырын түрде ықпал етудің ең арзан, ең тиімді, ең ұзақ мерзімді тәсілі. Бұл үшін ислам діни ұйымдарының мәртебесін айқындап, дәстүрлі емес діни ағымдарды ауыздықтау қажеттігі — уақыт талабы. Ел халқының 72 пайызын құрайтын мұсылмандар мемлекеттің байырғы ата-баба дінінің өкілдері болғандықтан, олардың басын қосып біріктіруші Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына ерекше мәртебе берілуі қажет еді. Қазіргі уақытта мешіттердің коммуналдық қызмет төлемдерін төлеуге шамасы жоқ. Имамдар жалақы алмай еңбек етуде. Бұл жағынан мемлекеттің қолдауы өте қажет. Бірақ дін мемлекеттен бөлек деп, мемлекет ондай қолдауға бармай отыр.

Шетелдік діни бірлестіктер қаржыдан таршылық көрмейді. Молшылықта өмір сүріп жүргенін бәріміз көріп жүрміз. Үлкен қалалардың ортасынан ғимарат сатып алу, жер учаскесін алу олар үшін түк емес. Демек, батыстың алпауыт мемлекеттері Қазақстан халқын жаппай шоқындырып, санасын улауға өздерінің осындағы компаниялары арқылы қаржы төгетіні анық. Мұның діни диверсия екені даусыз.

Заң жобасының кіріспесінде «Қазақстан Республикасында Ислам және православье діндерінің құндылықтары танылады»,— деп жазып көрсету керек.



Бұдан басқа, аталған Заңның 12-бабының 6-бөлігінде ғибадат үйлерін салу кезінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының келісімі болу сұралған еді, алайда ол да ескерілмеді. Мұндағы мақсат — ел бірлігі мен тыныштығын сақтау және мемлекеттің қауіпсіздігін нығайту. Өйткені мемлекет тарапынан берілген еркіндікті теріс пайдаланып, ел ішіне іріткі салған Ислам дінінде әр түрлі бағытты ұстанған ұйымдар, топтар пайда болды. Діни басқармадан келісім алу — ғибадат үйлерін теріс пиғылды ағымдардың ұясына айналдырмаудың бірден-бір жолы болмақ. Ислами бағыттағы ғибадатханалардың бір орталыққа бағынып қызмет атқаруы теріс әрекеттер мен заңсыздықтарды болдырмаудың кепілі болар еді.

Жауапкершілік және жаза заң бұзушылықтарға тоқтау салатын ең мықты қаймықтырушы күш екені анық. Алайда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 375-бабындағы әкімшілік жаза бұл талапқа сай келмейді, яғни жаңа айыппұл мөлшерлері өте төмен [7; 145,146]. Сондықтан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының құқық бұзушылықтарға салынатын айыппұлдың ең төменгі мөлшері 100 айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс деген ұсынысы да өтпеді.

Республикадағы діни жағдайды ретке келтіре отырып, Қазақстанда дәстүрлі және тарихи жолмен қалыптасқан діндердің жағдайын ескеру қажет. ТМД, Еуропаның көптеген елдері сияқты Қазақстан да өзінің басым тұрған діндерге қолдау көрсетіп жатса, онда тұрған ешқандай заңсыздық, демократияға немесе зайырлылыққа қарсы әрекет жоқ. Қайта үкімет республикада халықтың 72 %-ын құраған мұсылмандар мен 22 %-ын құраған православтардың құқықтары мен мүддесін ескеретін болады. Дегенмен, 2006 жылы мұсылмандардың «Құрбан айт» және православтардың «Рождество» деген діни мейрамдары мемлекеттік демалыс күндері болып жариялануы, мемлекет тарапынан мұсылмандар мен православтардың мүддесін ескеруіне бастама қадам деп бағалауға болады. Парламент Мәжілісінің депутаты Серік Темірболатовтың айтуынша, діни радикализм мен экстремизмге қарсы күрес жүргізуге қатысты заңнамалар ойдағыдай жұмыс істеуде, дегенмен оларды әрі қарай жетілдіре түсу жөн. Депутат сондай-ақ «Миссионерлер туралы заң» жобасын дайындау қажеттілігін де атап өтті [12].

Сондықтан да бүгінгі күні «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер» жалпы дінмен байланысты бүкіл заңдық актілерге, соның ішінде ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі, Қылмыстық кодекс [13], «Миссионерлік қызмет» [14], «Діни терроризм, радикализм мен экстремизмге қарсы күрес жүргізу туралы», «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мен филиалдар және өкілдіктерді есептік тіркеуге алу туралы» [15], «Әскери міндеттілік және әскери қызмет» [16], «Баланың құқығын қорғау» туралы [17] т.б. заңдарға тиісті дәрежеде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі керек.

Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап айтқандай: «Қазіргі қоғамның басты міндеті — этносаралық келісімді сақтау мен нығайту ғана емес, сонымен бірге, діни толеранттылықты, конфессияаралық үнқатысу мен келісімді бекемдей беру болып табылады» [18].

Сонымен қатар заң жобасының ережелеріне діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу рәсімдерін нақтылау, саны аз діни топтардың мәртебесін анықтау, сыйыну ғимараттары мен құрылыстарын тәртіпке келтіруді қарастырды. Осы заң жобасы жөнінде ҚР-сы Үкіметінің қорытындысында діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер іс-қимылын жүзеге асыруды қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіруі мемлекеттік-конфессияаралық қарым-қатынастардың қазіргі кездегі уақытқа сай әрі қажетті екендігі атап айтылды. Мұның өзі ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген «Азаматтық қоғамды дамыту» тұжырымдамасына сәйкес келеді [19]. Бұл кезеңде діни ұйымдарды құру мен қызметін реттеуде кешенді қадам жасауды талап етеді. Өйткені 1992 жылы «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» Заң қабылдағаннан бері өмір болмысы мен заман талабы айтарлықтай өзгерді. Дүние жүзінде діни экстремизм, радикализм, терроризм мәселелері шығып, біздің мемлекетіміз бен өзге елдерде де танымал емес шіркеулер мен көптеген дін атын жамылған, рухани құндылықтарға еш қатысы жоқ әрі ар-ождан қағидаларына қайшы келетін бірлестіктер жұмыс істей бастады.

Елбасының 2006 жылғы 10 қазандағы «ҚР-сы азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006–2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығында: «Соңғы онжылдықта шетелдік насихатқа, сондай-ақ жекелеген азаматтар мүдделілігіне бола елде таратылып отырған діни жоралғылармен байланысты түрлі экстремистік пікірлер байқалуда [20].

Жастардың кришнаиттер, Иеговы куәгерлері секілді Қазақстан үшін дәстүрлі емес бірлестіктерге, сондай-ақ экстремистік ұйымдарға, мысалы, Хизб-ут-Тахрир діни-саяси бірлестігіне және басқаларға деген қызығушылығы осы бірлестіктер мен ұйымдарды белсенді жақтаушылардың

жас адамдардың санасына психологиялық ықпал етуімен байланысты. Сондықтан діни саладағы пайда болатын өзекті проблемаларды реттеудің нақты тетігін әзірлеу қажет», — делінген [21].

Демек, алаңдаушылық терең орын алып отыр. Осы себепті қоғамдағы діни саланы реттейтін заңнамаларды тереңірек талдаған жөн.

Кәмшат Тасболат өзінің «ТМД елдері «Діндер туралы» заңды қатайтты» деген мақаласында: «ТМД және Орталық Азия елдеріндегі діни бірлестіктерді реттейтін заңдардың қабылдану кезеңдерін сараптап қарасақ, «Діндер туралы» заңды Ресей — 1997 ж., Өзбекстан — 1998, Беларусь — 2002, Қырғызстан 2008 жылы қайта қарап, жаңа мәтінде қабылдаса, Тәжікстан 2009 жылдың наурыз айында жаңа заңды қабылдап тастады. Бұл күндері Арменияда тиесілі заң жобасы жергілікті парламент талқысында. Бұл тұста Қазақстанның «Діндер туралы» заңының 2011 жылдан кейін ғана қайта қаралу мүмкіндігін ескерсек, көршілерімізден қалыс қалатын тұстарымыз көп сияқты. Онсыз да Қазақстанның «Діни наным-сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңы аймақтағы ең көне заңдардың санатында. Отандық заң 1992 жылы қабылданған.

Посткеңестік елдердің «Діндер туралы» заңдарында айырмашылықтардан гөрі, ұқсастықтар көп. Ең бастысы, тиесілі заңдар ұлттық қауіпсіздік пен діни бірлікті қамтамасыз етуге бағытталса, екінші жағынан, шетелдік діни экспансияны ауыздықтап, жергілікті ата-баба діндеріне басымдық береді», — деп жариялады [22].

Жалпы дін, діни сенімге, діни бірлестіктерге байланысты заңнамалар әлі де болса, дұрыс қарастырылуды, талдау, сараптау мен зерттеулерді қажет етеді. Заман ағымына сай сол заңнамаларға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі керек. Өйткені дін — бұл қоғамның маңызды мәселесі. Бұған немқұрайлы қарауға болмайды. Қазақстанның ұлтаралық, конфессияаралық толеранттылық пен үйлесімділікті, ішкі-саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау өте маңызды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Азаматтық кодекс. — Алматы: Норма-К, 2002. — 352 б.
2. Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы 1992 ж. 15 қаңтардағы № 1128-ХІІ Қазақстан Республикасы Заңы (2007.15.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). ҚР-ның заңдарының электронды жинағы: Юрист. — анықтамалық-құқықтық жүйесі. — 2008.
3. ҚР Конституциясы. — Алматы: «ИД-Эврика» ЖШС, 2005. — 4-б.
4. АҚШ мемлекет басқармасының «Демократия, адам құқықтары және еңбек бюросы» жариялаған «Қазақстан — халықаралық діни бостандық есебі» (2002 ж.). — Юрист — анықтамалық-құқықтық жүйе. — 2008.
5. Жусутов С. Ислам в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее во взаимоотношениях государства и религии. — 2001 / www.carnegie.ru (09.09.2010)
6. Шулембаева Р. Свобода, вера, право. 2008 / www.assembly.kz (09.09.2010)
7. ҚР «Әкімшілік заң бұзушылықтар жөніндегі кодексі». — Алматы: Норма-К, 2002. — 145,146-б.
8. ҚР Білім туралы заңы: № 320-ІІІ ҚРЗ. — Астана: Заң, 2007. — 27 шілде. — 32-б.
9. Материалы заседания науч.-практ. конф. «Пути сохранения и укрепления межнационального согласия в современном мире». — Астана: Евразия, 2007. — С. 345.
10. Бұлұтай М.Ж. Дін және ұлт. — Алматы: Арыс, 2006. — 57-б.
11. Сарпеков Р. Жауапкершілік салмағын сезінсек // Егемен Қазақстан. — 2008. — 18 наур. — № 77-80. — 2-б.
12. Құлманбай Ә. Заңнама толыққанды болса, діни экстремизмге жол берілмейді // Егемен Қазақстан. — 2008. — 27 маус. — № 192,193. — 2-б.
13. ҚР Қылмыстық кодекс. — Алматы: Норма-К, 2002. — 56-б.
14. Шетелдіктердің ҚР-да болуын құқықтық жекелеген мәселелері ҚР-сы Үкіметінің 2000 жылы 28 қаңтардағы № 136 қаулысы. — Юрист — анықтамалық-құқықтық жүйе. — 2008.
15. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы. — Юрист — анықтамалық-құқықтық жүйесі.
16. Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңы // Егемен Қазақстан. — 2005. — 23 шілде. — № 162. — 3-б.
17. ҚР-дағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ ҚР-ның Заңы. — Юрист — анықтамалық-құқықтық жүйе. — 2008.
18. Балгарина Б. Халықтың имандылығы мен бірлігі қымбат // Егемен Қазақстан. — 2008. — 11 қазан. — № 312. — 4-б.
19. Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы ел халқына жолдауында белгіленген Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасына және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясына сәйкес әзірленді).
20. ҚР-сы азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006–2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы // Қазақ тарихы. — 2007. — № 2. — 81–88-б.

21. *Айталы А.* Бізге жаңа заңнама қажет // Егемен Қазақстан. — 2008. — 10 желт. — № 380–381. — 6-б.

22. *Тасболат К.* ТМД елдері «Діндер туралы» заңды қатайтты. — 2009. / www.aikyn.kz (09.09.2010)

ӘОЖ 94 (574.1)

## Таскешу керуен сарайы туралы жазба және археологиялық деректер

Уәлиева Г.Қ., Жауымбаев С.Ұ.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье рассматриваются письменные и археологические источники средневекового караван-сарая Таскишу. Он расположен на северной ветви Великого Шелкового пути, соединяющей Восток и Запад, так называемая «Старая Ногайская дорога». Караван-сарай Таскишу — один из важных археологических памятников средневековья (XIII–XVIII вв.), представляющий огромный научно-исторический интерес.

This article discusses the written and archaeological sources of the medieval caravanserai Taskishu. These sources provide an opportunity to learn about the significance of this historical monument. It is located on the northern branch of the Silk Road connecting East and West, the so-called «Old Nogai road». Therefore, the caravanserai Taskishu is one of the most important archaeological monuments of the Middle Ages (XIII–XVIII cc.). Which is of great scientific and historical interest, as is the main place of cultural and economic life of that time.

Қытайдан бастап Батыс Еуропа елдері арасындағы байланыста Каспий теңізінің солтүстік-батыс бөлігі, қазіргі Атырау облысының аумағы үлкен маңызға ие. Орта ғасырда бұл арада Орта Азия мен Батыс елдерін жалғайтын құрлық және теңіз жолы жұмыс жасаған. Үстірт қыраты арқылы Сарайшық пен Көне Үргеніш қалаларын қосатын құрлықтың жолы бойымен Орта Азиядан алып келінген тауарлар Сарайшық қаласына жетіп, Жайық өзенінен Еділ бойындағы Алтын Орда астанасы Сарай-Бату қаласына немесе Каспийдің батыс жағалауына алып баратын желкенді кемелерге тиелетін. XIII–XIV ғғ. бұл жол Батыс пен Шығысты байланыстыратын негізгі керуен жолына айналды.

Бұл жол туралы В.В.Григорьев былай деп мәлімет береді: «Вторая часть пути от Сарайчика до Ургенча издавна привлекала внимание исследователей и довольно хорошо известна. По всей трассе этой караванной дороги, пролегавшей по пустынным безводным районам, на расстояниях, примерно соответствующих одному дневному переходу (около 30 км), были вырыты колодцы и построены караван-сарай, некоторые из них исследованы в последние годы археологами. Начинаясь от Сарайчика дорога впервые описана в 1803 г.» [1; 183].

Академик В.В.Бартольд бұл жолды «Еуропа мен Азияны байланыстырушы өркениет жолы» деп баға берген болатын. «Гораздо чаще посещались Хорезм и Куния-Ургенч с северо-запада. Вместе с образованием монгольской империи возник новый торговый путь из Европы в Азию, путь от берегов Волги через Сарайчик на Урале, Куния-Ургенч, Отрар и Алмалык. Этим путем пользовались как мусульманские, так с XIV в. и европейские купцы» дей келе: «... Здесь проходил главный торговый путь из Европы в Азию; купцы возили свои товары и Сарая на реке Волге через Сарайчик на реке Урале и Устюрт в Куния-Ургенч; мы имеем целый ряд рассказов купцов и других путешественников о направлении этого пути, о характере и цене товаров, о способах передвижения и т.п.» [2].

Орта ғасырларда Хорезм, Хиуа және Төменгі Еділ бойын байланыстырған «Ескі Ногай жолының» бойындағы ескерткіштер туралы В.В.Григорьевтің «Описание Хивинского ханства и дороги туда из Сарайчиковской крепости» еңбегінде жазылған [1; 184].

XIII ғасырда Каспий теңізінің деңгейі көтеріліп, теңіз жолын пайдалану қиыншылық әкелген кезде құрлық жолының маңызы арта бастады. Алтын Ордадағы Өзбек ханның билігі тұсында осы «Ескі ногай жолы» делінетін құрлық жолы басымдыққа ие бола бастап, керуен жолында әсем безендірілген бекініс ретіндегі қонақ үйлер, керуен сарайлар салына бастады. А.Левшин «Сарайшық қаласынан Хиуаға дейін Арал мен Каспий теңіздерін бөліп тұрған мойнақ арқылы өтетін бірнеше жол

бар, соның ішінде ең жақсысы — «Ноғай жолы» деп жазса [3; 225], белгілі кеңес археологы С.Толстов бұл жолды «Еділге баратын үлкен патша жолы» деп атаған [4; 14].

Ескі Ноғай керуен жолы деп аталған Жібек жолының бір тармағы Сарайшық қаласы мен Көне Үргеніш қаласын жалғайтын жол болды. Осы жол бойында ондаған қалалар мен керуен сарайлар салынып өркендеді. Ол XI–XVIII ғғ. аралығында Еуропа мен Азияны байланыстырған жол еді. Батыс Қазақстан аймағында бұл жолдың екі тармағы қалыптасты. Біріншісі солтүстік жол: Сарайшық–Тасқұдық–Таскешу керуен сарайы. Қайнар бұлағы–Боқаш әулие–Ұшқан ата–Маңсуалмас (Қосқұдық) бекеттері арқылы жүрді. Екінші оңтүстік жол тармағы: Қосқұдықтан оңтүстік батысқа қарай бұрылып, Көптам–Сам және Қарақалпақ жеріндегі Чуруқ–Белеулі–Қосбұлақ–Бұлақ–Ұшқұдық–Пулжай–Үстірт–Дәукескен–Үргеніш қаласына жеткен.

Осы керуен жолымен жүрген керуендерге өзендерден кедергісіз өтіп, демалатын қонақүйлер қызметін атқарған керуен сарайлар мен көпірлер салынған. Соның бірі Сағыз өзеніне салынған Таскешу көпірі мен керуен сарайы.

Керуен сарайдың орналасқан жері туралы бірнеше авторлар өз еңбектерінде мәліметтер қалдырған. Соның бірі С.П.Толстов былай деп жазады: «На левом берегу реки Сагиз находился караван-сарай Тас-кичу, представлявший собой прямоугольную кирпичную постройку (45 x 42 м) с внутренним двором и помещениями вдоль стен» [4; 15].

Керуен сарайдың координаталық орны туралы «Записки Императорского русского географического общества» жинағында: «Ташь-Кичу, укр. *Tasche-kitschou* — окончательно северная широта 43 22 18; принимаемая: долгота от Ферро.64° 9' 13»; Имя наблюдателя Александровъ...1848» деген дерек бар [5].

Сағыз өзенінің бойында орналасқан керуен сарай туралы мәліметті Л.Мейер өз еңбегінде: «Сухопутные пути, проложенные с торговой целью, идут от пограничной линии в южном или юго-восточном направлении, если начать их перечень с востока, то первый путь будет: 1) Троицкая караванная путь; а) из Калмычовской крепости; б) из Сарайчиковской крепости и в) из Гурьева городка они сходились на Сагиз у разрушенной крепости Тас-Качу» нақтылай түседі [6; 132]. А.И.Левшин «...каменный брод Таскешу на р. Сагыз» деп жазды [3; 227].


«Таскешу» атауының мағынасы туралы Н.Семенов: «Таш-Гечу значит «каменный брод» деп жазады [7].

Керуен сарайдың салыну уақыты туралы бірнеше болжамдар бар. С.Толстов керуен сарайлар X ғ. соңы мен XV ғ. басында, әсіресе Хорезм мемлекетінің XI–XII ғасырлардағы Еділ бойы мен Шығыс Еуропа елдерімен арадағы сауда қатынасының дамыған кезінде тұрғызылған деген пікір айтады [4; 15]. Ә.Кекілбаев Үргеніш пен Сарайшық арасындағы парсылардың ежелгі жолдарының үлгісіндегі бекіністі сауда жолын X–XI ғасырларда Хорезм шахтары салдырған дейді [8]. Қарақалпақ филиалының ғалымдарының ойынша, бұл күрделі құрылыстар 1312–1342 жж. аралығында билік құрған Алтын Орда ханы Өзбек ханның заманында өмірге келген. Себебі ол кезеңде Хорезм мемлекетін оның өз адамы Тұғлық Темір билеген, сондықтан арадағы қатынас өте жақсы дамыған.

Керуен сарайдың салынуындағы негізгі мақсат — көпестер мен дәулетті саяхатшылар үшін қонақ үй ретінде қызмет ету және Сағыз өзенінен өтетін өткелді қамтамасыз етіп отыру. Бұл туралы Л.Мейер: «...На этом пути особенно замечательна крепостца Тас-Кичу на Сагиз, построенная, очевидно, с целью обеспечить переправу через эту реку» [6; 138]. Сонымен бірге керуен сарай хабаршылар атын ауыстырып алатын пошта бекеті қызметін атқарған. Керуен сарайларды күзететін және сауда жолының, өткелдің жағдайын бақылап отыратын аздаған әскери бөлімшесі қызмет еткен.

Керуен сарай күйдірілген кірпіштен дұрыс төртбұрыш түрінде тұрғызылған (55 x 55 м). Осы мәліметті В.Егоров «Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв.» еңбегінде былай деп дәлелдейді: «Все здания караван сараев имеют стандартную прямоугольную планировку с обязательным внутренним двором и расположенными по внутреннему периметру стен комнатами. Размеры построек от 30 x 25 до 40 x 40 м. Характерной особенностью зданий, возводившихся в пустынных местностях Устюрта, является то, что они сложены не из кирпича, а из бравшегося поблизости ракушечника» [9]. Ал Л.Мейер Таскешу Сырдария бойындағы құландылардың бір бөлігімен ұқсас деген тұжырым жасайды: «...По времени существования и материалам построек ближе всего к упомянутой крепостце Тас-Кичу подходит часть развалин на Сыр-Дарье. Здесь мы встречаем одинаково хорошо сохранившийся тот же кирпич квадратной формы» [6; 140].

Қазіргі кезде бұл жерде құрылыстың қирандысы ғана қалған. Ол Атырау облысы Мақат поселкесінен шығысқа қарай 38 км жерде, Мақат, Қызылқоға, Жылыой аудандарының шекара қиылысында, Сағыз өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан (1-сур.).



GPS координатасы N 47°37.250, E O 53°184.

1-сур. Таскешу керуен сарайының көрінісі [10]

Таскешу керуен сарайын алғаш зерттеген Әлкей Марғұлан 1950 ж. Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы оның суретін, жобасын алды. 1950 ж. Хорезмдік археология-этнографиялық экспедицияның Орал-Үстірт отряды керуен сарайы көлемінің құрылыс қалдығын зерттеді. 1973 ж. керуен сарай мен көпірді М.Мендіқұлов зерттеді.

Соңғы жылдары керуен сарайдың орнына Атырау облыстық тарих және археология орталығы қазба жұмыстарын жүргізуде. Таскешу керуен сарайы Сағыз өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Бұл жерде қыш кірпіштер үйілген ғимарат құландысының көлемі 40 x 40 м, биіктігі 1,5 м. Ортасында ашық алаң бар. Кірпіштердің көлемі 30 x 30 x 5 см. Құрылыстың үш жағында көлемі 20 x 20 м, тереңдігі 1 м болатын ойыс шұңқырлар бар. Керуен сарайдан 1 шақырым

солтүстікте Жетібай қауымы орналасқан. Онда қыш пен саман кірпіштерден салынған мазарлар мен олардың құландылары бар. Сонымен қатар құлпытас, қойтас тас қойып қаланған мазарлар бар.

Зерттеу жұмыстарының барысында объектінің биіктігі 1,5 м екендігі анықталған. Ғимарат қабырғалары жер шарының төрт жағына шамамен бағытталған. Қыш кірпіштер сол жерде жасалуы да мүмкін. Керуен сарайдың қақпасы ғимараттың оңтүстігінде деген болжам бар.

Керуен сарайдың бұрыштары мен қабырғалардың орта тұстары дөңгелек мұнаралармен бекітілген. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде солтүстік-батыс бұрыштан бүтін шеңбер құрайтын мұнара және батыс жардың ортасынан жарты шеңбер тәрізді мұнара ашылған. Мұнара арнайы трапеция түрінде жасалған тастардан тұрғызылған. Тас қабырғаларын бір-біріне қосып қаласа, түзу шеңбер жасайды.

Ғимарат ортасында үлкен алаң болған. Осы алаңды айнала керуен сарайдың сыртқы жарларында қонақ бөлме, ас үй, монша қызметін атқарған шағын бөлмелер орналасқан. Сонымен бірге керуен сарайда зат сақтайтын үлкен қойма болған. Зерттеу жұмысы кезінде сол кездің мәдени қабатынан бір метрдей төмендікте шұңқыр қабырғаларын таспен қалап жасаған жер асты қоймасы ашылды.

Таскешу керуен сарайының қазба жұмыстары жүргізілген батыс жарынан алты бөлме және солтүстік жарда көлемі үлкен жатын бөлме ашылған. Бөлме көлемдері 3,70 x 3,70 м болады. Бөлмелердің ішінде төрт жатын және бір ас бөлмелер бар. Жатын бөлменің әрқайсысына жылыту пештері мен керует қаланған. Керует тастан қаланып, іші сазбен толтырылған. Екі жаққа қарай кететін пеш түтіндіктерінің ортасына тандыр орнатылған. Пешті әр түрлі мақсатта пайдаланған. Біріншіден, пеш биік болған, яғни жылы керует ретінде пайдаланған (суфа), екіншіден, бұл пеш екі жақтағы бөлмені жылытып тұрған және тандырға нан пісіруге мүмкіндік болған.

Керуен сарайдың сыртқы жарының қалыңдығы 1 м 25 см болса (төрт тасты төсеп салған), ішкі жарының қалыңдығы 95 см. Бөлме ішінің едені саз балшықпен нығыздалып сыланған, табалдырық астарына тастар төселген.

Ас үйлер мен жатын бөлмелердің әрқайсысына жылыту пештері орнатылған. Пештен бөлінетін жылу керует ішімен өтіп жататын орынды жылытатын болған. Сарайдың бұрыштары мен сыртқы қабырғаларының орта тұстарында алыстан келе жатқан керуенге бағыт беру мақсатында мұнаралар салынған. Мұнараның диаметрі 3,60 м құрайды. Оның қабырғаларын қалау үшін трапеция түріндегі тастар қолданылған.

Қазба жұмыстары кезінде керуен сарайдан шаруашылықтың әр түріне арналған керамикалық ыдыстардың көптеген түрлері жинақталған. Олардың ішінде сұр және қызыл қыштан жасалған үлкен көлемдегі хумдардың фрагменттері, құмыралар, тәрелкелер, әр түрлі түспен сырланып, безендірілген шыңылтырлы пиала т.б. ыдыстар, сонымен бірге қыштан жасалған шырақ сынықтары, шығырлар да бар. Ыдыстар алуан түрлі өрнектермен, соғылған штамптарымен ерекшеленеді. Мұның ішінде Хорезм, Иран, т.б. елдерден алып келінгендері де аз емес. Бұл керуен сарайдың үлкен сауда орталығы болған қалалармен, көрші елдермен байланысы болғандығын дәлелдейді.


Табылған әшекей бұйымдардың ішінен қыштан жасалған сақина мен моншақтарды, мыс белдеуліктерді атап айтуға болады. Қазба жұмыстары кезінде бұл жерден жез бұйымдар, темір, мыс бұйымдар анықталды.

Табылған жәдігерлердің ішінде мыс тиындар да бар. Алтын Орданың билеушілері Өзбек хан (1313–1341 жж.) және Жәнібек хан (1341–1357 жж.) тұсында соғылған. Өзбек хан тұсында соғылған бір тиынды мысалға алсақ, тиынның бір бетінде арқасына күн арқалаған барыс бейнесі, екінші бетінде «Жоғарғы жарлық пен заң бәріне бірдей» деген сөз жазылған. Керуен-сарайда үлкен сауда қатынасының, ақша айналысының жақсы дамығандығын дәлелдейтін тағы бір фактінің бірі осы болмақ.

Деректерге сүйенсек, керуен сарайдың батысында өтіп жатқан Сағыз өзеніндегі өткел күйдірілген қыш кірпіштен су астына төселініп салынған. Өткен дәуірдің соңында осы жерде мал айдаған халық осы жердегі өткелді көргендіктерін айтады. Бірақ бүгінгі күні бұл жердегі өткелдің құландысының орны ғана сақталған (2-сур.).

Жайық өзеніндегі Таскешу көпірі туралы аңыздар айтылғанымен, оның қай жерде салынғаны туралы дерек жоқ. Бізге жеткені аңыз ғана. Жайық өзеніне 1328–1337 жж. Иван Калитаның жарлығымен салдырған Таскешу көпірінен Асан Қайғы бабамыз өткен. Ол көпір қазіргі Индер ауданы жерінде болған.

Халық аузында «өткелді Асан Қайғы салдыртқан» деген аңыз бар. Екінші аңыз: Асан Қайғы Жайық өзенінің Таскешу көпірінен өткенде «суы татыған бал екен, жағасы тал екен» дейді.



GPS координатасы № 47° 24.284, ЕО 54° 27.935.

2-сур. Таскешу көпірі құландысының схемалық планы [10]

Сонымен, Жайық өзенінің Таскешу көпірі Индер жеріндегі арнасына салынған. Осы маңда өзен арнасы тарылып, жағалаулары қатты жынысты болып, тұрақты көпір салуға қолайлы болған.

Үшінші аңыз: «Таскешуден итальяндық саяхатшы Марко Поло өткен» деп айтылады. Ал, екінші біреулері Шыңғыс ханның балалары салдыртқан деседі.

Сағыздың Таскешу көпірі туралы Л.Мейер былай деп жазады: «Өткел қырланып тегістелген ақ тастардан төселіп, су оның бетіне шыққанымен тереңдігі төрт вершоктан (4,5 см) жоғарыламайтын, оны салдырған Шыңғыс ұлдарының бірі делінеді».

Бұл жерде автор тек аңызбен жеткен мәліметті айтуы мүмкін. Ол кезеңде көпір қирандысы ғана қалған. Бұл жерде судың көпір үстінен ағып өтіп, кешіп өту туралы мәлімет аңыз болуы керек.

Аңыздарды ғылыми түрде саралар болсақ, оның екінші нұсқасы шындыққа жанасатын секілді. Өйткені өткелді Асан Қайғының салдырды деген пікірінен гөрі, Алтын Орда тұғырында отырған және осы керуен сарайлар мен керуен жолдарының жасақталып дамуына негіз болған. Шыңғыс ханның ұрпақтары дегенге сенуге болады. Себебі, деректерде көрсетілгендей, өткел күйдірілген қыш кірпіштерден салынған, ал бұл көп қаражатты және жұмыс күшін талап ететін жұмыс. Алайда Асан Қайғы бұл көпірдің негізін салған болуы да мүмкін. Осы өткелді іздеудегі тағы бір жағдай, халықтың айтуы бойынша, өткел керуен сарай тұсынан өзенді тіке қиып өтеді. Өткел болуы мүмкін жерлерді зерттеген кезде, өзеннің екі жағынан төменге қарай түсетін жерлер анықталған. Бұл екі жер керуен-сарай тұсында бір-біріне қиғаш орналасқан. Сағыз өзені кезінде ағысы өте қатты өзендердің бірі болғандығын ескерсек, өзен ағысы өткелді тіке соғып құлатпас үшін, қиғаштап салған деген болжам бар.

Сол кездегі көптеген тас көпірлер сияқты көпір тастан салынып, астындағы «аркалардан» су ағып өтіп жатқан. Бұндай көпірлер ортағасырлық кезеңдегі көпір жобаларына тән.

Таскешу көпірінің жобасы Тараз қаласында X–XII ғғ. Тас көпір жобасына ұқсас болған. Салынған уақыты да X–XII ғғ. аралығы болуы керек.

XIII ғасырдан бастап қарқынды жұмыс атқарып келген керуен жолдарында қатынау үрдісі XVI ғасырдың I жартысына қарай уақытша тоқтай бастайды. Жошы Ұлысы кезеңінің аяқ тұсында, 1395 жылы Сарайшық пен Үргеніш қаласын Үстірт арқылы қосатын сауда жолы Әмір Темір әскерімен қиратылған болатын. Алтын Орданың ыдырауынан кейін қайта құрылған көшпелі елдер сауда қатынасын қайта жандандыра бастайды.

Қорыта келгенде, Таскешу керуен сарайы стратегиялық жағынан Еуропа мен Азияның түйісер тұсынан ұтымды орнығып, Хиуа, Хорезм шаһарларына, Төменгі Еділ бойын байланыстырған «Ескі Ноғай жолының» қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, осы керуен жолымен жүріп өтетін керуендерге өзендерден кедергісіз өтіп, демалатын көпестер мен саяхатшылар үшін қонақ үй ретінде, хабаршылар атын ауыстырып алатын пошта бекеті қызметін атқарған. Ал Таскешу көпірі ағысы қатты Сағыз өзенінен керуендердің, адамдар мен малдардың кедергісіз өтуін қамтамасыз етіп отырса керек. Сондықтан да Таскешу керуен сарайы мен көпірінің стратегиялық, экономикалық алар орны ерекше. Ал жазба және археологиялық деректер керуен сарайдың мәдени-экономикалық дамуын, қаншалықты тарихымыз үшін маңыздылығын анықтауға мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Григорьев В. Описание Хивинского ханства и дороги туда из Сарайчиковской крепости. — СПб.: ЗИРГО, 1861. — Т. 19. — 564 с.
2. Бартольд В.В. Тюрки: двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. — Алматы: Жалын, 1998. — С. 54.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких гор и степей. — Алматы: Санат, 1996. — 665 с.
4. Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции, 1949–1953 гг. / Ред. С.П.Толстов. — М.: Изд-во АН СССР, 1958. — 811 с.
5. Записки Императорского русского географического общества: Науч. изд. / Отв. ред. А.Н.Арапетов. — СПб.: Импер. АН, 1855. — С. 110.
6. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. — Павлодар: ЭКО, 2007. — 191 с.
7. Семенов Н. Туземцы Северо-Восточного Кавказа (Рассказы, очерки, исследования, заметки о чеченцах, кумыках и ногайцах и образцы поэзии этих народов). — СПб.: Тип. А.Хомского, 1895. — С. 495.
8. Кекілбайұлы Ә. Шығармалар жинағы: 12 томдық. — Т. 7. — Алматы: Өлке, 1999. — 127-б.
9. Егоров В. Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв. — М.: Наука, 1985. — С. 248.
10. Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясы: Атырау облысы аймағындағы жаңа сәулет және археология ескерткіштерін анықтау және қорғау тізіміне енгізілген ескерткіштердің жай-күйін тексеру мақсатындағы экспедицияның бірінші кезеңінің ғылыми есебі. — Атырау, 2008.



## Қазақ-жоңғар этномәдени байланыстарының құқықтық проблемалары

Шайжанова Г.К., Мұқанова А.Н.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье рассматриваются основные источники казахского, джунгарского права. Анализируются законы «Жеті жарғы» и «Их Цааз». Уделяется внимание собственно монгольским юридическим памятникам. Автор приводит результаты теоретического исследования, которые показывают взаимосвязь казахских и джунгарских законов. Делается общий вывод о схожих элементах в казахском и джунгарском законе.

The article discusses the legal problems of the kazakh-zhungan ethnocultural relations. This article examines the main sources of kazakh, zhungan law. Analyzed laws «Zheti zhargy» and «Ih Tsaaz». Attention is paid to proper legal mongolian monuments. The author cites the results of theoretical studies that show the relationship of kazakh and zhungan laws. Made a general conclusion about the similarities in the kazakh and zhungan law.

Қазақ-жоңғар аралық қатынастарда орын алған этникалық үрдістер екі халықтың мәдениетінде, саяси-экономикалық, әлеуметтік негіздерінде өзіндік із қалдырды.

Өзара байланыстардың ұзаққа созылуының нәтижесі аталмыш халықтардың құқықтық жүйесінде де орын алды. Бұл ішінара екі халықтың құқықтық негіздерінің ұқсастығын анықтау мәселесін туғызады. Аталмыш мәселе бүгінгі таңда толық зерттелмеген. Құқықтық негіздерінің ұқсастығы мәселесі кеңестік және қазақстандық тарихнамада зерттеліп талданбады. Бұның басты себебі, тарих және заң ғылымдарының қиылыспауынан туындауы мүмкін.

Монғол халықтарының заңдарын зерттеушілер П.С.Паллас, Ф.И.Леонтович, К.Ф.Голстунский, Я.И.Гурлянд және т.б. [1–4]. Ресейдің оңтүстік шекарасында орналасқан халықтардың заңдарының ұқсастығына назар аударған. Ғалымдарды ұқсастықтардың шығу тарихы, дәстүрлердің өзара әсері, қазақ, қалмақ, монғол, тунгус халықтарының қоғамдық қатынастары қызықтырды. Зерттеушілер аттары аталған халықтардың заңдарының зерттей келе төмендегідей қорытынды жасайды. XIII ғ. басында басталған Шыңғыс ханның басқаруымен болған монғол басқыншылығы өзінің ықпалын Шығыс Еуропа, Чехия, Болгария жерлеріне дейін таратты. Жаулап алған жерлерінде монғолдар өз заңдары мен құқықтарын, дәстүрлері мен салттарын бекітті. Яғни Шыңғыс ханның «Ұлы жасағын» империя құрамына енген халықтар өз заңдарын шығаруда басшылыққа алып, соның негізінде құрастырылған. Монғол-татар заңдарының ірі білгірі К.Ф.Голстунский ең алғашқылардың бірі болып монғол құқық негіздерінің көршілес халықтардың құқық негіздеріне әсеріне назар аударды. Монғол құқығының қазақ құқығына әсерін ол: «...нет сомнения в том, что в эпоху монгольского данничества у киргизов действовали древние монгольские уставы: в особенности, к ним могли привиться порядки, развитые «Великой ясой» Чингиза. Эти самые порядки, вошедшие в привычку народа, могли затем удержаться и позже, в эпоху самостоятельных киргизских ханств, когда появляются у киргизов свои племенные законы» [3; 20],— деп жазады.

К.Ф.Голстунскийдің пікірі заңгер-тарихшы Я.И.Гурляндтың «Степные законодательства с древних времен по XVII столетие» атты еңбегінде: «Киргизы с XIII в. были данниками империи Чингисхана, продолжали быть в подчинении империи его потомков и затем, войдя в состав Кипчакской Золотой Орды, платили ее ханам дань до ее падения. Несомненно, что обычаи и законы завоевателей должны были господствовать и у киргизов, и поэтому Чингисова «Великая яса» была важнейшим законодательным уложением киргизов того времени» [4; 108] деп жалғасын табады.

Мәселенің басын ашу үшін алдымен екі халықта қабылданған заңдарға тоқталып өткен жөн.

1635 жылы құрылған Жоңғар хандығының ішкі және сыртқы саясатын тұрақтандыру мақсатында қоңтайшы Эрдэни Батыр бірқатар іс-шаралар жүргізеді. Сондай шараның бірі 1640 жылы шақырылған құрылтай еді. Қолда бар деректерге сүйенетін болсақ, құрылтайдың шақырылуының инициаторы ретінде тікелей Эрдэни Батыр қоңтайшы деп көрсетілмейді. Дегенменде құрылтай жоңғарлық Эрдэни Батыр қоңтайшының бастамасымен өткен деген қорытынды жасауға болады. Деректерге сүйенетін болсақ, Халхадан Дза-сактухан Субуди, Тушету-хан Гомбодорджи, Кукунордан Гуши-хан ұлдарымен, Еділ бойынан Хо-Урлюк ұлдарымен, Цэцэн-нойон Шолойдың ұлдары келген.

Жоңғар хандығының атынан үлкен ықпалды топ қатысқан. Атап айтқанда, Эрдэни Батыр қоңтайшы, Очирту-тайшы, Тэнгэри-тойн, Цэцэн-нойон, сонымен қатар сол кездегі ірі діни қайраткерлер Жоңғария далай-ламасының өкілі Манджушири-хутукта, Халхадан Инзан-римбочи, Цаган номун-хан және жоңғарлық ағартушы Зая-пандита да атсалысқан. Құрылтайға тек маньчжурлік жаулап алушылардың қол астында болған Оңтүстік (Ішкі) және Шығыс (Хинган) Монғолия өңірінен ешкім қатыспаған [5; 2].

Құрылтай жөнінде монғол, ойрат және орыс деректерінде аз мәлімет келтірілген. Толыққанды мәлімет айналымға енбеген тибет деректерінде берілуі мүмкін. Зая-пандитаның биографиясы бойынша құрылтайдың 1640 ж. болғандығы және бірнеше ережелердің бекітілгені жөнінде ғана айтылған. Құрылтайға қатысушылар бекітілген ережелерді бұлжытпай орындауға ант берген.

Құрылтайда бекітілген ережелер тарихта «Их Цааз» деген атпен белгілі монғол-ойрат заңы. «Их Цааз» 1640 жылы қыркүйек айында Жоңғар хандығының территориясындағы Тарбағатай тауының етегіндегі Улан-бура жерінде өткен халхалық және жоңғарлық ірі ақсүйектерінің құрылтайында қабылданған. Құрылтайға қатысушы ірі, беделді отыз екі адамның аттары «Их Цааздын» кіріспе бөлімінде атап көрсетілген [5; 2].

Бұл заңның бүгінгі күнге ойрат тілінде 1648 ж. Зая-пандита ойлап шығарған тод жазуымен жазылған қолжазба нұсқасы сақталып жеткен. Кейбір ойрат көшірмелерінен аударма жасалған. Заңның түпнұсқасы сақталмағандықтан, жарғының қай бөліктері толық емес екендігін анық білу қиындық туғызады.

Ғылыми ортада жарғының ойраттық жазба аудармасының 3 редакциясы белгілі [6]:

1. XVIII ғ. 20-жж. Сыртқы істер коллегиясының хатшысы, кейін кеңесшісі болған В.М.Бакуниннің орыс тіліндегі аудармасы. Алғаш рет В.М.Бакуниннің орысша аудармасы 1776 ж. «Перевод с права мунгальских и калмыцких народов» атаумен граф П.Б.Шереметьевтің жариялауымен шыққан.

2. 1776 ж. «Монғол халықтарының заңдары» (Gezetze der mongolischen Voelker) деген атпен П.Палластың неміс тіліндегі аудармасы жарық көреді.

3. 1880 ж. жарық көрген Петербург университетінің профессоры К.Ф.Голстунскийдің орыс тіліндегі аудармасы.

Барлық аудармалар тілдік жағынан нақты емес, негізінен түсіндірушілік сипатта жазылған.

«Дала жарғысы — Их Цааз» атты заңдар жинағының қабылдануындағы басты мақсат сыртқы қытай экспансиясы қаупіне қарсы монғол хандарының билігін күшейту, біріктіру болды.

И.Я.Златкин: «...в их основе лежали три цели: урегулировать внутренние взаимоотношения феодалов и исключить возможность междоусобной борьбы; обеспечить объединение сил и взаимную помощь в борьбе против возможностей внешней опасности; укрепить феодальные порядки и власть ханов и князей над остальным населением» [7] деп Жарғының үш мақсатын атап өтеді.

У.Эрдниевтің «Историческая судьба ойратов» [8] атты очеркінде И.Я.Златкиннің Жарғының қабылдануындағы көрсетілген мақсаттармен сәйкес келеді.

Зерттеуші Г.Е.Марков: «Одной из важнейших задач, стоявших перед сеймом князей и нашедших отражение в принятом законодательстве, была стабилизация политического положения, прекращение усобиц и некоторая координация действий. Прямо этому посвящались статьи закона, воспрепятствовавшие взаимные нападения, грабежи, угон скота и т.п.» [9] деп, Жоңғар хандығындағы әлеуметтік құрылымды реттеудегі Жарғының маңыздылығын атап көрсетеді.

Иакинф Бичуриннің айтуынша, «Их Цааз» құқық негіздерінен жоңғар халқының салт-дәстүрлері, ойлау ерекшеліктері, өмір сүру тәсілдері, ағартушылық деңгейі анық көрінеді [10].

Жоңғар хандығының бірігуі (1635 ж.) мен нығаюы қазақтарға, олардың жайылымдарына қауіп төндірді. Шекарасында Цин империясы белсенділік көрсеткен жоңғарлар оңтүстік пен батысқа қарай жылжыды. Осы жерде өзінің тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысқан қазақтар олармен қақтығысып қалды. Жоңғарлармен соғыстан қашып құтылу мүмкін емес еді, сондықтан Қазақ хандығын нығайту қажет болды. Жаңа заңдар шығару, қатаң тәртіп орнату хандықтың қоғамдық құрылысын нығайтып, жаңа өзгерістерге жеткізер еді. Қалалар мен жайылымдар үшін Жоңғария мен Аштарханидтермен болған екі жақты соғыс өте ауыр болды. XVII ғ. соңында қазақтар Жетісу маңындағы жерлерінен айырылды, бұл өз кезегінде қазақтар арасында дау туғызды. Қалыптасқан жағдайда жаңа заңдар жинағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге кепілдік еді. Нәтижесінде 1680 ж. Тәуке хан «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заңдарының негізінде Күлтөбеде билердің қатысуымен «Жеті жарғы» атты заңдар жинағы құрастырылды. С.З.Зиманов [11], З.Ж.Кенжеғали-

ев [12], Н.С.Ахметова [13], Н.Өсерұлының [14] айтулары бойынша, «Жеті жарғы» сол замандағы қазақ халқының қоғамдық және саяси өмірін нақты айқындайтын құқықтық ескерткіш болып табылады.

Жоғарыда айтылып өткендей, Эсен тайшадан кейін ойраттардың тарихы саяси беделге ие болуымен сипатталған. Яғни, олар сыртқы саяси бағытын өзгертіп, жаңа аймақтарға қол сала бастаған. Шығысқа қарай жылжу мақсатындағы күресте жеңілгенмен, ойраттар батыс пен солтүстікте, Шығыс Түркістан, Дешті-Қыпшақ даласы мен Орта Азияда ірі саяси күшке айналып, сол аймақтарда болып жатқан күрделі тарихи этникалық үрдістерге өз ықпалын тигізді. Бұл қазақ-жоңғар этностарының территориялық жақындасуына алып келді. Екі жақты араласудың нәтижесінде туған байланыстар этнологиялық зерттеулерге арқау болып отыр.

Отандық тарихшылар қазақтар мен жоңғарлардың заң құқықтарының шығу уақыттарының сәйкес келетініне көңіл бөледі. Белгілі тарихшы Н.Өсерұлы: «Осы заңдарға сүйенген қазақ билері қоғам ішіндегі дау-жанжалдарды шешіп отырды. Соның нәтижесінде ел іші тынышталып, жұрт бейбіт өмір сүрді; адамдарға береке кірді. Хандық билік әжептәуір нығайды. Сыртқы дұшпандармен тең құқықта сөйлесуге мұрша берді. Тәуке хан сұлтандар үстемдігінің әлсіреп бара жатқандығын дер кезінде көре біліп, билер мен батырларға сүйенді. Әсіресе билер ролін күшейтті. Билер сот қызметінен бастап, ру басшысына дейінгі, қажет болса елшілік қызметті де атқарды» [14; 11] деп мемлекеттің ішкі саясатын тұрақтандыру мақсатындағы Тәуке ханның кезінде іске асқан шараның маңыздылығын атап өтеді. «Жеті жарғыны» зерттеушілер осы заңға негіз болған ежелгі қазақ құқықтары тарихына назар аударады. К.Ф.Голстунский: «Основываясь на Записках киргизского старшины (Яппаского рода) Кубека Шукуралиева (1804 г.), Спаский утверждает, что еще в древние времена существовали у киргизов законы, которые во второй половине XVII века хан Тявка утвердил в значении общеплеменных киргизских законов» [3; 244],— деп мәлімет береді.

Әрине, ежелгі қазақ құқықтары толығымен Шыңғыс ханның жасағының негізінде құрастырылған деп айту артық. Монғол шапқыншылығына дейін де қазақ тайпаларында өз құқықтары болды және олар Шыңғыс ханның заңдарының қыспағының әсерінен жойылып кетуі мүмкін емес. Ш.Уәлиханов «Жеті жарғы» ережелері мыңдаған жылдар бойы өмір сүрді деп жазып, әдет-ғұрып заңдарына негіз болған «туысқандық, ауа райы мен табиғат» туғызған заңдылықтар деген қорытынды жасайды [15]. Қазақстандық тарихшы, заңгер-ғалым С.Зиманов: «Казахское право, основными источниками которого были обычно нормативная система, культурная традиция Великой степи, проявляло... удивительную стойкость в условиях...засилия чужестранных государств» [11; 25], мәлімет келтіреді. Шыңғыс ханның заңдарының әсерін, әрине, жоққа шығаруға болмайды, мысалы, «барымта», «қанды кек» заңдар өз бастауын «Ұлы жасақтан» алған [16].

Сонымен қатар И.Я.Златкин: «Исследуя историю создания «Их Цааз», нужно отметить, что это древнее калмыцкое постановление вобрало в себя ранее утвердившиеся в народе обычаи, которые приобрели силу закона» [7; 93] деп, жоңғарларда да ежелден бері өзіндік заңдарының болғаны жөнінде жазады. Яғни қазақ-жоңғар халықтарының монғол шапқыншылығына дейін (XIII ғ.) өзіндік заңдары мен құқық жүйесі болды. Оның негізін аталмыш халықтардың діни сенімдері мен әдет-ғұрып нормалары құрауы мүмкін. Бұл өз кезегінде толық әрі нақты зерттеуді қажет етеді.

Т.Сұлтанов — қазақ және жоңғар заңдарының ұқсастығын зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі. Ол «Жеті жарғы» мәтінін «Их Цааз» мәтінімен салыстырған [17]. Қазақ және жоңғарлардың құқықтық заңдарын оқығанда өте көп ұқсас ережелерді табуға болады. Мысалы, бай адамдарды жәбірлесе, бірдей айыппұл төленген: «Жеті жарғы» бойынша, егер кімде-кім қожаны немесе сұлтанға тіл тигізсе, 9 әр түрлі мал береді, ал егер қол жұмсаса, 26 мал және түйе төлейді немесе саусағы кесіледі [14; 43–46]. «Их Цаазда» үлкен князьға тіл тигізсе, бір тоғыздық, ал қол көтерсе, бес тоғыздық төлеу керек болған. Кіші князьға тіл тигізсе — бес мал, ал қол көтерсе — үш тоғыздық, жеңіл жарақат үшін екі тоғыздық мал төлеген [5; 25].

Қазақтар мен жоңғарлардың кісі өлтірген адамдарға қатысты заңдарында да ұқсастық бар. «Жеті жарғыда» бірінші орында кек қайтару заңы тұрады: қанға қанмен жауап беру, жазымға жазым келтіру, яғни өлген адамның туыстары өлтірушіні өлтірулеріне болады. Жазаны соттың көмегімен немесе екі жақтың келісімімен жеңілдетуге де болады. Құн төлеу арқылы өлтіруші өз өмірін сақтап қала алады. Ол әр өлтірілген ер адам үшін 1000 қой беруі керек. «Их Цаазда» да 1000 қой төлеу керек екендігі жазылған. Екі заңда да қасақана өрт қойғандарға берілетін айыппұл түрі бірдей, яғни 1000 қой түрінде айып төлеулері қажет.

Сонымен бірге негізгі құқықтық нормалары да бірдей. Мысалы, заңдарда келтірілген жаза түрлері ұқсас: өлім жазасы, мүлікті тәркілеу, мал, әскери жарақтар т.б. беру арқылы айып төлеу,

«композиция», яғни өлім жазасын айыппұл төлеумен алмастыру, шығынды өтеу. Азаматтық істі қарағанда қолданылатын процессуалдық құқықтар бір-біріне ұқсас болып келеді. Жоңғарларда «Элчи» институты болған, оның міндеті сотқа жауапкерді, куәгерді, талапкерді алып келу болды.

Екі халықта да кінәны айқындау үшін басқа әдістермен қатар ант беру әдісі де қолданылған. Н.Өсерұлы былай жазады: «Жеті жарғыда ант беру туралы арнайы заң бар. Мұны ердің құны, жесір дауы, ұрлық, жер дауы секілді күрделі дауларда қолданған» [14; 50].

П.Смирнов қалмақтарда да осындай антардың болғанын жазып, олардың сот мәселелеріндегі мазмұны мен маңыздылығына тоқталған [18].

Екі заңда да отбасылық қатынастарды реттейтін көптеген баптар бар. Некелік және отбасылық қатынастар қатаң заңдастырылған. Жоңғарларда да, қазақтарда да қыз балалар үшін неке жасы ретінде 13 жас белгіленіп, туыстар арасындағы некеге тыйым салынған. Екі халықта да қалыңмал беру салты бар және ол ата-аналардың жағдайына байланысты қатаң сақталған. Құда түсуге де үлкен мән берілген. Мысалы, «ежелден бергі әдеп-ғұрып заңы бойынша күйеу жағынан құдалар алдымен құдалыққа барып, «құйрық-бауыр жесіп», киіт киеді. «Құйрық-бауыр жесісудің» мәні ерекше. Екі жақтан дау-дамай бола қалғанда, кез келген би: «Құйрық-бауыр жеппе едіңдер?» деп сұрайды. Желінген болса, құдалық заңды деп есептеліп, дауларын қараған. Ал желінбесе, қаралмаған» [19].

Осы орайда Я.Гурляндтың хабарламасы көңіл аударуға тұрарлық: «Жених (қалмақ) имеет право на имущество помолвленной с ним девушки в случае ее смерти, причем, согласно ст. 37, если не было пиршества, то только на половину» [4; 63]. Яғни, екі халықта да үйлену тойы тек мереке ғана емес, сонымен бірге ол заңды, куәгерлер қатысуымен өтетін акт болған.

Қазіргі заман тарихшысы А.Г.Митиров, Ф.И.Леонтовичке сүйене отырып, қалмақтардың туыстарынан мал айдап әкететін дәстүрін атап көрсетеді [20]. Бұл құқыққа тұрған жерлеріне, уақытына қарамастан, барлық жиендер ие болған. Олар алдын ала малдан үлес алулары туралы ескертетін, егер тілектері қабылданбаса, онда жиендердің малды айдап әкетуге құқықтары болған. Бұндай дәстүр қазақтарда да болған, оны «жиенқұрық» деп атайды [14; 43].

Қазақтар мен қалмақтардың негізгі заңнамалық терминдерінде де ұқсастықтар бар. Мысалы, қазақтың «жарғы» деген сөзі қалмақтарда «зарго» деп айтылады. Қазақша «жөн-жосын», қалмақша «иосун» (құқық), қазақтарда да, қалмақтарда да «заң» деген сөз бар, тек қалмақша ол «салт» деген мағынаны білдіреді.

Қазақтарда да, қалмақтарда да айыптың өлшемі ретінде тоғыздық алынған. Мысалы, жоңғарларда айып құны «тоғыздық түйемен» деп аталса, қазақтарда ол «түйе бастаған тоғыз» деп аталады.

Екі халықтың заңдарында әскери құқық біртекті айтылады. А.И.Левшин: «В дополнение к сим законам должны быть присоединены следующие достопамятные постановления хана Тявки: чтобы сам хан, равно как и все султаны, старейшины и правители родов, собирались осенью в одном месте, в середине степи, для рассуждения о делах народных» [21; 358], — деп жазады.

Ал 1620 ж. жоңғар заңдарында былай делінген: «... если нойон не приедет на съезд, взять с него панцирь, сто верблюдов, тысячу лошадей» [22; 99].

Екі заңда да жер пайдалану мәселесіне көп көңіл бөлінген. С.Өзбекұлының айтуынша, Тәуке хан алдымен ру арасындағы дауларды шешіп, мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз етуге басты назар аударған [23]. Ол жер, табиғат, климаттық ерекшеліктерді есепке ала отырып, жерлерді үш жүз руларына бөліп берген, жайлау, қыстақтарды, жайылымдарды анықтап берді. Әр жүздің жер шекараларын белгіледі. Әрбір ру өзіне тиесілі жер аумағында көшіп жүруге құқылы болды. Монғол әкімшілігінің де міндеті жайылымдар мен қыстауларды анықтап, пайда болған дауларды шешу еді, заң бойынша өз бетімен қыстауларды өзгертуге тыйым салынған. Егер шекара бұзылса, онда үш тоғыздық көлемінде айыппұл салынатын.

Сонымен қатар екі заңда да егер жауапкер болмаса немесе оның айып төлеуге жағдайы болмаса, онда міндеттер ол адамның туыстарына жүктеледі. «Если ответчик суду не явится или присужденный пени заплатить не может; то оно взыскивается с его родственников или с его аула» [21; 358].

Қазақ-жоңғар халықтарында түрме болмаған. А.Д.Насиловтың айтуынша, көшпенді халықтарда еркіндігін алу арқылы жазалау болмаған [22; 35]. «Қазақтарда түрме деген мүлдем болмаған», — деп тарихшы Н.Өсерұлы [14; 11] өз еңбегінде жазады.

Екі заңда да жазалауды жеңілдету қарастырылған. «Жеті жарғыда» «талион» принципі жарияланған: онда бірінші орынға кек қайтару заңы қойылған, қанға қан, жарақатқа жарақат. Бірақ И.Левшиннің айтуынша: «Наказания могут быть смягчаемы по приговору судьбы или согласию

истцов; и тогда преступник наказывается только установленною за всякое преступление платою (принцип «композиции»). «Убийца возвращает себе жизнь, платя кун, т.е. отдавая за каждого убитого мужчину — 1000, а за женщину 500 баранов» [21; 358]. Қазақтарда жазаны жеңілдету Есім хан тұсында басталған: «Бізге келіп жеткен деректер бойынша, Есім хан ердің құнына 100 жылқы және 6 жақсы (6 түйе) кесім белгілеген», — деп жазады Н.Өсерұлы [14; 43].

Кейбір ғалымдар (С.Д.Дылыков және т.б.) жазаның жеңілдетілуін көшпенділердің материалдық жағдайларының төмен болуымен байланыстырады, яғни кінәлілер айыбын төлеу үшін ештеңе бере алмайды. Заңдылықты сақтауда қоғам мүшелерінің экономикалық жағдайы әсерінің маңыздылығын ескере отырып, жазалардың жеңілдетілуін халықтың жалпы дүниетанымының дамуы, көшпенді қоғамдағы гуманистік принциптердің күшеюімен түсіндіруге болады.

Аталған заңдардың ұқсастықтарын зерттей келе, Т.Сұлтанов Тәуке хан жарғыларының 1640 жылғы ойрат жарғыларына еліктеу емес екендігін айтады [17]. Екі жарғының ұқсастығы қазақтар мен ойраттардың (қалмақтардың) шаруашылық-өндірістік іс-әрекеттер жағдайларының ұқсастығымен түсіндіріледі.

«Жеті жарғыны» «Их Цаазбен» салыстырғанда «1620 ж. он сегіз дала заңдарын» қоса талдау қажет. «Их Цааз» көп жағдайда осы заңдарға жүгінеді, мысалы, 98-бапта егер кімде-кім қасақана өрт қойса, ол Ұлы жарғы («Он сегіз дала заңы») бойынша жазаланады делінген [5; 9].

Қазақ зерттеушілері «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» туралы жазба деректерінің жоқтығын және «Жеті жарғының» мәтінінің толық еместігін айтады. Патшалық Ресей, Циндік Қытай мемлекеттері бірнеше жылдар бойы Қазақ хандығына бақылау жасап отырған. Бұл елдердің билеушілері қазақ қоғамының әскери қуатына ғана емес, құқықтық негіздеріне де аса мән беріп келген. Сондықтан осы мемлекеттердің сыртқы саяси мекемелерінің мұражайларынан XV–XVII ғғ. қазақ заңнамалары туралы көптеген мәліметтер табуға болады, соның негізінде олқылықтардың орнын толтыра аламыз.

Жоғарыда «Жеті жарғы» және «Их Цааз» заңдары талданып, ұқсастық элементтерінің кездесетіндігі көрсетілді. Екі халықтың заңдарындағы ұқсастықтың болу себебіне төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

- қазақ және жоңғар халықтары географиялық жағдайы бірдей аймақта көшпелі өмір салтын ұстанған халық, яғни қоғамдық өмірлерінің әлеуметтік жақындығы екі халықтың құқықтары мен заңдарының ұқсастығына өз әсерін тигізді;
- қазақ-жоңғар заңдарындағы ұқсастық екі халықтың XIII ғасырдағы Шыңғыс хан бастаған монғол шапқыншылығы нәтижесінде құрылған Монғол империясының және одан кейінгі Шыңғыс ұрпақтарының мемлекеттерінің құрамында болуында. Яғни Шыңғыс ханның «Ұлы жасағын» басшылыққа алуы;
- ұзаққа созылған этномәдени қарым-қатынас.

Қазақ-жоңғар халықтарының заң шығару мәселесінде өзара әсердің жоғары екендігін айта кету керек. Көшпелі қоғамның күрделі ішкі құрылымын зерттеуде қазақ және жоңғар жарғылары үлкен роль атқарады. Екі көшпелі халықтың заңдарының өзара әсері дербес зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар Шыңғыс ханның «Ұлы жасағының» ғасырлар бойы көрші қазақ-жоңғар халықтарының құқығына әсерінің қандай дәрежеде болғанын анықтау шарт.

Қазақ және қалмақ зерттеушілері екі халықтың ежелгі заңдарының өзара әсерін зерттеуі — бүгінгі күннің талабы. Осыған байланысты жоңғарлардың «Цааджан Бичиг», «Их Цааз» жарғыларынан бұрын пайда болған қазақтың «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» жарғыларын зерттеп, олардың жоңғар жарғыларына әсерін түбегейлі анықтау қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Паллас П. Собрание исторических известий о монгольских народах. — СПб.: Изд-во АН, 1776. — 114 с.
2. Леонтович Ф.И. К истории права русских инородцев. Древний монголо-калмыцкий, или ойратский, устав взысканий (Цааджин Бичик). — Одесса: Ун-т Св. Владимира, 1879. — 24 с.
3. Голстунский К.Ф. Монголо-ойратские законы 1640 года. — СПб., 1880. — 214 с.
4. Гурлянд Я.И. Степное законодательство с древнейших времен по XVII столетие. — Казань, 1904. — 198 с.
5. Их Цааз (Великое уложение). Памятник монгольского феодального права XVII в. — М.: Наука, 1981. — 165 с.
6. Пучковский Л.С. Монгольские, бурят-монгольские и ойратские рукописи и ксилографы Института востоковедения АН СССР. — М.-Л.: Наука, 1957. — 254 с.

7. *Златкин И.Я.* История Джунгарского ханства (1635–1758). — М.: Наука, 1983. — С. 113.
8. *Эрдниева У.Э.* Историческая судьба ойратов. — Элиста: Калм. кн. изд., 1993. — С. 25.
9. *Марков Г.Е.* Кочевники Азии (структура хозяйства и общественная организация). — М.: Изд-во Моск. ун-та, — 1976. — С. 97.
10. *Бичурин Н.Я.* Историческое обозрение ойратов и калмыков с XV столетия до настоящего времени. — СПб.: Типогр. Мед. департамента, 1854. — С. 112.
11. *Зиманов С.* Проблемы казахского обычного права. — Алма-Ата: Наука, 1989. — 142 с.
12. *Кенжегалиев З.Ж.* Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. — Алматы: Жеті жарғы, 1997. — 191-б.
13. *Ахметова Н.С.* Көшпелі қазақ қоғамының құқығы. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2007. — 187-б.
14. *Өсерұлы Н.* Жеті жарғы. — Алматы: Жеті жарғы, 1995. — 79-б.
15. *Валиханов Ч.Ч.* Записка о судебной реформе // Собр. соч.: В 5 т. — Алма-Ата: Наука, 1985. — Т. 4. — С. 79.
16. *Едилханова С.А.* Казахско-джунгарские отношения в XVII–XVIII вв. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — С. 79.
17. *Султанов Т.* Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). — М.: Наука, 1982. — С. 36.
18. *Смирнов П.* Путевые записи по Калмыцким степям Астраханской губернии. — Элиста: Калм. книж. изд-во, 1992. — 201 с.
19. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. — Омск: Тип. Окружн. Штаба, 1886. — 84 с.
20. *Митиров А.Г.* Обычаи права калмыков в трудах дореволюционных исследователей России / Калмыковедение: вопросы историографии и библиографии. — Элиста: Калм. книж. изд-во, 1988. — 255 с.
21. *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. — Алматы: Санат, 1996. — 656 с.
22. *Насилов А.Д.* Восемнадцать степных законов 1620 года. — М.: Наука, 2002. — 154 с.
23. *Узбекулы С.* Хан Тауке и правовой памятник «Жеті жарғы». — Алматы: Ғылым, 1999. — 179-б.

---

**АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚарМУ-дың  
АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОТАН ТАРИХЫ КАФЕДРАСЫНЫҢ  
ДОЦЕНТІ Т.Ғ.К. Н.А.БЕЙСЕНБЕКОВАНЫҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ КРУГЛОГО СТОЛА «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МЕТОДИКИ  
ПРЕПОДАВАНИЯ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ», ПОСВЯЩЕННОГО 60-ЛЕТИЮ  
К.И.Н. ДОЦЕНТА КАФЕДРЫ АРХЕОЛОГИИ, ЭТНОЛОГИИ И ОТЕЧЕСТВЕННОЙ  
ИСТОРИИ КарГУ ИМЕНИ АКАДЕМИКА Е.А.БУКЕТОВА Н.А.БЕЙСЕНБЕКОВОЙ**

**Учебники нового поколения для 12-летней школы:  
из опыта работы карагандинских историков**

Сактаганова З.Г.

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова*

Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетінің студенттері тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Бейсенбекова Нұрсахан Ахметовнаның жетекшілігімен № 39 гимназияда педагогикалық практикадан өту барысында мектеп оқушыларымен, пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, «Тәуелсіздік және Алаш», «Мағжан тағылымы» тақырыбында өткізген ғылыми-практикалық конференция, тәрбие кештері оқушылар, студенттер бойына азаматтық, патриоттық, отансүйгіштік сезімдерді ұялатады сөзсіз.

Тарих сабағында проблема қойып оқыту әдісінің маңызы зор, проблемалық сұрақтармен жұмыс оқушыларды ізденіске, сұраққа жауап ізденуге жетелейді. Тарих пәні бойынша проблемалық-ситуациялық әдісті, пікірсайыс тәсілін көбірек пайдалануға болады. Осы әдісті жүзеге асыру үшін ең әуелі сабақта проблеманы дұрыс қою шарт. Оқушылар проблемалық сұрақтарды шешу үшін өз ұсыныстарын, пікірлерін, ойларын, проблеманы шешудегі көзқарастарын білдіреді. Бұл пікір алуандығының салтанат құруына алып келеді.

Қоғамда ой-сана алуандығын туғызу мемлекетті барлық жағынан өркендету негіздерінің бірі болып табылады. Пікірсайыс — нағыз азат ой қорытындысының жемісі. Кеңес үкіметі кезінде жетекші саясат қаншалықты үстем болсын, әр кезде, әрқашан оған баламалы ойлар болғаны тарихи заңдылық, шындық.

Ресейдің отаршыл саясатына қарсы тұрған Ә.Бөкейханов «қазақ халқына отаршылыққа көшу үшін 250 жыл қажет» десе, Голощекин қазақ жерін 2–3 жылда отаршылыққа күшпен көшіріп, халықты қырғынға ұшыратқанын оқушыларға сабақ барысында жеткізу тарихи шындықтың бетін ашады [2].

Оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру дегеніміз — табиғаттың да, қоғамның да белгілі бір заңдылықпен дамитындығын дәлелдеу.

Дүниеге ғылыми көзқарасты қалыптастыруда адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеуде «Тарих» пәнінің орны ерекше.

«Адам және қоғам» пәнінен «Қазақ ойшылдары адам және қоғам туралы» тақырыбын өткенде, Абайдың дүниетанымына тереңірек тоқталдық.

Абай — өз заманының парасат иесі. Ол замана қайшылықтарын шешудің дұрыс бағытын көрсете білген ақын. Оның дүниетанымындағы философиялық көзқарастары жайлы түсінік беру оқушылардың дүниеге қоғамға көзқарастарын қалыптастыруға әсерін тигізеді.

Дүниені тануға, дамытуға көмектесетін құдіретті күш — білім мен тәрбие. Ұлы Абайдың бойында терең білім мен терең ой да жеткілікті болған. Оның шығармаларында, қара сөздерінде осы философиялық ой-пікірлер жан-жақты берілген. Осыны сабақ үрдісінде оқушыға дұрыс, жан-жақты тиімді, сапалы жеткізу олардың дүниетанымын дұрыс қалыптастырады.

Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та, бар қалан» деген сөзінде терең философиялық ой жатқанын болашақ ұрпаққа жеткізе білу маңызды.

Оқыту барысында тәрбиелік міндеттердің дұрыс анықталуының мәні зор. Себебі сабақтың қандай көзқарастарды қалыптастыру бағытында жүргізілетінін алдын ала белгілеу, пайдаланатынын тарихи құжат пен алынатын үзінділердің адамгершілік ұстанымдары, алдыңғы қатарлы дәстүрді,



ерлікті, батылдықты, тарихи қайраткерлердің тамаша қасиеттерін, іс-әрекеттерін шындық тұрғысынан көрсете алуы құндылықтарды насихаттауға, адамгершілік тәрбиенің жүзеге асуына көмектеседі.

Оқушыларды отаншылдыққа, халықтар достығына тәрбиелеу үшін сабақта:

- халықтардың алдыңғы қатарлы дәстүрлерін нақты мысалдармен ашып көрсету;
- көрнекті қайраткерлердің де қарапайым халық өкілдерінің де тарихтағы халық алдындағы қызметін, еңбегін атап көрсету;
- халықтар достығын, ынтымақтастығын ашып көрсету;
- мемлекет пен үкімет тарапынан қабылданған құжаттарды, өлкетану материалдарын тиімді пайдалану қажет.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан–2030» бағдарламасында: «Қоғамның саяси тұрақтылығы мен бірлігін жүзеге асыруда қазақстандықтардың байсалдылығы мен төзімділігі, кеңпейілдігі мен ақжарқындығы басты фактор болып табылады» деп атап көрсетті [3]. Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. Ұлтаралық ынтымақтастық пен өзара татулыққа ерекше мән беруіміз керек. Әлеуметтік орта мен қоғам тұтастығы, тұрақтылығы «азаматтардың патриоттық тәрбие» ұғымын қаншалықты деңгейде сезінетіндіктеріне, түсінетіндіктеріне байланысты болады. Бұның барлығы патриоттық тәрбие жүйесі тиімділігінің дамуы мен беки түсуінің ерекше маңыздылығының негізі болып отыр.

Қазақстан сияқты көптеген көп ұлтты мемлекеттер үшін де бұл мәселенің орны ерекше. Азаматтық пен патриотизм тәрбиесінде маңызды орын білім жүйесінде беріледі.

Тарихи материалдарды оқыта отырып, ерлікке, жауынгерлікке тәрбиелеу маңызды. Ондағы мақсат — елін, халқын жаудан қорғай алатын батыл да ержүрек патриот тәрбиелеу. Ондай материалдарға:

- 1) жаппай ерліктің, батырлықтың үлгісін көрсеткен шайқастар;
- 2) сырттан келген басқыншыларға жан аямай соғысқан халықтың ерлігі, ынтымақтастықтың, достықтың көрінісі болған 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысы, қазақстандықтардың қатысуы, Жеңістің маңызы, Биылғы Жеңістің 65 жылдық мерейтойы;
- 3) қазақстандық ержүрек батырлар, олардың ерліктері жатады.

Елбасымыз «Қазақстан–2030» Жолдауында негізгі бағыттардың бірі — жоғары құқықтық сана мен құқықтық мәдениет деп атап көрсетті [3].

Құқықтық сауатты адамдар дайындау — біздің міндетіміз. Құқықтық сауатты адам қылмысқа ұрынбауға әрекет жасайды. Өмір сүрудің тиімді жолдарын өз бетімен шешуге ұмтылады.

Қазіргі кезде Қазақстан «Қазақстан–2030» даму стратегиясында басты басымдықтардың бірі болып табылатын мемлекеттік жастар саясаты тиімділігін арттыру үшін жағдай жасауға жан-жақты көмектеседі [3].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан жастарының II Конгресс қатысушыларымен кездесу барысында: «XXI ғасыр — белсенді өмірге қадам басқан және ел, халық, отбасы тағдырына жауапкершілікті өз мойнына алатын жастардың ғасыры болуы керек» деген болатын [4].

Патриоттық тәрбие — тарихи сананы қалыптастырудың басты негіздерінің бірі.

Патриоттық тәрбие жүйесінің дамуы жастар саясатының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады және ол төмендегіше топшыланады:

- жастардың әлеуметтік-маңызды құндылықтарды, оқыта тәрбиелеу процесі барысында азаматтық пен патриотизмді меңгеруі, қалыптастыруы, дамытуы;
- атқарушы билік органдары, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер жүзеге асыратын бұқаралық патриоттық жұмыстар;
- бұқаралық ақпарат құралдары, ғылыми және басқа да ұйымдар, патриоттық тәрбие мәселелерін қарастыруға, айқындауға бағытталған шығармашылық одақтар, Отан азаматының тұлғасын дамыту мен қалыптастыру.

Рухани-адамгершілік, әскери-патриоттық тәрбиелер патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттары болып табылады.

Патриоттық тәрбие Отан азаматы мен патриотында болатын қасиеттер бойынан табылатын және соғыс пен бейбітшілік кезінде де өзінің азаматтық міндеттерін сәтті орындайтын тұлғаны қалыптастырып, дамытуға бағытталған.

«Өлкетану — бұл, бәрінен бұрын, өз өлкесін сүйу», — деген болатын әйгілі аймақтанушы, профессор С.Шмидт.

Өлкетану ақпаратының негізгі көздері:

- мерзімдік басылым (газет, журнал, жыр жинақтары);
- көркем әдебиет;
- мұрағат қорлары;
- мұражай мұрағаттары;
- мәдениеттің материалдық іздері (мүсін өнері, сәулет өнері, шығармалар);
- статистика мәліметтері.

Өлкетану жұмыстарының негізгі принциптері:

- жүйелік қадам;
- деректердің мөшерлі нақтылығы.

Патриоттық тәрбиені дамыту үшін халықтың әр түрлі категориясының нәтижелілік көрсеткіштерін білу керек. Олар — төменгі сынып оқушылар: «Отан», «туған жер», «мемлекет» ұғымдарының мағынасы; Қазақстан халқының жауынгерлік, еңбек дәстүрлерін түсіну; Отанының, туған өлкесінің, өз тегінің шығу тарихының, өз отбасының өткен тарихының негізін білу; мәдени-тарихи, ұлттық, жалпы адами, рухани-адамгершілік құндылықтармен танысу;

- жасөспірімдер: өзінің туған жері, жақындарымен мақтаныш сезімінің қалыптасуы; әлемдік өркениет тарихындағы Қазақстанның тарихи жолы туралы ерекше көрінісі, Қазақстан мемлекетінің тарихи-мәдени рәміздерін түсіну;

- жоғары сынып оқушылары: патриоттық сана-сезім тұтастығын қалыптастыру; әскери қызметті атқаруға оң көзқараспен қарау; Отанының, туған жерінің, елінің қаһармандық тарихы қарым-қатынасына патриоттық сезім деңгейін дамыту; әлеуметтік құндылықтарды таңдау бағыты мен сипаты; салауатты өмір салтын ұстау талабы, дене шынықтырумен, спортпен айналысуы; азаматтық даму деңгейі.

«Өткенсіз — бүгін, бүгінсіз — болашақ тұл». Өсер ұрпақ тарихтан тағылым алмай, болашаққа батыл қадам жасай алмайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің еңбегінде: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп келе жатыр, біздің балаларымыз бен немерелеріміз де бірге өсіп келеді. Олар өз ұрпақтарының қуатты және жауапты өкілдері болады. Олар өз ата-бабаларының дәстүрін сақтай отырып, нарықтық экономика шарттарында жұмыс істеуге дайын болады. Олар өздерінің бейбітшіл, гүлденуші, жылдам өсуші, барлық әлемге сыйлы және танымал мемлекетінің патриоты болады», — деген болатын [1].

Ендеше, Қазақстанда жас ұрпақты тәрбиелеу барысында тарихи сананы қалыптастырудың рөлі зор екендігін осыдан көруге болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. — Алматы: Атамұра, 1999. — 296-б.
2. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 1985. — 560-б.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан–2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы // Қазақстан сарбазы. — 1997. — № 85. — 4 қараша.
4. Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы. (Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы ел халқына Жолдауында белгіленген Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасына және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясына сәйкес әзірленді).

## Орта мектептерде «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың кейбір мәселелері

Смағұлова Қ.С.

*№ 7 Жамбыл атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, Қарағанды*

В статье рассматриваются вопросы сотрудничества высшей и средней школы в разработке единых подходов к преподаванию отечественной истории с использованием мирового опыта, в выявлении проблем преподавания отечественной истории, в разработке инновационных технологий и их применении в школьных и вузовских курсах истории, а также в создании учебников по истории Казахстана.

In articles offered on a round table «Actual problems of a technique of teaching of National history» considered questions of cooperation of the higher and high school in working out of uniform approaches in teaching of national history with use of world experience, in revealing of problems of teaching of National history, in working out of innovative technologies and their application in school and high school courses of history, and also in creation of textbooks on stories of Kazakhstan.

Қазақстан тәуелсіздік алған осы жылдар ішінде еліміз үлкен өзгерістерге қол жеткізді. Ел ішінде экономиканың салалары барған сайын даму үстінде. Демократиялық үрдістер мен азаматтық қоғамға бастайтын саяси реформалар жүргізілуде. Осылармен қатар білім беру саласы да маңызды реформаларды басынан өткеруде.

Кеңестік кезеңде КСРО тұсында қалыптасқан білім беру жүйесінің өзіндік дәстүрлері, құндылықтары мен артықшылықтарына қарамастан, ұлт республикаларында ана тілдері мен тарихтарына өте аз сағат бөлінді және тарих оқулықтары кеңестік идеологияға сәйкес бұрмаланып жазылған. «Қазақ тарихы» жеке пән ретінде 1960–1961 оқу жылына дейін оқылмай келді.

Қазақстанның білім беру жүйесі еліміздің Конституциясының қағидаларына, «Қазақстан–2030» Стратегиялық бағдарламасына, ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жолдауларына, сонымен бірге халықаралық білім саясатына арналған құжаттарға негізделеді. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі аталмыш құжаттарды басшылыққа ала отырып, білім беру жүйесін қалыптастырып әрі оны дамытуда. Аталмыш министрлік «Білім туралы», «Ғылым туралы» ҚР Заңдарымен қатар Білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жасап, осы заңнамалық негіздерге сәйкес іс-шаралар атқарылуда. Осы іс-шаралардың ішінде ұлттық мүдде мен идеяны қалыптастыруға көмектесетін «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту мен оның оқу құралдарымен қамтамасыз ету де бар.

Ендігі кезде «Қазақстан тарихын» кең көлемде оқытып, сол арқылы келешек ұрпаққа төл тарихымыз бен мәдениетімізді жеткізетін уақыт туған шақта тарихты оқытуда алғашқыда бірқатар қиындықтар кездесті. Біріншіден, орта мектептерге арналған «Қазақстан тарихы» оқулықтарын жазу; екіншіден, оқулықтардың мазмұнының сапалық жағы; үшіншіден, оқу құралына көмекші оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету. Осы мәселелерді қысқаша сараптап қарастырып көрейік.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ отандық оқу құралдарын жазуға ерекше көңіл бөліне бастады. «Қазақстан тарихы» оқулықтарын жазуға қазақстандық ғалымдармен қатар тәжірибелі мектеп ұстаздары да қатысты. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқулықтар әзірленді. Ұзақ жылдар асыға күткен тәуелсіз еліміздің тарихын, оның арттағы көпғасырлық тарихынсыз елестету мүмкін емес еді. Сондықтан «Қазақстан тарихы» оқулықтары Қазақстанның территориясындағы болған және қазақ халқының тағдырындағы маңызды тарихи кезеңдер мен оқиғаларды барынша қамтуға тырысты. Соған қарамастан, орта мектептерге арналған «Қазақстан тарихы» оқулықтарының мазмұны ұлттық білім беру үлгісіне сай болмады. Мысалы, № 7 Жамбыл атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың 8-сынып оқушылары тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қ.Қасымбаев әзірлеген жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы (XVIII ғ. — 1914 ж.)» оқулығы («Мектеп» баспасынан 2004 жылы шыққан. — Қ.С.) бойынша білім алады. Бұл оқулық бір қарағанда көзге жақсы жазылған кітап болып көрінеді. Жеті бөлімнен тұратын бұл оқулықта көрсетілген мерзім ішіндегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы және мәдениеті біршама жақсы жазылған. Оқулықтың тағы бір ұтымды тұсы — әрбір тақырыпшалардан кейін оның мәтініне сәйкес берілген түрлі құжаттық материалдардың болуында. Сол сияқты біраз карталар мен соңында хронологиялық шеңбер ішіндегі басты оқиғалардың даталары, оқулықтың мазмұнында жиі кездесетін шартты қысқартулар да берілген. Алайда ұлт мүддесі үшін өмірлерінің соңына дейін күресіп өткен

алаш азаматтарына байланысты, олардың қоғамдық-саяси қызметтерінің қырлары, мәдениетке қатысты кейбір мәселелер әлі де болса толықтыруды қажет етеді. Мысалы, қазақтардың Мемлекеттік думаға сайлануын, олардың саяси белсенділіктерінің өсуін, екі Думаға қазақтардан барлығы он екі адам сайланғанын, олардың ішінде үшеуі екі Думаға да депутат болғанын және де олардың империяның төріндегі үлкен мінбелерден ұлтының жоғын жоқтаған Алаштың алғашқы азаматтары екеніне ерекше көңіл бөлген дұрыс сияқты. Себебі тарихта олардың іздері ұмытылмастай болып қалды. Қалай болғанда да Алаштан шыққан алғашқы 12 депутатты бөліп-жармай, барлығы туралы қысқаша мәліметтер берілу қажет. Оқулықта Алпысбай Қалмен, Дәуіт Ноян Тұндыт, Тілеулі Аллабергенұлы, Бактыгерей Құлман, Молда Тайынұлы сияқты депутаттардың аттары да жазылмаған [1]. Тарихи оқиғалар мен көрнекті тұлғалар жайында толық деректер беру мүмкіндігіне қазіргі кезде қол жеткізілді. Олай дейтініміз кезінде мұрағат қорларында «құпия» белгімен сақталып келген құжаттармен ғалымдардың жұмыс істеуіне рұқсат берілмесе, қазіргі кезде мұндай құжаттармен танысуға толық мүмкіндік туды. Жеке тұлғалар, олардың қоғамдағы орны, бір-біріне әсері, әсіресе ұрпақтар сабақтастығы, оның ішінде ұлт зиялыларының тәуелсіздік пен бостандық жолындағы күрестері сияқты өзекті мәселелерді жаңа буын өкілдері — мектеп оқушыларына жан-жақты жеткізетін кез келді.

Ал осы оқулықтағы «XX ғасыр басындағы Қазақстан мәдениеті» тақырыпшасын қарасақ, мұндағы мәдениет тақырыбы да толық ашылмай қалған. Айталық, атақты Әміре Қашаубаевтың жай ғана әнші емес, оның қазақ музыкасын алыс шетелге — Францияға танытқаны туралы қысқаша жазып кетсе немесе оған байланысты құжаттардан үзінді келтіру керек. Сондықтан оқулықта бұл мәселелердің қамтылмай қалған тұстары, мектеп хрестоматияларында жазылғаны дұрыс. Оқулық баспадан 2004 жылы жарық көргендіктен, оны толықтырып, өңдеп қайтадан екінші рет басып шығаруға әбден болады. Мұндай тілек-ұсыныстардың 5–7 және 9 сынып оқулықтарына да қатысы бар. Себебі бұл оқулықтарды да қайтадан қарастырып, толықтыру қажет. Мысалы, Қазақстан территориясы қола ғасырлар ескерткіштеріне өте бай. Осы ескерткіштердің кейбірі ғана мектеп оқулықтарында бар. Ал соңғы жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаншама жұмыстар жүргізіліп, көптеген тарихи-археологиялық және сәулет ескерткіштері қайта жаңғыртылып, қалпына келтіріліп жатса, кейбір жерлерде археологиялық қазба жұмыстардың барысында жаңадан ескерткіштер ашылып жатыр. Кезінде Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» ұзақ жылдар бойы жалғыз болып келсе, аталмыш бағдарламаның кешенді жүргізіліп келе жатқан жұмыстарының нәтижесінде «Сармат жауынгері» деп аталған екінші «Алтын адам» Атырау облысынан табылса, олардың қатары Шығыс және Орталық Қазақстаннан табылған «Алтын адамдармен» толықтырылу үстінде. Өкініштісі, олар туралы қызық мәліметтерді мектеп оқушыларының алдарындағы оқулықтардан кездестіре алмауы.

«Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты — халқымыздың ұлттық мәдениетін болашақ ұрпаққа таныту арқылы қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу, сол арқылы ұлт мәдениетін әлемге көрсету. Себебі адамзат тарихының күретамыры — мәдениет. Мәдениет — адамның ақыл-ойы мен қимыл-әрекеті дүниеге әкелген рухани және материалдық құндылықтары. Халық мәдениет арқылы танылады.

2007 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің қорытынды отырысында Президент Н.Назарбаев сөз сөйлеп, баяндама жасаған еді. Сонда сөзінде Елбасы былай деп еді: «Рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана негізінде патриоттық сезім, отаншылдық рух қалыптасатыны белгілі. Әсіресе бүгінгі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу — мемлекеттік идеологияның темірқазығы болуы тиіс» [2; 1]. Мемлекеттік идеология саласына тікелей қатысы бар мектеп мұғалімдері үшін осы бағдарлама аясында бізге танымал емес рухани және материалдық мәдениеттің жәдігерлері туралы мәліметтерді мектеп хрестоматияларына енгізген дұрыс. Мысалы, бағдарламадағы айрықша жобалардың бірі — археологиялық мұра.

Археологиялық мұра мәдени мұраның аса маңызды заттай бөлігі ретінде халықтың материалдық ескерткіші саналып, еліміздің тарихын зерттеумен қатар, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау мен пайдалануда ерекше рөл атқаратыны баршаға аян. Осы орайда Қазақстанның археология ғылымының отандық тарихқа сүбелі үлес қосып отырғанын ескерсек, олармен толықтай таныс болатын мәліметтер әзірше мектеп оқулықтарынан сырт қалды. Біз, мектеп мұғалімдері, бүгінде «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында ұлттың рухани, мәдени-интеллектуалды өсуі, келер ұрпақты ата-баба дәстүрі, адамзат баласының құндылықтары рухында тәрбиелеу тұрғысында орасан зор еңбек жасалып жатыр деп жастарға нық сеніммен айта аламыз. Өйткені ұстаздың міндеті —

алдында отырған оқушыға айналанда болып жатқан жаңалықтарды жеткізу. Сондықтан бірінші дерек көзі жарияланатын орын газет-журналдар, яғни баспасөз құралдары, болғандықтан, мектептердің ұстаздар қауымы осылардан алынған мәліметтерді тек қана ауызша түрде жеткізумен ғана шектелуге мәжбүр. Егер олар туралы шағын материалдарды көмекші құрал ретінде шығарып, мектептерге таратылса, онды болар еді. Осы жерде тағы да Елбасының мына бір айтқан ойы еске түседі: «Мәдени мұраны игеру — халықтың тарихи жадының негізі, онсыз шынайы патриотизм болмайды. Тарихи мәңгірттіктің осынау екпінін еңсеру жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу үшін айрықшы маңызды» [2]. Олай болса «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде орта мектептердің «Қазақстан тарихы» оқулықтарының мазмұнын қайта қарап, оларды толықтыру мәселесін қолға алатын кез жеткен сияқты.

Сол сияқты 9-сыныпқа арналған «Қазіргі заман тарихы» оқулығында (авторлары Аяган Б.Ф., Шәймерденова М.Ж. — Қ.С.) оқушыларды ғана жаңылтып қана қоймай, мұғалімдердің де күмәнін тудыратын тақырыпшалар кездеседі. Мысалы, оқулықтың төртінші бөлімінде тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жағдайына арналған тарауша бар [3]. Мұнда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа таныла бастағаны, соның нәтижесінде бірқатар мемлекеттермен екі жақты дипломатиялық қарым-қатынастардың орнай бастағаны, қысқа мерзім ішінде сыртқы саяси басымдылықтардың айқындалғандығы баяндалып келе, олармен бірге Қазақстанның ішкі саяси мәселелері қабаттасып кеткен. Оқулықтың 336–338-ші беттерінде жазылған 1994 жылғы республика парламентіне сайлау, осыған байланысты қабылданған Конституциялық соттың қаулысы, әрі қарай оған берілген түсініктеме және 1995 жылғы жаңа Конституцияның қабылдануы сияқты мәселелер Қазақстанның халықаралық жағдайын емес, ішкі саясатын көрсетеді. Біздің пікірімізше, көрсетілген беттердің аралығындағы ішкі саяси мәселелерді оқулықта берілген алдыңғы тараушада қарастырған дұрыс еді. Ал оның орнына неге Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында ұсынған Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы мәліметтерді бермеске? [4]. Дипломатия тілінде мұндай ұсынысты мемлекеттің превентивті, яғни алдын алу дипломатиясы, деп аталатындығы баршаға аян. Немесе Қазақстанның Шанхай ынтымақтастығы ұйымын құрудағы рөлі және осы бір аймақтық маңызы зор ұйым туралы бір сөйлем де таба алмайсыз. Ең маңыздысы 2002 жылы АӨСШК-ның бірінші саммитінің өтуі, 1996 жылы «Шанхай бестігінің» құрылуы, ал оның Шанхай ынтымақтастық ұйымына айналған жыл — 2001 жыл. Осы фактілерге қарап отырсақ, олардың барлығы да оқулық жарыққа шыққанға дейін болған оқиғалар. Ендеше тәуелсіз Қазақстанның саяси келбетін көрсететін маңызды халықаралық оқиғалардың да осы оқулықтың мазмұнында орын алғаны дұрыс еді. Сол сияқты тәуелсіз Қазақстанның әлемдік қауымдастықта өзінің орнын көрсететін осы айтулы даталардың да оқулық соңындағы «Тарихи анықтамалардың» арасына кірмей қалған.

Осы айтылғандарды тұжырымдай келе, орта мектептерде «Қазақстан тарихын» оқытудың барысында мектеп мұғалімдерінің алдында туындаған кейбір мәселелер бойынша мынадай ұсыныс туындайды:

- ұлттық білім берудің үлгісін толық анықтап, мектеп құжаттарында көрсетуден бастаған дұрыс;
- орта мектептерге арналған «Қазақстан тарихы» оқулықтарының мазмұнын тағы бір қарастырып, оларды толықтырып, өндеп қайтадан басып шығарған жөн;
- оқулықтың мазмұнына енгізілетін материалдарды мұқият іріктеп, олардың қатарын тың материалдармен толықтырған абзал;
- мәтінге сыймай қалатын материалдарды, тараушалардың соңында берілетін «Мәтіндерді көңіл қойып оқыңдар» сияқты жеке айдарлармен берген дұрыс;
- жыл сайын оқулықтар мен оқу құралдарын жаңадан басып шығару түрлі қиындықтарды келтіретіндіктен, мектеп оқулықтарын әрбір бес жылда қайтадан қарастырып отырса немесе тың және көкейкесті материалдарды жыл сайын мұғалімдер мен оқушыларға бірдей арналған оқу-әдістемелік кешен түрінде әзірлеп ұсынылса т.с.с.

Қорыта келе, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды жастарды дайындаудың бірінші сатысы мектептен басталатын болғандықтан, олардың біліміне негіз болатын жаңа буын мектеп оқулықтарының жазылғаны дұрыс дер едік. Сол оқулықтардың арасында «Қазақстан тарихының» болғанын қалаймыз. Жан-жақты, дұрыс білім беруде «жан азығы — кітаптың» қаншалықты маңызды екені баршаға аян. Ендеше «ел болам десең, бесігіңді түзе демекші», ХХІ ғасырдың ұрпақтары білімді, бәсекеге қабілетті болу үшін, ең алдымен білім саласындағы жүргізіліп жатқан реформалардың ішіндегі отандық оқулықтардың мазмұны мен сапасы үшін жұмыс жүргізу керек.

Сонда ғана жас ұрпақтың алдында ұялмай жұмыс істеуге, оларды патриоттық рухта тәрбиелеуге, өз Отанын сүйуге, оның өткен тарихы мен мәдени құндылықтарын барынша қастерлеуге үйретуге және оларды осы бағытта шынайы тәрбиелеуде жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуге болар еді.

### Әдебиеттер тізімі

1. *Қасымбаев Ж.* Қазақстан тарихы (XVIII ғ. – 1914 ж.): Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: Мектеп, 2004. — 248-б.
2. *Назарбаев Н.* «Мәдени мұра» мемлекеттің соны стратегиялық ұстанымы // Орталық Қазақстан. — 2007. — 15 ақп.
3. *Аяған Б.Ф., Шәймерденова М.Ж.* Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / Жалпы ред. басқ. тарих ғыл. д-ры, проф. Б.Ф.Аяған. — Алматы: Атамұра, 2005. — 334–340-б.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген сөзі. АӨСШК бастамасы (Нью-Йорк, 1992 жылғы 5 қазан) / Тоқаев Қ. Беласу. Дипломатиялық очерктер. — Алматы: Дәуір, 2003. — 472–481-б.

## Преподавание истории в школах СНГ

Батурина Л.Л., Фалежинская И.Ю.

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова*

Мақалада посткеңестік кеңістіктегі тарих жөніндегі мектеп оқулықтарының мазмұнындағы дау-дамай тудыратыны жайлы айтылады: этноцентризм, практологиялық материалды бұрмалау, Ресейді қатаң агрессор рөлінде сипаттау. Ресейлік оқулықтарда Ресейдің кіші халықтарға деген ерекше ағартушылық миссиясы байқалады, ұлттық саясаттың кері салдары жеткіліксіз түрінде көрінеді. Осының барлығы өткен тарихты бұрмаланған күйінде қабылдауға ғана емес, сонымен қатар халықтардың бір-бірінен алшақтауына әсерін тигізеді.

The article notes that the content of school textbooks on the history of the post-Soviet area causes serious concerns: ethnocentrism, distortion of the practical material, representation of the Russia as a cruel aggressor. In fact, the Russian textbook follow the idea of a special civilizing mission of Russia in regard to small peoples; the adverse effects of the national policy are not identified. All that conduces not only to the deformed perception of the historical past but also to the social distance between people.

Начало 90-х годов XX в. было ознаменовано появлением новых независимых государств, возникших после распада Советского Союза. Всех их объединяло общее прошлое, которое все, в конечном итоге, старательно пытались вычеркнуть из своей истории. Это можно объяснить попытками самореализации национальной идентичности на международной арене, поисками новых союзников, отношения с которыми во время существования СССР были просто невозможны. Но, так или иначе, в конце XX в. возникла острая необходимость создания «новой» истории суверенных государств.

Условия, в которых происходил данный процесс, были омрачены кризисом в политической, экономической, культурной сферах жизни общества, что напрямую повлияло также на качество школьной исторической литературы. Ведь мы знаем, что развитие исторической науки и исторического образования зависит от условий, в которых развивается страна, от того, что является на том или ином историческом этапе ведущим и определяющим. Роль исторических знаний в этих условиях повышается, растет и востребованность этих знаний в обществе. Мифотворчество, «плюрализм» мнений, борьба с «неслыханной ложью» советских учебников, а главное извращенное отношение к России как наследнице советского прошлого — все это стало неотъемлемой частью содержания истории многих из новообразованных государств. Учебники, как структурный элемент образования, предстают в качестве сложносоставного и полифункционального культурно-политического феномена. Мы в своем анализе школьных учебников, вышедших в странах СНГ, обратимся к их содержанию в части оценки своего положения в составе Российской империи, СССР, места и роли последних в судьбах самих народов.

Мифологизация истории Украины поражает своими масштабами, начиная с того, что «украинский язык — один из древнейших языков мира... и есть все основания полагать, что уже в начале нашего летосчисления он был межплеменным языком» [1], на котором впоследствии писал свои стихи Овидий [1], а арии (ории), приручившие коня, изобретшие колесо и плуг, — на самом деле «древнейшее название украинцев», которые принесли «свои знания о земледелии и народных ремеслах в Китай, Индию, Месопотамию, Палестину, Египет, Северную Италию, на Балканы, в Западную Европу, Скандинавию» [1], кончая тем, что вождь гуннов Атилла провозглашается «обыкновенным украинским парубком» [1].

Этноцентризм здесь усугубился явной односторонностью и однозначностью взгляда на взаимоотношения с Россией, когда за последней признается только насилие, угнетение и порабощение, в то время как позитивные факторы либо отрицаются, либо замалчиваются. Эти антироссийские настроения и искажение фактов стали отличительной особенностью украинской школьной исторической литературы. К примеру, яркое описание тяжелой жизни украинского народа под властью Москвы можно встретить на страницах учебника И.М.Бирюлева, автора Всемирной истории для 8 классов: «Украинцы искренне отдавали Московии все свои силы, все свои знания, и на протяжении XVII в. они подготовили плодотворную почву для реформ Петра I и были его ближайшими помощниками, когда пришлось эти реформы проводить в жизнь. Преодолев тот мостик, которым для московского общества являлась украинская культура, Россия в XVIII в. стала способной непосредственно воспринимать все европейские новшества» [2; 77]. По мнению автора, украинское духовенство гордилось своим православием, отличным от московского, приверженного «обрядовой показной религиозности», а «украинская культура стала той отдушиной, через которую Московское общество знакомилось с духовными достижениями западноевропейской цивилизации, уже адаптированной к православной почве деятельностью украинских просветителей» [2; 77].

В учебнике Струкевича для 9 классов [3] рассматриваются вопросы территориального притеснения Украины со стороны Москвы. Автор рассказывает об уничтожении казацкой государственности, исторической памяти, повсеместной русификации без учета национальной идентичности, что, в конечном итоге, вывело «Украину из средоточия европейских наций» [3; 34].

Еще больше искажены темы Второй мировой и Великой Отечественной войн. Главы учебника «Истории» для 11 класса Ф.Турченко [4] составлены таким образом, что даже название «Великая Отечественная война» в них вообще не встречается. Есть главы «Оккупация Украины войсками Германии и ее союзников», «Оккупационный режим и развертывание антинацистского сопротивления в Украине», «Украина в 1943 г.» и «Украина на завершающем этапе войны (1941–1945)». Отсутствуют любые упоминания о роли Советского Союза, войска которого, по сути, одержали знаменательную победу, о блокаде Ленинграда и сражении на Курской дуге, о героях, защищавших Севастополь и Керчь, которые сегодня являются частью Украины. О битвах под Москвой и Сталинградом есть лишь краткое упоминание. Включение Западной Украины в состав СССР, по мнению автора, является результатом советско-германского сговора, при этом отмечается, что первоначальное отношение населения к этому событию носило положительный характер вследствие действенности советской пропаганды.

Но еще больше поражает цинизм, с которым авторы учебника «Введение в историю Украины» для 5-х классов описывают события периода Великой Отечественной войны, делая основной упор на неизмеримую роль Украины в деле борьбы за освобождение собственной территории. «Для нашей земли Вторая мировая война была самой несправедливой из всех войн. Ибо ни Советский Союз, ни Германия не заботились об освобождении Украины и построении в ней независимого государства», более того, «советское правительство не хотело, чтобы Украина имела свою армию. Поэтому, когда в 1943 г. с украинских земель были изгнаны нацистские захватчики, большевики начали воевать с Украинской повстанческой армией», которая и была создана для борьбы с фашистскими оккупантами, что стало еще одним свидетельством большевистского террора [5; 224–225].

Особый интерес вызывает отношение историков к процессу включения Крымского полуострова в состав Украины: по мнению автора учебника, это «было попыткой переложить на плечи Украины часть моральной ответственности за выселение с полуострова крымско-татарского населения и вынудить ее взять на себя восстановление хозяйственной и культурной жизни на полуострове. Московский центр при этом ничего не терял, так как в свою очередь безраздельно контролировал Украину» [4; 129].

Авторы учебного пособия «Всемирная история. Новейший период» для 11-х классов утверждают, что Россия и после распада СССР не перестала вмешиваться во внутренние дела новых независимых государств, что привело к ухудшению, в частности, российско-украинских отношений. Одной из основных причин можно назвать проблему раздела Черноморского флота и вопрос о статусе Крыма. «Вплоть до лета 1994 года Россия по существу вела против Украины «холодную войну»» [6; 185]. Вновь возрастающие имперские амбиции РФ, по мнению авторов, заставили большинство стран Центральной и Юго-Восточной Европы вступить в НАТО. «Благотворные результаты такого решения не замедлили сказаться в бывшей Югославии». Более того, «за кулисами локальных конфликтов на территории бывшего СССР почти всегда стоит Россия. Без её помощи вооруженный сепаратизм был бы немислим» [6; 189].

Таким образом, начиная с 5-х классов и вплоть до окончания обучения, у украинских школьников происходит формирование образа России как врага, который виновен во всех бедах и трагедиях украинского народа. Повсеместная мифологизация отечественной истории Украины приводит к искажению фактологического материала и способствует не только неверному восприятию исторического прошлого, но и взаимному непониманию, отчуждению народов друг от друга.

Не меньший интерес вызывают прибалтийские школьные учебники истории. К примеру, ни в одном учебнике Латвии нет даже упоминания о современной России, зато о повсеместной русификации и неблагоприятном советском прошлом материала предостаточно.

Особое место в школьной исторической литературе данной страны занимает учебник, вышедший в 2005 г. при поддержке канцелярии президента и посольства США, «История Латвии: XX век» [7], который стал одним из основных учебных пособий. Не имея возможности проанализировать текст латвийского учебника, ввиду его недоступности, мы можем судить о нем по рецензиям и отзывам, в которых отмечается, в частности, что Саласпилский концлагерь представляется там как «исправительно-трудовой», при этом ни слова нет о том, что там погибли 100 тысяч человек, из которых 12 тысяч — дети. Зато происходит повсеместное восхваление латышских отрядов СС, которые, по словам автора, отличались выносливостью, навыками ведения боя и т.д. И это не единственный случай искажения истории в латышских учебниках.

Не сильно отличаются от предшествующей школьной литературы эстонские учебники, также подверженные мифологизации и искажению фактов. Так, в учебнике Марта Лаара «История Эстонии» рассказывается о ста эстонцах, приданных «к армии киевского князя Олега», сыгравшей ведущую роль при штурме в 907 году Константинополя» [8; 24]. При этом то, откуда взялась эта цифра, автор умалчивает. Но уже само упоминание нации, не существовавшей в X веке, вполне характеризует книгу. Еще больше настораживает другой факт: «Надежда на освобождение Эстонии наступила 22 июня 1941 года» [8; 115].

Другие учебники в большинстве своем повествуют о тяжелой жизни страны под властью Москвы. Авторы гимназического учебника «История Эстонии» утверждают, что «наибольший вред народам Балтийских губерний нанесла русификация в области культуры. В 1887 г. русский язык был объявлен единственным дозволенным языком обучения в народных школах. Дети зачастую не понимали, о чем идет речь на уроках. Многие учителя были уволены за слабое владение русским языком» [9; 127]. Авторы рассказывают о «тяжелом положении» страны в составе Советского государства. Строительство новых промышленных предприятий, нарушавших окружающую среду, было абсолютно не нужно самой Эстонии, ведь все произведенные товары вывозились на Восток, а отходы производства оставались внутри страны. Более того, в период аннексии советскими войсками многие офицеры оставались здесь жить, что «должно было привести со временем к тому, чтобы эстонцы остались на своей родине в меньшинстве и русифицировались. Одной из целей кремлевского руководства было принудительное смешение народов, уничтожение их политической, хозяйственной и культурной элиты в целях создания новой исторической общности — советского народа (естественно, русскоязычного)» [9; 225]. Но еще больше поражают оценки итогов Второй мировой войны, согласно которым «Эстония оказалась в числе проигравших,.... на много лет попав под власть СССР» [9; 222].

Литовские же школьные учебники истории отличаются сдержанностью в отношении советских времен. Были попытки негативного освещения ряда событий, например: «Литовцы войну (Великую Отечественную) встретили с радостью, ибо она спасла от советского террора» [10; 166]. Однако в последующих изданиях, эту фразу изъяли из-за претензий возмущенных жителей Литвы.



Азербайджанские учебники нового поколения также имеют весьма противоречивый характер. Негативные оценки взаимоотношений с Россией пронизывают большинство учебной литературы данной страны. Т. Велиев в своей работе «История Азербайджана» [11] рассказывает о колониальной политике Российской империи, делая акцент на том, что своим указом от 16 ноября 1795 г. об охране Южного Кавказа от иранского нашествия Екатерина II предполагала осуществить политику захвата северных земель Азербайджана [11; 163]. Однако царизм не учел вольнолюбивый дух народа, который начал освободительную борьбу, проводя при этом довольно тонкую дипломатическую политику [11; 166–174]. Формирование образа врага происходит и в учебнике для 11 классов «История Азербайджана (1918–2000)» [12]. Здесь рассказывается о постоянных национально-освободительных восстаниях против России, об экономическом и сырьевом закабалении страны. Но еще больше поражают главы, посвященные Второй мировой войне. Авторы клеймят советское руководство за сговор с фашистской Германией, утверждая, что «у Советского руководства в отношении Азербайджана был свой грязный план», связанный с алчными намерениями И. Сталина еще больше расширить границы Советского Союза за счет политики «разделенных народов». План рассматривал переселение населения в Казахстан и Среднюю Азию. «Причина — недоверие властей к азербайджанцам» [12; 207]. Более того, судя по материалам учебника, Азербайджан был одной из основных целей Гитлера (в частности, из-за Баку, как основного нефтедобывающего узла).

Не менее циничны высказывания в данном учебнике и по вопросам распада СССР. Несмотря на то, что народ во главе с Г. Алиевым был против участия Азербайджана в референдуме, страна под давлением коммунистов все же приняла в нем участие. Итоги голосования, по мнению авторов, «были сфальсифицированы. Народ якобы проголосовал за сохранение СССР» [12; 279]. Более того, в преддверии распада Союза, «остерегаясь грядущего усиления мощи Азербайджана и тюркского мира в целом, руководство Советской империи разожгло очаг конфликта в Нагорно-Карабахской Автономной Области» [12; 268].

После всего перечисленного выше можно сделать определенный вывод о том, какое мнение о России сложится у подрастающего поколения, обучающегося по данным учебникам.

Кыргызские школьные учебники истории нового поколения, как и многие другие, созданные на территории постсоветского пространства, пронизаны духом «свободолюбия и мечтой о независимости». Эти стремления можно рассмотреть в «Истории Кыргызстана» М. К. Иманкулова [13]. Автор рассказывает о тяжелой жизни кыргызского народа под властью царской России, о непрекращающейся освободительной борьбе против колонизаторов, а позднее Советской власти, политика которой толкала народ на открытое сопротивление [13; 40]. Однако события Второй мировой и Великой Отечественной войн рассмотрены с объективных позиций. Так, виновником развязывания войны названа Германия, а «народ Кыргызстана, как и вся страна, воспринял нападение фашистов как величайшее бедствие» [13; 111].

Наиболее объективными, на наш взгляд, по своему содержанию являются учебники Белоруссии. Даже несмотря на отход от советских норм в школьной исторической литературе, в русофобии их не упрекнешь. Наиболее выгодными партнерами, судя по учебникам, являются все же европейцы, но связь со своим ближайшим соседом явно не нарушена и не омрачена циничными замечаниями в адрес совместной советской истории.

Следует отметить тот факт, что на съезде учителей и работников образования стран СНГ в Астане (26 апреля) именно заместитель министра образования Беларуси Казимир Фарино сообщил, что Беларусь намерена внести предложение о создании единого учебника истории стран СНГ [14].

Казимир Фарино обратил внимание собравшихся на расхождения, которые ярко прослеживаются в современных учебниках по истории стран Содружества. Это вызвано, скорее всего, различными политическими, экономическими, культурными взглядами стран-членов. По его мнению, над созданием единого учебника должен работать большой авторский коллектив, в который будут входить историки и политики из стран СНГ, что, в конечном итоге, и приведет к созданию объективного учебника, который бы удовлетворял амбиции каждой страны-участницы СНГ, однако в рамках исторической объективности [14].

Ситуация с учебными пособиями по истории в Молдове вообще парадоксальна. Даже после обретения независимости данная дисциплина в школах преподавалась по серии учебников «История румын». Так продолжалось на протяжении всех 90-х годов. Первые учебники отечественной истории начали появляться лишь с 2005 г., чуть позже вышел первый интегрированный учебник [15], в котором история Молдавии рассматривается через призму общеевропейской. Однако и здесь не обошлось

без мифов. Так, сохранив русофобию, сюда еще прибавили и антирумынские настроения. Автор утверждал, в частности, что румынский и молдавский — это разные языки, «молдавский народ произошел от волохов», а «волохи, предки молдаван, подверглись сильному влиянию со стороны славянских колонизаторов». Эти нелепые высказывания запутали школьников настолько, что теперь лишь единицы из них выбирают предмет «История Молдовы» в качестве предмета по выбору.

Но все ли хорошо в школьных учебниках самой России? Следует начать с того, что с середины 90-х годов в школьную программу по истории стали внедрять учебники зарубежных авторов, так называемый «взгляд поверх барьеров». Среди них можно выделить книги Н.Верта «История Советского государства 1900–1991» [16], Дж. Боффа «История Советского Союза» [17], Дж. Хоскинга «История Советского Союза. 1917–1991», увидевшей свет еще в начале 80-х годов [18]. Однако то, что написано на страницах данных книг, просто поражает. Начать следует с введения к учебнику Дж.Хоскинга, написанного заместителем министра образования А.Г.Асмоловым. В нем говорится о том, что «история Государства Советского ещё не написана... Вот тут-то и может помочь жёсткий взгляд поверх барьеров известного английского историка» [18; 6]. А взгляд этот таков: «Если смотреть с Запада, народы Советского Союза кажутся серой, безликой и инертной массой» [18; 7]. Вот какому отношению к своей Родине учили на уроках истории в течение нескольких лет.

Первые более объективные школьные учебники российских авторов начинают появляться с середины 90-х годов. К их числу можно отнести двухтомный учебник Л.Н.Жаровой и И.А.Мишиной «История Отечества. 10 класс» [19], а также учебник А.А.Данилова и Л.Г.Косулиной «История России. XX век. IX класс» [20].

Что касается последнего, то раздел 1 «Эпилог великого процесса: Россия в 1900–1916 гг.» начинается со следующей фразы: «Реформы 60–70-х гг. XIX в. привели к бурному развитию производительных сил и окончательному утверждению капиталистического способа производства». Но дальше приводятся не вполне привычные для России термины: «преодоление разрыва», «модернизация», «индустриальное общество». А события 1917 г. охарактеризованы как «революционная бездна» [20; 15].

Гораздо больший интерес вызывают учебники А.А.Данилова и А.В.Филиппова «История России 1900–1945» [21] и «Новейшая история России. 1945–2006» [22]. В них содержатся авторские субъективные точки зрения и суждения на ряд довольно сложных вопросов. Концепция первого учебника, по словам авторов, направлена на то, чтобы сконцентрировать «основное внимание учащихся... на объяснении мотивов и логики действий власти» [21; 7]. Это выражается в оправдании массовых репрессий советских граждан в период руководства Иосифа Сталина. В своем методическом руководстве к учебнику авторы советуют педагогам, как «важно показать, что Сталин действовал в конкретно-исторической ситуации, действовал (как управленец) вполне рационально — как охранитель системы, как последовательный сторонник преобразования страны в индустриальное общество, управляемое из единого центра, как лидер страны, которой в самом ближайшем будущем угрожает большая война» [23; 131].

Не меньше шума наделал и второй из указанных учебников. Там авторы утверждают, что «Советский Союз не был демократией, но он был ориентиром и примером лучшего, справедливого общества для многих миллионов людей во всем мире... На протяжении 70 лет внутренняя политика западных стран корректировалась в пользу прав человека под немалым воздействием СССР, гигантской сверхдержавы, осуществившей социальную революцию и победившей в самой жестокой из войн» [22; 6].

Однако в целом, несмотря на нападки либералов, которые говорят о чрезмерном государственном уклоне данного учебника, он содержит в себе ряд объективных оценок по вопросам современной политики российского руководства. В частности, это можно наблюдать в главе 6 «Суверенная демократия» [22; 420–482], где даны оценки деятельности В.В.Путина.

В российских школьных учебниках появилось много новых сюжетов, связанных с присоединением народов, не желавших добровольно входить в состав Российской империи. Признается теперь и неравноправное положение народов внутри империи, которое было законодательно оформлено и порождало постоянные конфликты, но еще недостаточно выявляются негативные последствия национальной политики.

В целом можно сказать, что содержание школьных учебников нового поколения по истории на постсоветском пространстве вызывает серьезные опасения. Во-первых, это связано, со все возрастающей мифологизацией, искажением фактологического материала, снижением роли России в истории каждой отдельно взятой страны, выставлением ее в роли жесткого агрессора. В российских учеб-

никах до сих пор прослеживается идея своеобразной цивилизаторской миссии России в отношении малых народов. Отсюда обратное отношение — России приписываются все собственные неудачи, беды, укореняются чувства исторической ущемленности, возникает упоение заслугами своего народа перед человечеством. Во-вторых, ярко выраженные этноцентристские настроения способствуют ухудшению межнациональных отношений, что может привести к серьезным последствиям. Ведь от того воспитания, которое получит подрастающее поколение, во многом зависит стабильность не только одного государства, но и всего мира в целом. Создавая учебники, нужно помнить о том, что они должны не разъединять, а объединять людей.

### Список литературы

1. *Гнаткевич Э.* Украинский язык для начинающих. — Киев, 1992.; *Гнаткевич Э.* От Геродота до Фотия // Вечерний Киев. — 1993. — 26 янв.; *Плацинда С.* Словарь древнеукраинской мифологии. — Киев, 1993. <http://semitology.lugovsa.net/elephants/ukrainian.htm>; Украинский парубок Атиллы. <http://rusk.ru/newsdata.php?idar=175444>
2. *Бирюлев И.М.* Всемирная история. Часть первая. Новое время (XVI – конец XVIII в.). Учебник для 8 кл. средн. общеобразов. шк. — Запорожье: Просвіта, 2002. — 320 с.
3. *Струкевич О.К.* Історія України. Підручник для 9-го кл. загальноосвіт. навч. закл. — Київ: Грамота, 2009. — 288 с.
4. *Турченко Ф.Г., Панченко П.П., Тимченко С.М.* Новейшая история Украины. Часть вторая (1939–2001): Учебник для 11-го кл. сред. общеобразоват. завед. — Киев: Генеза, 2001. — 380 с.
5. *Власов В.С., Данилевская О.М.* Введение в историю Украины. Учебник для 5-х кл. общеобразоват. шк. — Киев: Генеза, 2002. — С. 250 / *Власов В.С., Данилевська О.М.* Вступ до історії України: Підруч. для 5 кл. загальноосв. навч. закладів. — Київ: Генеза, 2002. — 250 с.
6. *Давлетов А.Р., Космина В.Г., Мороко В.Н.* Всемирная история. Новейший период. 1939 — конец 90-х годов. Учеб. пособие для 11 кл. средн. общеобразоват. шк. — Запорожье: Просвіта, 2001. — 215 с.
7. История Латвии: XX век. — Рига: Jumava, 2005. — 474 с.
8. *Mart Laar, Lauri Vahtra.* Lahi Ajalugu in gunnaasiumile. Tln, Avita / Март Лаар. Новейшая история в средней школе. — Таллинн: Авита, 1997. — 192 с.
9. *Андрес Адамсон, Сулев Валдмаа.* История Эстонии. Учебник для гимназии. — Таллинн: Колибри, 2000. — 239 с.
10. *Kasperavičius A., Jokimaitis R.* Naujausiąją laikų istorija. — Vilnius: Kronta, 1998. — P. 329 / *Касперавичус А., Йокимайтис Р.* Новейшая история. — Вильнюс: Кронта, 1998. — 329 с.
11. *Велиев Т.* История Азербайджана (вторая половина XVII – первая треть XIX вв.). Учебник для 9 кл. общеобразоват. шк. — Тахсил, 2001. — 239 с.
12. *Гандилов С., Мамедов И.* История Азербайджана (1918–2000). — Чашыюглу, 2002. — 285 с.
13. *Иманкулов М.К.* История Кыргызстана XX–XXI вв. Учебник для 9 кл. ср. шк. — Китеп, 2006. — 278 с.
14. *Прудникова.* Нужна ли СНГ единая история? // Общество. — 2010. — Апр. [http://naviny.by/gubrics/society/2010/04/27/ic\\_articles\\_116\\_167602/](http://naviny.by/gubrics/society/2010/04/27/ic_articles_116_167602/)
15. *Попович К., Попович А.* История. Средние века, Молдова в контексте всеобщей истории. Учебник для 6 кл. — Кишинев: Lumina, 2006.
16. *Верт Н.* История Советского государства. 1900–1991. — М.: ИНФРА-М, 2001. — 544 с.
17. *Дж. Боффа.* История Советского Союза: В 2 т. — М.: Междунар. отношения, 1990. — 561 с.
18. *Хоскинг Дж.* История Советского Союза. 1917–1991: Пер. с англ. П.Куценкова. — Смоленск: Русич, 2001. — 496 с.
19. *Жарова Л.Н., Мишина И.А.* История отечества (1900–1940). — СПб.: СМЮ Пресс, 1998. — 416 с.
20. *Данилов А., Косулина Л.* История России. XX век. Учебник для 9-го кл. общеобразоват. учреждений. 4-е изд. — М.: Просвещение, 1995. — 366 с.
21. *Филиппов А.В., Данилов А.А.* История России. 1900–1945 гг. Учебник для 11 кл. — М.: Просвещение, 2009. — 448 с.
22. *Филиппов А.В.* Новейшая история России. 1945–2006 гг. — М.: Просвещение, 2007. — 496 с.
23. *Филиппов А.В., Данилов А.А.* История России. 1900–1945 гг. Метод. пособие. — М.: Просвещение, 2009. — 208 с.

---

